



**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛИНГВО-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВО-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
СӨЗДІГІ**

Астана, 2023

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2Каз

А 31

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған ұжымдық монография ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді.

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Манкеева Ж.А., филология ғылымдарының докторы, профессор

Екижи М., ғылым докторы, профессор

Кенжалин Қ.К., Қапантайқызы Ш., Бегимова Г.А., Өмірбекова Ж.Қ., Ермекбаева М.А., Балтабай Д.Ә., Бәшкен А.Б. Қазақ тілінің лингво-этнографиялық сөздігі. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 291 бет.

ISBN 978-601-337-942-5

Қазақ тілінің лингвистикалық және мәдени қырларын терең зерттеуге мүмкіндік беретін құнды әрі жан-жақты дереккөз болып табылады. Лингво-этнографиялық сөздік тіл мен оның өркендеп жатқан қоғамдық контексттерінің күрделі өзара байланысын ашатын мәдени мұрағат қызметін атқарады. Сөздік қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің қыр-сырын түсіріп, сөздердің тарихи және қазіргі қолданысы туралы түсінік береді. Сөздік гуманитарлық бағыттағы, соның ішінде тіл, әдебиет, тарих, этнография және мәдениеттану саласындағы зерттеушілерге бағытталған.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

АЛҒЫСӨЗ

Ұлттық тілдердің дамуы мен оны зерттейтін тіл білімі сол ұлттың тарихына сәйкес әр кезеңде өзінің алдына әртүрлі мақсат- міндеттер қоятыны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ұлтымыздың тарихы, әдет-ғұрпы, салт-санасымен байланысты тілдік бірліктерді зерттеп, зерделеудің маңызы зор.

Кез келген ұлттың тұрмыс-тіршілігіндегі тың өзгерістер оның тілінде, сөздік қорында жаңа атаулар мен ұғымдар түрінде көрініс табады. Этнографиялық тілдік бірліктер қазақ халқының өзін қоршаған әлем туралы аялық білімін көрсете отырып, ортақ құндылықтарының жиынтығын көрсетеді. Бұл атауларға тілдік сипаты тұрғысынан талдау жасау ұлттың тілдік санасын оның этнографиясы, тарихы, психологиясы мен менталитетімен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Этнографиялық тілдік бірліктер ұлтымыздың шаруашылығымен, тарихымен, тұтас өмірімен тығыз байланысты. Олар ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен, халық мәдениетіне терең сіңісіп кеткен қазақ этносының құнды деректері ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде жаһандық өркениет тарихындағы қазақ халқының орны мен лайықты бағасын сараптауға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған лингво-этнографиялық сөздікте қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі қазақ халқының тұрмыстық қарекетінің нәтижелерін көрсететін бірқатар материалдық, интеллектуалдық және рухани мәдениет өнімдері атаулары қамтылды. Еңбек авторлары үй жиһаздары, зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар, ыдыс-аяқ, тамақ, киім, қару-жарақ, ат әбзелдері атаулары жайлы мәліметтерді жинақтап ұсына отырып, ұлтымыздың тарихы, өнері, әлеуметтік дамуы мен этногенездік тегі жайлы жан-жақты мәлімет беруді көздеді.

Этнографиялық тілдік бірліктердің негізін құрайтын ұлттың тілі, ұлттың рухани құндылығы, ұлттың мәдени коды, ұлттың мәдени танымы, санасы, ұлттың салт-дәстүрі мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда қалай көрініс тапқандығын көрсетеді, ондағы ақпараттың берілуін, сақталуын нақтылайды. Тілдің қасиетін

танытып, болашаққа өнеге ету ақын-жазушаларымыздың шығармалары мен мақал-мәтел, жұмбақтар арқылы жүзеге асады. Сондықтан еңбекте қамтылған атаулардың бүгінгі тілдегі қолданысының айқын мысалы ретінде мақал-мәтелдер мен жұмбақтар және ақындардың өлеңдерінен үзінділер берілді. Ұсынылған атаулардың лингвистикалық сипаты мен этнографиялық мәнін барынша аша түсу мақсатында көркем шығармалардан алынған тілдік мысалдар молынан ұсынылды. Осы ретте қолданыстағы түсіндірме, этнографиялық сөздіктер материалдары да қолданылды. Әрбір атаудың тілдік ерекшеліктерінің сипатталуында олардың этимологиясы, тура және ауыспалы мағыналары жайлы мәліметтер қамтылды.

Этнографизмдердің әлемдік мәдениеттегі орнын саралауға мүмкіндік береді деген оймен мүмкіндігінше басқа тілдердегі аудармалары да ұсынылды. Сөздіктің тағы бір ерекшелігі – әрбір атауға байланысты берілген мәліметтерді саралап, ой түйіндеуге жетелейтін тапсырмалардың ұсынылуы болды.

Сөздікте қамтылған мәліметтер күрделі этнотарихи үдерістердің бейнесін толық ашып бере алмайды, дегенмен халқымыздың тарихы мен мәдениетіне, тілдік санасының қалыптасу үдерісіне қатысты маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Осы еңбекті лингвоэтнография ғылымы саласында шұғылданып жүрген жас мамандарға және ұлт мәдениеті тарихын зерделеуші жас ұрпаққа пайдалы болар деген үмітпен ұсынамыз.

АДАЛБАҚАН



Адалбақан – Киім ілетін көп ашалы, бұтақшалы қада ағаш, киіз үй жиһазының бірі. Металдан, ағаштан және металл мен ағашты біріктіріп те жасалады. Соған байланысты көлемі, пішіні әр түрлі болып келеді. Кейде темірден жасалып, алтын, күміспен әшекейленеді. Ортадағы темір ұстынға дәнекерленген төрт қатарда мүйіз тәрізді иілген ілгіштердің ұшы доғаланып келеді және ағаштың бұтағы тәрізді қос-қостан ілмек орналасады. Баскиім ілуге арналған басы бәйшешектің қауызы тәрізді етіп жасалады. Ал төменгі бөлігіне екі аяқ бекітіледі.

МЫСАЛДАР



Бас жағындағы адалбақанға сәулесі
жарықкәрәсін шамы ілінген (С.Мұқанов).

«Шаңырағым, уығым,
адалбақан,сырығым»
(Күдеріқожа Көшекұлы).

Үй-үйдің арасына адалбақан керіліп, үйге
төселіп, тұтылып ұсталған жиһаздардан
ауысқан дүние-мүліктің бәрі соған жайылатын
(Ә. Кекілбаев).

Құлашаның шоты адалбақанда әлі ілулі тұр (О.
Бөкеев).

Сонау адалбақанның, төрдегі кебеже,
жүкаяқтың беттеріне ойып салған
өрнектер, қондырған сүйектер сонша
нәзік, сонша әдемі (Ғ. Мұстафин).

Әсет шапанын жер төсектің бас жағындағы
адалбақанға ілді. (Құрманбай Толыбаев "Әсет").

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Адал» сөзі парсының халал деген сөзінен шыққан, ал, бақан сөзі киіз үйдің шаңырағы мен түндігін көтеруге пайдаланатын, бір басы ашалы ағаш.



БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
ilgich	илгич	asılqan	askı	asyjy
Татар	араб	венгр	ағылшын	орыс
элгеч	الغاريق	akasztó	hanger	вешалка



ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Халық ұғымында адалбақан қасиетті, таза мүлік деп есептеледі. Ол ұзатылған қыздың жасауына енеді, бөгдеге тарту етілмейді. Бағалы, құнды зат орнына жүретін адалбақанды шеберлерге арнайы ақы беріп, тапсырыспен жасатқан. Әшекейленбеген, ас-суға қолданатын бұтақты ашабақанды кейде ел арасында адалбақан деп атау кездеседі.



Шелек, қайрақ, ұстара адалбақан,
От басы, ошақ қасы, күлің қалды
Тағы да мен айтпаған мосы қалды,
Ыңыршақ пен ашамай қосы қалды
Шернияз.

ОЙЛАН, ТАП!

Сөйлемдердің басы мен соңын өзара сәйкестендір.

Адалбақан уықтың қарына дұрыс бекітілмегендіктен,	әкемнің жаңа киімдері ілулі тұр (А. Лекеров).
Төсектің бас жағындағы қайың ашада	жылтыраған мүліктерге қайысып тұр (Ғ. Орманов).
Адалбақан, босаға дегендер неше түрлі киім,	Жұманға қарай құлап, бір ашасы шекесін тырнап кетті (Ғ. Мүсірепов).

АЛҚА



Алқа – бірнеше бөлік асыл тастардан, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған бірнеше алақаннан тұратын, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі.

Алқаны жасөспірім және бойжеткен қыздар, жас келіншектер таққан. Алғашында алқа дөңгелек пошымда, әрі әшекей ретінде тағылғанымен, бертін келе оның түр-сипаты өзгеріп, тұмаршатүріне, дәлірек айтсақ, үзбелі салпыншақты пішінге ауысқан. алқа моншақтан тізген асыл тастардан, алтын мен күмістен соғылып, бетіне асыл тас қондырып, ою-өрнектеп, салпыншақты етіп жасалады. Алқа бірнеше бөліктен тұрады: алақан – бір-бірімен топса арқылы байланысатын жалпақ күміс немесе күмістелген қаңылтыр (оны кей жерде тақта деп те атайды); алақанбау – мойынға байлайтын жібек жіп немесе күміс шынжыр; аяқ – алқаның шынжырлары, салпыншағы; қас – алқа көзіндегі тас; қоза – шар сияқты ұсақ домалақ әшекей; тойнақ бекітілген топса тәрізді тетігі.

Түркітанушы В.В. Радлов алқаның түркі тілдеріне араб тілінен енгендігін, оның дөңгелек, шығыр, шығыршық, сырға, алқа, сақина, білезік сияқты мағынада қолданылғандығын айтады. Оның сөздігінен түркі тілдеріндегі мынадай атауларды оқимыз: мойын алқасы, бармақ алқасы (сақина), білек алқасы (білезік), қапы алқасы

(есіктегі құлып). Қазақ тілінде де ертеректе алқа деп сырғаны да атаған. Бірақ, ол бүгінде ұмыт болып отыр[1].

Алқа өңір әшекейі ретінде әдеби тілде алтын алқа, күміс алқа және т.б. түрінде аталса, жергілікті тілде әйкел, көкірекше, қаза, омырауша, өңіржиек сияқты атаулары кездеседі. Мұндағы атаулар алқаның көлемі мен дененің қай тұсын жауып тұратындығына немесе киімнің қай бөлігіне тағылатындығына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Омырауша – алқаның, өңіржиектің жергілікті аты. Өңжорға – алтын мен күмістен жасалған алқаның көне атауы. Бұрын алқаға қоса шолпыны да онжорға деп атаған. Өңіржиек – алқаның жергілікті жердегі атауы.

Алқа түрлері өте көп: **алқатас** – жіпке тізген моншақты асыл тас. **Алтын алқа** – алтын жалатылған өңір-жиек; **алтын жамбалы алқа** – кесек алтыны бар я сом алтыннан соққан, **шоқ орнатқан алқа**; бойтұмар алқа – әшекейленген тұмардың өзі; **дан алқа** – ертеде қызметі, лауызы жоғары адамдардың мойнына тағатын белгісі. Сондай-ақ, салпыншағы мол, бірнеше шашақты сәнді зер шашақты алқа; көлемі шағын көкірекше алқа; шар тәрізді сылдырмақтармен әшекейленген қозалы алқа; екі қатар етіп алтын- күмістен соққан қос алқа; төрт бұрышты екі алақаннан (пластинкадан) тұратын қос тақта алқалар кездеседі.

Қ. М. М. қорында (КП 12509/1,2) сақтаулы күміс алқаның шынжырының ұз. 22 см, салпыншақтарының ұз. 17 см. Мойынға ілетін шынжырдан төмен қарай аяқ деп аталатын тағы да қысқа шынжырлар бекітілген. Олардың ұштарына сөлкебай деп атаған Патшалық Ресейдің күміс ақшалары мен бес дана ақық тағылған (1860-1896 жж. сегіз дана сөлкебайдың бесеуі 20 тиындық және 25, 30, 50 тиындық бір-бір сөлкебай бар). Бес дана ақықты металмен қырсаулап, қоза етіп жасаған және үшкіл пішінге келтірілгенсіркелеу техникасымен әшекейленген. Жиектерін айналдыра сым жүргізіліп, олардың да іші сіркеленген. Қырсауланған қоза тәрізді ақықтар сөлкебай салпыншақтардың арасына тағылған. Оның біреуі

мойынға тағатын шынжырдың ұшы тойнақпен жалғастырылып, шынжырды тұйықтап бекітуге арналған топса салынған. Бұларға қосымша ұзынша собық тәрізді қоза және екі дөңгелек гүл пішінінде перузадан көз салынған шытыра орнатылған.

МЫСАЛДАР

Байтағым , байғазым деп көргеніме ,
Өлеңім тағып кеткен алтын **алқам**. (Күләш Ахметова
«Сарыарқа»)

Арқаның **алқасындай** зүмірет көл
Жырлаған құдіретпен Сәкен ақын. (Күләш Ахметова
«Көгілдір кештерінде Көкшетаудың»).

Кең далаға тағылған **алқа** сынды
Сылдыр қағып оятты тау-тасымды. (Күләш
Ахметова «Сарыөзек сағыныш»).

Бәрі әуен ! Әуен үшін тағылады
Қыздардың **алқалары** , шашбаулары (Күләш
Ахметова «Алтын Ай»).

Ақ Есіл ақ отауым , **алқа** көлім ,
Қайың бақ , ойдым орман , қамқа жерім. (Мұқағали
Мақатаев «Ақынның ауылы»).

Ақ қайыңдар қардан **алқа** тағынып ,
Шаттануда шалқайып ,
Ата Сібір ақ күпісін жамылып ,
Жата кетті жантайып (Мұқағали Мақатаев «Жыр
жалғасы»).

Сені көрдім , жұртымның **алқасынан** ,
Алтайынан елімнің Арқасынан
Дәрігердің , шопанның қалтасынан ,
Қонышынан шофердің дән тасыған. (Мұқағали
Мақатаев «Сен жастықтың сақшысы»)

Ұқсаған жазды күнгі жауқазынға ,
Тізілді ел Ерейменнің **алқасына** ;
Алысып Арғын , Найман күш сынасып ,
Атты айдап , азаматпен шайқасуға. (Ілияс Жансүгіров
«Құлагер»).

Дариядай шалқып жатыр бізде мұнай ,
Мол байлық мұнай **алқа** жанарындай ,
Қарсақпай , Қарағанды , айдын Балқаш
Қайнардай кен береді тыным алмай (Иса Байзақов
«Үшінші желдірме»).

Бірінші желдірме

Ал , **алқа** келді кезің жайнайтұғын ,
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтұғын ,
Өнердің қиясына шыққан сайын ,
Болаттай тастан табан таймайтұғын ,
Жөнелдім желдірмемен желдей есіп ,
Қырандай аспандағы талмайтұғын! (Иса Байзақов
«Бірінші желдірме»).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘН

Сол сияқты алқа сөзі қазіргі кезде коллегия сөзінің баламасы ретінде термин болып қалыптасқан. Алқа сөзі әдеби тілде «жиын, топ» мағынасын береді. Бұл сөздің төркіні арабтың القة халқа

«шеңбер, дөңгелек» сөзімен байланысты. Халқа сөзінің араб тілінде де, парсы тілінде де бірнеше мағынасы бар, қазақ тіліне соның екі мағынасы «сырға, сақина» және «шеңбер, дөңгелек», «үйірме» деген мағыналары енген. Термин ретіндегі алқа сөзінің тегіне келетін болсақ, бұл сөз атақты теологиялық білім беретін Каирдегі әл-Азхар университетінде әрбір шейхтың мешіттің бір бұрышында өз шәкірттерін жинап, сабақ өтетін болған. Шәкірттер өз ұстазын қоршап, жағалай, алқа-қотан отыратын болған, яғни әрбір шейхтың өзінің үйірмесі, оқушылар тобы, мектебі қалыптасқан. Бұған қазақ тіліндегі алқа-қотан отыру, әділ қазылар алқасы тіркестері дәлелбола алады. Алқа сөзі Батыс және Оңтүстік облыстарда жиын, топ деген мағынада қолданылады. Алқа сөзі Яссауи хикметтерінде де кездеседі. Алқа сөзінің этимологиясы туралы Р.Сыздық пікірі де осыған саяды: «Арабтың халқа сөзі, мағынасы «дөңгелек, шеңбер», одан барып адамдар тобы деген ауыспалы мәнде қолданылған. Сірә, бұл сөз түркі тілдеріне өте ертеде енген болуы керек» [2, 43б.].

Махамбет ақын:

Алқалаған жер болса,
Азамат басы құралса...
Алқалай келген кеңесте
Дем құрыған күн болған
Алқалы кеңес құрған күн... – дейді.

«Алқалау»сөзі ертеректегі ақын-жыраулар тілінде де бар.

Шалкиізде:

Алқалаған ауыр қолдар тоқтарға
Арыстанбек ұлы Сұлтан бар.

Алқалау сөзінің түбірі – алқа. Алқаның қазіргі мағынасы: 1) жиын, топ; 2) коллегия. Бұл арабтың халқа деген сөзі, мағынасы – «дөңгелек», одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мәнде қолданылған. Сірә, бұл сөз түркі тілдеріне өте ертеде енген болу керек. Этнографтардың айтуына қарағанда, Орта Азияны және Қазақстанды мекендеген халықтардың ислам дәуіріне дейінгі әдет-ғұрпында жылына бір рет өлгендердің бейітіне баратын дәстүр болған. Бейіт басына жиналған әйелдер алқа құрып қол ұстасып, ауық-ауық алақан соғып, дұға оқып, ортаны айналып жүретін болған. Соны алқа деп атаған. Түркі тілдеріне парсы тілінен алқа сөзі осы кездерде кірген болу керек. Қазақ тіліндегі алқа-қотан, алқа құру және алқалау сөздері осы мәндегі алқа сөзімен сабақтас.

Ал қазақ қоғамында кеңесу, ақылдасу үшін алқа қотан отыру, яғни дөңгелек құрып айнала отыру дәстүрі болған. Бұдан барып алқалау сөзі кеңесу, топ болып отырып ақылдасу үшін жиналу, бас қосу деген ауыспалы мағынаға да ие болғаны байқалады. Ал соңғы Шалкиіз өлеңіндегі алқалау сөзі «қоршау» деген мағынада қолданылған. Алқала сөзі бұл күнде осы соңғы айнала қоршау, қамалау деген мәнде жұмсалады да, оның «жиналу», «бас қосу» мағынасы ескі нұсқаларда сақталған.

МОЙЫНҒА АЛҚА ТАҒУ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Сүлеймен Былқыс патшаның атағын естіп, оны көрмеккеынтық болды. Оған хат жазып, қонаққа шақырады. Хатты бәбісекке беріп: – Мұны Былқыс патшаға жеткіз! – деп бұйырды. Бәбісек хатты тұмсығымен тістеп, Саба еліне қарай ұшып кетті. Ханшаның ордасына кірсе, ол ұйықтап жатыр екен. Бәбісек түндіктен кіріп, хатты оның бас жағына қойды. Қыз оянбады. Бәбісек оны

көкірегінен шоқып оятты. Былқыс оянса, қасында хат жатыр екен. Хатты ашып оқып, Сүлеймен патшаның шақыруын қабыл алады.

Бәбісектің тұмсығының ізі Былқыстың көкірегінде тыртық болып қалып қояды. Бәбісек оны көріп қорқып кетеді:

– Иа, Алла, мен Былқысты оятпақшы болып, оның көкірегін жаралап алдым. Бұл жайды Сүлеймен патша білсе мені өлтіреді. Мені құтқара гөр, – деп Тәңірге жалбарынады. Сол кезде Жебірейіл періште пейіштен дүр тауһармен өрнектелген алқа әкеліп тақты. Былқыс көркіне көз тоймайтын көркем аруға айналды. Сарайдағы қыз-келіншектер оның алқасын көріп есінен танды. Олар да ханшайымына еліктеп, асыл тастардан алқа жасатып мойындарына тағуды әдетке айналдырды. Содан бастап әйелдердің алқа тағуы сәнге айналыпты.

ЖҰМБАҚ

Тұтас оқысаң –

Батырларға қару.

Екі шеткі әрпін қысқартсаң –

Мойнына тағар ару.

Қалқан – Алқа

Е. Елубаев

Темір ұстасына әр қайсысы үш алқадан тұратын бес шынжыр беріледі. Бұларды бір тұтас қылып біріктіруін айтады. Темірші төрт алқаны ашу арқылы бес бөлікті біріктіруді ұйғарады. Қалай ойлайсыздар одан да аз алқаны ашу арқылы бір тұтас қылып біріктіруге бола ма?

Жауабы: Бір шынжырдағы үш алқаны шешу арқылы қалған төрешіндырды біріктіруге болады.

РЕБУСТЫ ШЕШ!

„ „




„ „ „ „ „ „ „ „



„ „



АСАТАЯҚ



Асатаяқ – қазақ халқының ежелгі соқпалы музыкалық аспабы. Пішін ою-өрнектермен және металл сақиналармен, ілмешектермен безендірілген жалпақ басы бар таяқшаға немесе таяқшаға ұқсайды. Асатаяқтың ашық, қатты үні бар еді. Аспаптың дыбысын күшейту үшін асатаяқтың басына қадалатын қоңырау – қоңыраулар қолданылған. Қоңырау аспапты тербеткенде дыбысты металл сыңғырмен толықтырған.

МЫСАЛДАР

Асатаяғымен ойнақ салған зікіршіде безек қағып жүр (С. Жүнісов «Ақан сері»).

Есікке келген қолында шылдырмақты биік асатаяғы бар диуана екен (М. Әуезов, Таңдамалы).


Мынау ақ шапанды, асатаяқты қария Жамбыл да, жаңағы жалынды жырдың иесі Қасым екен (С. Досанов «Екінші өмір»).

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Аса» деген сөз өзбектерде – «асойй», ұйғырларда – «һасса» делінеді, ол таяқ дегенді білдіреді. Тегінде, «асатаяқ» мағынасы бірдей екі сөзден қосылған болу керек. Этнографтар асатаяқты суреттеп жазған кездерінде оны «носох», «жезл», «трость», «костыль», «колба», «оса», «муса-оса» деп түрліше атаған.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Асатаяқ – қазақ халқының көнеден келе жатқан музыкалық аспабы. Тоқылдақ, сылдырмақ, сақпан сияқты сілкімелі аспаптардың қатарында. Аспапта ойнау тәсілі айтарлықтай, қиын емес. Асатаяқты ырғап, сілкіп, шайқап ойнайды. Асатаяқты бақсылардың қолданғанын өз көздерімен көрген адамдар Қазақстанның түрлі облыстарынан жиі кездеседі. Халқымыздың тұрмысын,



әдет-ғұрпын жақсы білген суретші Ә.Қастеев асатаяқтың бір өзгеше нұсқасы жайында айтып берген. Асатаяқтың екі түрін шебер А.Аухадиев суретшінің суретіне қарап отырып жасап шыққан. Біріншісі түпнұсқадан айнымайды. Оған кішкене бубендер ілінген. Аспаптың даусы жұмсақ, айқын. Екінші асатаяқтың басы қуыс, ішінде ұсақ бұршақ бар. Оның түрі өзгеше бөлек. Асатаяқты сілкілеген кезде осы бұршақтар өзгеше үн шығарады. Екі асатаяқтың үндері бір-біріне тіпті де ұқсамайтыны сондай, оларды бөлек екі аспап ретінде ансамбльге қосса да болады.

Асатаяқ туралы деректер Г.М.Броневский, П.Бекетов, Р.А.Пфеннинг, т.б. зерттеуші-этнографтардың еңбектерінде кездеседі.

Асатаяқ туралы Ш.Уәлиханов пен белгілі зерттеуші Б.Сарыбаевтың еңбектерінде жазылған. Халық музыкасының белгілі зерттеушісі Р.А.Пфеннинг бақсының ауруларды «емдеп» сарнағанда көне асатаяқты өз даусына қосып салдырлатқаны жайында жазады. Зерттеуші-ғалым әуелі бақсының қылқобызда қалай ойнағанын баяндайды, онан соң асатаяқтың салттық музыкамен тығыз байланыста ұрып ойналатын аспап ретінде қолданылғанын жазады.

Асатаяқтың көне түрлері Ықылас атындағы Қазақ музыкалық аспаптар мұражайында сақтаулы.

ЖҰМБАҚТАР

Ансамбльге сылдырлап,
Қоңыраулатып үн қосты,
Тыңдаған жан елітіп,
Мейірлене үн қосты.

Жауабы: Асатаяқ

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Ертеде бұл асатаяқты бақсылар мен абыздар қобыз, даңғара, дауылпаз сияқты музыкалық аспаптармен қатар науқастан айықтыру мақсатында қолданған. Асатаяқ басына мал басын орнатып, оған темір сақиналар мен салпыншақтар ілген. Бақсылар адамдарды емдеген кезде асатаяқты сілкіп отырып, оларды өздеріне қаратқан. Бақсылар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Асатаяқ киелі мағынаға ие болғандықтан, оны қарапайым халық күнделікті өмірде қолданбаған. Әдетте,

бақсылар оны белбеуге байлап алып жүрген. Таяқша жүргенде сыңғырлайды және наным бойынша зұлым рухтарды қуып жібереді. Уақыт өте келе асатаяқ ән-күй әуеніне қосылып, би ырғағын сүйемелдеу үшін кеңінен қолдана бастады. Асатаяқ жасалу тәсіліне қарай «күмбезді», «жалпақ басты», «ай басты», «жылан басты», «сопақша», «қалақша», т.б.



болып келеді. Оларды ырғақтатып, сілкіп, шайқап ойнайды. Асатаяқ емен, үйеңкі, қайың, долана секілді қатты ағаштардан жасалады. Бетіне әр түрлі салдыр-гүлдір, шулы дыбыс беретін темір салпыншақтар, сақиналар, шығыршықтар тағылады.

Асатаяқ қазіргі кезде музыкалық фольклорлық-этнографиялық оркестрлер мен ансамбльдерде қолданады.

ОЙЛАН, ТАП!

Сөйлемдердің басы мен соңын өзара сәйкестендір.

Асатаяқ сілку арқылы үн		«күмбезді», «жалпақ басты», «ай басты», «жыланбасты», «сопақша», « қалақша» т. болып келеді
Асатаяқ жасалу әдіс-тәсіліне қарай		секілді қатты ағаштардан жасалады
Асатаяқ емен , үйеңкі , қайың , долана		шығаратын көне музыкалық аспап

БЕЛДІК



Былғарыдан әдеміленіп жасалып, белді, мықынды орай буылатын зат (бұйым).

МЫСАЛДАР

Айқайласа белдік байлаған, Астана жұртын айналған, Астына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп, Адырнасын ала өгіздей мөңреткен; Атқан оғы Еділ Жайық тең өткен: Атқаның қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан, Арыстан ау еді Исатай (М.Өтемісұлы, «Тарланым».).

Сен едің жанашырым, елдігім де, Бір кітап зая ау болды белдігімде. (Қ. Әбдіраманов, «Құрдасым қайтыс болғанда».).

Белдігіңді несіне шешіп алдың? (М.Мақатаев, «Сонда да біз...»).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Алтын белдік – бел сәні

Асы жігіт ел сәні..

* * *

Жібек белбеу – белдің көркі,

Батыр жігіт елдің көркі.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

Өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
Kamar	kur	kəməṛ	kemer	kemer
Татар	араб	парсы	украин	неміс
Каеш	حزام	کمربند	ремінъ	der Gürtel
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
Courroie	cinghia	correa	belt	пояс

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Белдік حزام) – қайыстан, былғарыдан жасалған белбеу бұйым.

Ауыспалы мағыналары:

1. Жыр қазынасы, өнер қазынасы
Айқайласа белдік байлаған,
Астана жұртын айналған,
Астына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан,

Арыстан ау еді Исатай (М.Өтемісұлы, «Тарланым».).

2. Дүние, мүлік, жиган-терген

Мынадай қылдырық аяқ қыл белдікті қымбат диванның мынандай батпан денені сынып кетпей қалай көтеріп отырғаны да қайран қалмауың мүмкін емес (Ө. Кекілбаев «Елең – алаң»).

3. Ақыл, ой қазынасы

Сен едің жанашырым елдігім де,
Бір кітап зая болды ау белдігімде.

(Қ. Әбдіраманов «Құрдасым қайтыс болғанда»).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ



Белдік – былғарыдан әдеміленіп жасалып, белді, мықынды орай буылатын зат (бұйым). Қазақтың және Еуразия даласының басқада көшпенді халықтары киімінің міндетті элементі белдік болған. Халық арасында:

«Кемер белдік белге сән,

Кемелді жігіт елге сән», деген мақал қолданысқа енген. Қазақ бұйымдары тәлім-тәрбиеге, әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге лайық туындалған. Халықтың көшпелі тұрмыс жағдайында адамгершілік,

мейірімділік, әділеттілік, тәрбие ұғымын жастарға осындай дүниелер арқылы жеткізіп түсіндірген. Белдікті көшіп-қонғанда, жауға шапқанда және ат жарысында ерлер де, әйелдер де міндетті түрде таққан. Белдік тек белге буынатын бұйым болумен бірге ертеде лауазым, дәрежені немесе тектілікті белді арқылы да танытқан. Мұның өзі қазақ киімінің табиғатындағы екіжақтылықты, тұрмыс қажеті мен сымбатты болумен аңғартатын жағдай. Себебі белдіктің заттық өндірістің өзі түптеп келгенде, халықтың сезімталдық талғамымен біте қайнасып жататын құбылыс.

ЖҰМБАҚТАР

Тұла бойы тыста,

Екі қолы іште.

Жауабы: Белдік

* * *

Тастамайды белінен,

Балалардың көбі оны

Күресуден теңімен,

Кім қашады дегені.

Жауабы: Белдік.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Белдікбылғарыдан әдеміленіп жасалып, белді, мықынды орай буылатын зат (бұйым).

Салпыншақ – зергерлік бұйымдарда, құйысқанда, кісенің жанында, жүгеннің сағалдырығында, өмілдіректе үзбелі, өрнекті, салбырап тұратын әшекей.




Кемер белбеу - жағалы киімдердің сыртынан буынатын өрнек нақышпен бедерленген былғары, әшекейлі жалпақ сәнді белбеу. адамдар буынатын белбеу.



КҮНІ-ТҮНІ БОСАТЫЛМАЙ БЕЛДІГІ...

Күні-түні босатылмай белдігі,
Ата-баба қорғаштаған елдігі.
Ұрпағына қалдырылған аманат,
Елі, жері жарқын заман белгілі.
Ордалы ел бүгіндері орнында,
Көңіліндеміз иілікпейтін
зордыңда.
Миллиондаған шақырымда
шекара.
Өзіміздің әскерменен торғында.
Асырмаймын кіміндіде басымнан,
Ажырамас дос жараным қасымда
Жақсы жаман ажыратып жатқам
жоқ,
Дәм татырам жақындаса асымнан.
Күн көрісім көпшілікпен барлы,
жоқ.
Ақылгөйлер деген екен арлы бол.
Ұстанымым сонда табан тіреген.
Мәңгі маған шығарылған жарғы
ол.
Тоқ етері жетістігім ұрпағым,
Ар-ұятым, абыройым жұрт алды.
Болашаққа бермегімді ойлаймын,
Атырғанға қосақтама құр таңды.



С. Бердияров

ОЙЛАН, ТАП!

«Белдік» сөзінің қандай мағынада тұрғанын анықта (+), (-)

	Тура мағынада	Ауыспалы мағынада
Мынадай қылдырық аяқ қыл белдікті қымбат диванның мынандай батпан денені сынып кетпей қалай көтеріп отырғаны да қайран қалмауың мүмкін емес.(Ә. Кекілбаев «Елең –алаң»).		
Белдігіңді несіне шешіп алдын? (М.Мақатаев «Сонда да біз»).		
Кейбіреуі тесік болып түседі, Жыл жылжыса жуандаған белдікке . (Ұ.Есдәулетов «Арман қуып, атылып жиі ағынға»).		
Әйел ханымды арбап тұрғандай екі көзін айырмаған күйі малынған атлас		

шапанының белдігін ағытты. (Ә.Кекілбаев «Ханша - Дария хикаясы»).		
Айқайласа белдік байлаған, Астана жұртын айналған. (Ә.Найманбаев).		

БЕСІК



Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын *түбек* пен *шүмек* бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады.

МЫСАЛДАР

Бөпешім, бесік отауың,
Отауыңа кір, бөбек (І. Жансүгіров).

Кешкі ертегі айтатын әжелерден
Бесіктегі жас сәби ән тыңдай ма? (А. Бақтыгереева).

Мен түсіппін жөргекке,
Тал бесікті тулатып,
Қабар шашып жер-көкке
Дүние жатты шуласып (Ә. Кекілбаев).

Тербелсін деймін сенің нақ төсінде
Аналар аялаған ақ бесігің (Г. Сейітжан).

Ұмытқам жоқ бесікке ұлы әжелер
«Ер Қосайдың» жырымен бөлегенін (Е. Дүйсенбайұлы).

Үдеріп үрейленіп көшкенде де,
Жұртына қазақ бесік тастамайды (К. Ахметова).

Ауыспалы мағыналары:

1. Дүние, өмір
Күйлі өмірдің бесігінде,
Күңірену жоқ тұншығып (Ә. Тәжібаев).

Біз бақытты туғаннан гүлденгенбіз,
Жаңа өмірдің бесігін ізденгенбіз,
Талай асу қиындық кездессе де,
Өнер білім желісін үзбегенбіз (И. Байзақов).

2. Орын, мекен, орта

Сенсің, аға, ән-жырыңмен аялап,

Жан бесігін жадыраңқы тербеген (Ә. Тәжібаев).

Ақиқат пен өтірік бөлек бесік (Қ. Мырзалиев).

Бақыттың бесігінде тербетейік

Өмірге келе жатқан жас ұрпақты (Қ. Аманжолов).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР:

Бесіктегі баланың
Күлгенін көрген бір мұрат.
Алдынан түсіп ананың
Жүргенін көрген бір мұрат.

* * *

Бесіктен түскен бөпеге
Есікке дейін ен дүние.

* * *

Дәулет есіктен кіреді,
Бала бесіктен кіреді.

* * *

Өз елім — алтын бесік,
Жат елдің түбі тесік.

* * *

Бесік баласы бес түлейді,
Ел жаманы кеш түлейді.

* * *

Есік көргенді алма,
Бесік көргенді ал.

* * *

Болар бала бесікте белгілі.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
bishik	бешик	beşik	beşik	beşik
Татар	венгр	араб	парсы	украин
бишек	bölcső	بازار	گهواره	ліжечко
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
berceau	culla	cuna	crib	колыбель

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бесік сөзінің шығу төркініне қатысты бірқатар тұжырым кездеседі. Ғалым Ә. Нұрмағамбетовтың мәліметінше, бесік атауы шығуының 2 жорамалы бар:

1) Қазақтармен туыс саналатын якут, сары ұйғұр халықтарының тілінде «бесік» сөзінің түбірі «би», «пе», «бээ», болып келеді де, мағынасы «тербету», «әлдилеу» деген түсінік береді. Ал, осы түбірлердің біріне, әсіресе «бээ» түбіріне өз тілімізге тән жұрнақ қоссақ, «тербету» мағынасын беретін «бесік» сөзі пайда болады. Егер бізге «бесікті» тербеу, қозғау, қимылдату, шайқау қажет болса, онда қазақ сөзінде «без», «безек», «безілдеу», «безу», «безеу», «безгілдек», «безбен» тағы басқа толып жатқан төл сөздер бар. Осы аталған сөздердің барлығының түбірі – «без». Бұл сөздердің барлығы қозғалу, ырғалу, шайқалу, тербелу деген ұғымға сыйып тұрғандықтан, «бесік» әу бастан «без», «безек» немесе «безік» болып, беретін «з» дыбысы қатаң «с» дыбысына ауысып, «бесік» болып қалыптасса керек.

2) Бесіктің жасалу жолына қарай, оны құрайтын негізгі бес ағашқа байланысты «бес уық» сөзінің туындауы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Олай дейтініміз, қазақ халқы бесіктің екі түрін тұтынған. Оның ертерек пайда болған түрі «аспалы бесік» деп аталады. Аспалы бесіктің жасалу жолдары өте қарапайым. Оны әзірлеу үшін бес

тал, жуандағы біркелкі, жұмыр талдар болса болғаны. Ондай бесікті көшіп-қону кезінде уықтап құрап жасай салу әбден мүмкін жай. Кейін келе «бес уық» - «бесық» - «бесік» болып қалыптасып кеткен тәрізді.

(Нұрмағамбетов Ә. *Бес жүз бес сөз.* – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.)

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Бесікке салу – нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-



екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды, сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді. Және Бесік жыры айтылады:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?
Тағы бір нұсқасы:
Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем

Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

* * *

Бесік тойы – нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын ғұрыптық салтанат. Баланың кіндігі түсіп, кіндік жарасы жазылысымен бесікке салады. Бесік тойы, негізінен, тұңғыш балаға жасалынады. Одан кейінгі балаларға “бесікке салу” кәдесі ғана атқарылады.



Бесіктің жасауын баланың нағашылары дайындайды және олар ана мен балаға киім-кешек әкеледі. Осы әкелінген дүние мен бесікті көрсету мақсатында ауылдың ұрпақ өсірген қадірменді әжелері, әйелдер шақырылады. Мал сойылады, бата беріледі. Тойдың соңына қарай жасы үлкен әже бесіктің жабдығын даярлап, шашуға әкелінген тәттіні, күміс теңгені түбек салатын тесік астына қолын тосқан әйелдерге үлестіреді де, бесікті отпен аластап, бесікке ыстық көсеумен кертпе түсіріп (көз тимес үшін) баланы бөлейді. Сонан соң бесіктің үстіне жеті не тоғыз нәрсе жабады. Әрбір жабылатын нәрсенің өзіндік мәні бар. Мысалы: көк шапан жабу – бала ержеткенде халықшыл болсын, дастарқан жабу — бай болсын, т.б. ырымды білдірген. Баланы бесікке салған әйелге көйлек кигізіп, қалғандарына білезік, сақина үлестіреді.

ЖҰМБАҚТАР

Әрі төсек, әрі үй.

Иесі оның сәби.

Жауабы: Бесік

* * *

Дүниеде күйме көрдім төрт аяқты

Дөңгелек екі басы ай сияқты.

Төрт есік, мәткесі бар, уығы жоқ,

Үзік жоқ, туырлық жоқ, түндігі жоқ,

Құс төсек мамық жастық, біреу жатыр,

Көңілі уайымсыз жай сияқты.

Жауабы: Бесік

* * *

Бір жігіт үш белбеу байланады.

Жауабы: Бесік

* * *

Сақырлаған шатыры,

Ішіндегі батыры.

Астында киіз қазығы,

Екі торсық азығы.

Жауабы: Бесіктегі бала

* * *

Дүниеде күйме көрдім төрт аяқты

Дөңгелек екі басы ай сияқты.

Төрт есік, мәткесі бар, уығы жоқ,

Үзік жоқ, туырлық жоқ, түндігі жоқ,

Құс төсек мамық жастық, біреу жатыр,

Көңілі уайымсыз жай сияқты.

Жауабы: Бесік.

* * *

Бір жігіт үш белбеу байланады.

Жауабы: Бесік.

ТАЛ БЕСІК

Қара бұлт қаптаса да аспан, айды,
Түссе де найзағайдай басқа қайғы.
Үдеріп үрейленіп көшкенде де,
Жұртына қазақ бесік тастамайды.

Сондықтан сан көбейген, өсіп халық,
Жау тисе, жан қорғауға машықтанып,
Алтынын көміп кетіп,
Ата-бабам көшіпті балалар мен бесікті алып.

Халықтың көбейгенін армандармын,
Өзінше түсінеді жалғанды әркім.
Түлесін тұқымы асыл құлындармен
Даласы тұлпарлардың, тарландардың,

Ойланам жылды жылдар асықтырса,
Ғанибет — халық басы өсіп тұрса!
Қазақтың ертеңінен үміті зор —
Үйінде тербетілген бесік тұрса.

К. Ахметова

ОЙЛАҢ, ТАП!

Берілген сөздерді сәйкестендіру арқылы сөз тіркестерін құрастыр.

Тал		бөлеу
Бесікке		жыры
Бес		бесік
Бесік		түлеу

БІЛЕЗІК



Білезік– Әйел адамның күнделікті тұрмыста тастамай тағатын әшекейдің ерекше түрі. Олар алтыннан және күмістен жасалады. Әйелдер білезікті шешпей, тастамай тағатын болған. Егер оны тақпаса өздерін жайсыз сезінетін болған. Оның пішіні мен жуындығы әртүрлі үлгіде жасалады.

Білезіктің 6 түрі бар. Олар:

- Жұмыр білезік;
- Бұрама білезік;
- Өрме білезік;
- Селдір білезік;
- Тасты білезік;
- Сағат білезік [1, 116].

Білезік. Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің: қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, бұрама білезік, кавказ білезік, көзді білезік, өрме білезік, үзбелі білезік, топсалы білезік, қолқа (қуыс) білезік деген түрлері бар. Бұлардың үлкен- кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің қалауынша әр түрлі бола береді. Білезіктердің аталу түрлеріне қарай, олардың бетіне жүргізетін өрнектер де түрлі-түрлі.

Қос білезік. Мұндай білезік жалпақ бауырлы тұтас келеді де үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе «сыңар өкше», «ырғақ», «бұрма», «көз» өрнектері салынады. Қос білезіксалу Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі.

Бес білезік. Бұл білезіктің бауыр сырты жалпақ, сағат бау сияқты. Ортасында топсасы болады. Білезіктің екі басы түйісіп түймеленеді. Білектің сыртқы жағында күміспен немесе алтын шынжырмен шыжымдап қойған бес сақина бар. Сақиналар да өрнектеліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. Білезікті білекке салардан бұрын осы бес сақинаны бес саусаққа киіп алады. Бұдан кейін білезікті топсасы- нан сыртына қарай қайырып білекке салады да екі басын қайтадан түйістіріп, түймелеп қояды. Бес білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ирек», «мүйіз», «құс қанаты», «бөріқұлақ» сияқты күрделі өрнектер жүргізеді.

Жұмыр білезік. Білезік салатын кісінің қалауынша жуандығы әр түрлі жұмыр күмістен иіліп істеледі. Білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп, екі басын түйістірген шығыр формасында жасайды. Кейде қоспасын ашып білектің қырынан қапсыратын етіп түйіскен жерін ашық жасайды. Жұмыр білезікті көбінесе соғып, егеп иеді. Ал қайсыбір жақсы өрнектерін қалыпқа құйып шығарады. Жұмыр білезіктің қоспаға түйіскен екі басын қою шытырман өрнектермен, сыртын неғұрлым нәзік және сирек өрнектермен оюлайды. Жұмыр білезіктің екі басынан басқа жеріне көбінесе өрнек жүргізілмейді.

Орама білезік. Қолға орай салатын белдік бейнелі жалпақ білезік. Мұндай білезіктің екі шеті кейде алтынмен көмкеріліп сызықталады. Ортасына жануарлар, өсімдіктер, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады. Кейде алтын, күміс аралас кавказдалады.

Бұрама білезік. Бұл жасалу жағынан өте оңай, түр жағынан жарасымды білезік. Білезік екі не үш бөлек жұмыр күміс шыбықтарды қосып бұрау арқылы істеледі. Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, бұршақтар, жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді.

Кавказ білезік. Мұны «қарала білезік» деп те атайды. Бұл білезікті жасау кавказ халықтарынан ауысқан. Кавказ білезік, кавказ сақина, кавказдалған күміс белдік деген атаулар осыдан шыққан. Кавказ білезіктің ақ күмісіне қара көк түсті өрнек жүргізіледі де, күміс қара ала болып көрінеді. Кавказ (қарала өрнек) үлгісімен «мүйіз», «ирек», «гүл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектері өте сәнді жасалады.

Көзді білезік. Жұмыр немесе жалпақ күмістің, не алтынның бетіне бедерлі ернеулер жасап, ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады. Көздерді ұстап тұратын ернеулі ұялар батыру, сызу, бедерлеу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі.

Өрме білезік. Сәндеп дайындалған жуан алтын, күміс жіптерді өріп, құрастырып та білезік жасайды. Мұндай білезіктің тұтас екі жақ басы екі алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақанның бетіне «қазтабан», «жүрекше», «қосырғақ өрнектерінің бірін жүргізеді.

Үзбелі білезік. Шығыр, доғабас, ілмек тәрізді етіп соғып, бөлек-бөлек күмістерден жасаған білезікті «үзбелі білезік дейді. Күмістен, алтыннан үзбелеген осындай білезіктерді қол сағаттың бауы есебінде де пайдаланады.

Топсалы білезік. Ортасынан екіге қайырып ашуға, екі басын топса арқылы түйістіріп жабуға болатын білезікті топсалы білезік дейді. Топсалы білезіктің топсасы өте биязы және өрнек мәнерімен үйлеседі де, сырт қарағанда білінбей тұрады. Білезіктің екі басы ілмек, тиек арқылы жалғасады. Соңғы кездегі жаңашыл шеберлер топсалы білезікті қол сағатпен қоса жасап өрнектеп жүр.

Қолқа білезік - шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік. Соған қарай оны кей облыстарда «шұжық білезік» деп те атайды. Ол өте жеңіл әдемі болады. Оны кейде салдар мінетін аттардың аяқтарына да салатын болған [2, 145-146].

Білезік танымдық түсінік бойынша адамның қол ауырлығын, бәле-жала, жамандықтан сақтау мақсатында тағылатын болған. Себебі, білезіктің магиялық тазалаушы күші бар деп сенген. Білезік

сыйлаған кезде әрдайым: «Қолың өнерлі болсын!» деген тілек айтатын болған.

МЫСАЛДАР

Қолында толған өңшең алтын жүзік Зүмред , березелі бар білезік (Ахмет Байтұрсынұлы "Балықшы мен балық")

Ақ білегің азғындап , Білезіктерің босапты ; Қарағанға байымдап , Саусақта жүзік бос қапты (Ілияс Жансүгіров "Кім екен?")

Кеп сақиналы , үлкен білезікті аппақ қолын сәл көтере түсіп , жігітке сыпайы тілек етті (М . Әуезов , Абай жолы)

Білезігі күнге шағылысып жалтыраған жұп-жұмыр ақ білегін маңдайына апара беріп , бір жымыды (Әбіш Кекілбаев "Автомобиль")

Жұрттың соңын ала күлегеш Муся да бүткіл полк әйелдерінің көзінің жауын алған алтын жалатқан күміс білезігін шешті (Тахауи Ахтанов "Шырағың сөнбесін")

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	Қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
bilaguzuk	Билерик	bilərzik	bilezik	bilezik
татар	Араб	парсы	украин	неміс
беләзек	سوار	دیس باز	браслет	armband
француз	Итальян	испан	ағылшын	орыс
bracelet	Braccialeto	pulsera	bracelet	браслет

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білезік —

1. білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білекжүзік — білежүзік — білеүзік — білезік) сөзінен туындаса керек.
2. зарығып күткен (“тәңірден тілеп алған”) баланың екі аяғына салынатын күміс балдақ, шығыршық;
3. сал-серілердің аттарының аяқтарына салынатын әшекейлі шығыршық;
4. құстардың аяғына салынатын сақина;
5. тұтқынның аяқ-қолына салынатын шынжырлы бұғау;
6. ағаштан жасалған бұйымдарды құрсаулап бекітетін шеген, шығыршық;
7. шаңырақтың құралған жерлерін құрсаулап қоятын металл шығыршық.

Білезікке қатысты әдет-ғұрыптар

- Бұрын баласы тұрмай жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын» деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салады екен.
- Қазақ білезіктеріндегі жыланның басына ұқсас өрнектің салынуы – ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтайды деген нанымның ізі, өйткені адамдар ертеден-ақ өзі жақсы көретін заттарды, жан-жануарлар немесе өзі қорқатын, сондықтан одан сақтанатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін заттар мен құбылыс, аң-құстар, жан-жануарларды өнер туындыларында бейнелеп отырған.
- Ал білізектегі шеңбер бейнесіндегі өрнектер, олардың молдығы – күннің символы, ол әйел-ананың үбірлі-шүбірлі болуын тілеуден туған өрнектер. [3, 46-47 б.].

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Білезік – өте ерте замандардан тұтынылып келе жатқан сәндік бұйым.

Ертеде кейбір аңдар мен құстардың сүйектері, қауырсындары, асыл тастар, көз моншақтар т.б. бұйымдар кездейсоқ бәлекеттен, тіл-



көзден сақтаушы құдірет деп саналғандығы белгілі. Сондай қасиеті бар деп саналатын заттардың қатарына әуелде сүйек, тас тізбегінен, одан мыс, алтын, күмістерден құйып, өрнектеп жасалған білезік де жатады.

Тарихи-этнографиялық жағынан зер салсақ, білезік осы күнгідей тек қолға ғана емес, аяққа да салынған. Қол білезігі білекке және қолға тағылған. Осы күнгі білезік сияқты аяққа (сирақтың төменгі жағына) қоладан тізген моншақ білезік салған. Білезік асыл тастардан тізіліп осы күнгі моншақ сияқты жасала берген. Орыс тіліндегі белезинки, бизелики (түркі сөзі) – жіпке тізген асыл тастан жасалған білезік. Ондай асыл тастар тізбегі тағылатын орнына қарай әр түрлі атауға ие болған. Мойынға тағылатынын – моншақ (мойыншақ, мойынтақ), ал білекке салынатынын – білезік (білек жүзігі) деп айту қалыптасқан.

Қазақстанның әр өңірінде күмістен соғылған білезіктер әр түрлі болады. Күмістен немесе таза алтыннан жасалатын білезекті қыз-келіншектер де, орта жастағы әйелдер және аналарымыз да қолына салады. Ұсталар білезіктердің сәнділігін арттыру үшін көп ізденді. Көпшілік жағдайларда олар түсі қанық тас қондырып, шілтерлі ширатпаның фактурасын өзгертті, түйіршіктеп, тесіп ойып, бедерлі шекіме салды, сол өрнектерді келістіре орналастыру арқылы олардың сән-салтанатын арттырды. Жұмырланып және төрт қырланып соғылатын білезіктер негізінен Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік шығыс ауданында, ал өте көлемді сырты алтынмен буланатын көзді білезіктер Батыспен Оңтүстік Шығыста көп кездеседі.

Зергер

Білесің бе бұл істі –
зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
сапырады судайын.

Сиқыршыдай жырдағы:
білезік пен алқаны,
сақинаны, сырғаны
күміс сымнан тартады.

Көрсең, қайран боласың –
мақтанышы ол бір елдің.
Күмістейді тоғасын
таралғы мен жүгеннің.

Тобылғы сап күмсанды
қамшыға бір қарашы.
Кім жасайды бұл сәнді
табылмастай бағасы?!

Демеңіздер: «Бұл қалай
күмісті де илеген?»
Осы өнерді мұрадай
зергерлерден үйренем!

Ф. Оңғарсынова

ЖҰМБАҚ

Білеу-білеу білегім

Білегіме киемін

Ал, кәнекей, балалар,

Шешуін кім таба алар?

Жауабы: Білезік.

ОЙЛАН, ТАП!

Ребусты шеш.

”””””



””””



””””



””



ДАБЫЛ



Дабыл – қазақтың ұрмалы саз аспабы. Дабыл ежелден дыбыс беру құралы болған. Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді ағаштардан дөңгелек шеңбер түрінде иіліп, оған тері қапталып жасалады. Алып жүруге ыңғайлы болуы үшін қайыс бау немесе ағаш тұтқы бекітіледі. Дабыл арнайы қол шоқпармен ұрып ойналады.

МЫСАЛДАР

Байтақ шаһарды басына көтеріп, керней шалып, дабыл қағып бара жатқан қарақұрым қолға қала халқы аулаларынан шықпай тесік-тесіктен сығалап қарайтынды (Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры»).

Дабылды қарағайдан ішін қырғызып, қуыс етіп жасап, бетін түйенің шикі мойнақ қайысымен я басқа қалың шылғи терімен де жауып бекітіп кептіреді (Ш. Айманов «Қыран туралы хикая»).

Дабылды қамшының сабымен қаққыласаң, күңгірлегендаусы маңайды шулатып жібереді (С . Мұқанов «Өмір мектебі»).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР:

Ауқатқа адымда,
Еңбекке дабылда.

* * *

Патша дабылының дүңкілі-ақ басты ауыртады.

* * *

Алыстан дабыл сазы хош келеді,
Жақындасың – бос келеді.

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілінің лексикасында түбірі осы аспатың атауы болып табылатын, дабылдау, дабылдану сияқты бірқатар сөздер күні бүгін де қолданылудан қалған жоқ. Ал «дабыл қағу» деген сөздің мағынасы әлі күнге сол күйінде.

Бұл аспаптың, ұлттық түрлері бірқатар халықтарда сақталған. Мысалы: тәбль – әзірбайжандардың, дообул – қырғыздардың, дабул – татарлардың, даул – өзбектердің, доол – армяндардың ұрып ойналатын аспаптары. Атылу жағынан бір-біріне ұқсас атаулар «тәвл» деген бір сөзден шыққан. Ал «тәвл» арабтардың ұрып ойналатын аспабы. Мұндай жайтты өзге халықтардан да кездестіруге болады.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Дабыл – қазақтың ұрмалы саз аспабы. Дабыл ежелден дыбыс беру құралы болған. Дауысы зор болғандықтан дабылды ертеде жаугершілікте ел шетіне жау келгенін хабарлауға, жауға аттанар жасақты жиюға қолданған. Дабылды жауынгерлер әдетте жауға қарсы

шабуылға көтерілгенде немесе туған елге қайтып оралып келе жатып, ауылдың іргесіне таяп қалғанда қолданған. Ауыз әдебиетінде айтылатын, жорықта қолданылатын дабыл дауысы күндей күркүреп шығатын аса үлкен аспап болыпты. Ол XVI-XVII ғасырлардың көптеген эпикалық аңыз, жырларынан да кездеседі. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде дабыл батырлардың бес қаруына қоса алып жүретін бұйымы ретінде көрсетіледі.



Қазақтың музыкалық аспаптарын зерттеген ғалым Б.Сарыбаев өз еңбегінде бірқатар зерттеушілердің дабыл туралы айтқандарына сілтеме жасап дабылдың басқа да қажеттіліктерге қолданылғанын жазады. Осыған орай, П.Тиховтың «Дабылды мешіт мұнарасына

алып шығып, діндарларға келе жатқан мерекені хабарлау үшін қолданған», – деген мәліметін және 1769 жылы қазақ ауылында болған П.Палластың байырғы ортада емдеу-дауалаумен, жын шақырып аластаумен шұғылданған, күн райына әсер етіп, қалауынша құбылта алатын бақсылардың да дабылды қолданғаны туралы жазған дерегін дәйек ретінде келтіруге болады. Сонымен бірге дабылды аңшылар аң-құс үркіту үшін де қолданған. Саятшы дабыл қағып үйрек, қаз, қарабауыр, шіл, қырғауыл сияқты құстарды үркітіп ұшырып барып қолдағы құсын босатып, ұшқан жабайы құсты ілдірген. Халықтық мерекелер мен той-томалақтарда, сондай-ақ халықты жиынға, ғұрыптық рәсімдерге жию мақсатында кеңінен пайдаланылған дабыл кейін келе түрленіп, музыкалық аспап ретінде би қимылдарын сүйемелдеуге қолданылып жүр.

ЖҰМБАҚТАР

Елқорғайтын ерліке
Әуенімен шақырған.
Батылдыққа, елдікке
Әуенімен шақырған.

Жауабы: Дабыл

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Дабыл даусының ақырын, қатты болып келуіне қарай әр түрлі көлемде жасалған. Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді ағаштардан дөңгелек шеңбер түрінде иіліп, оған тері қапталып жасалады. Алып жүруге ыңғайлы болуы үшін қайыс бау немесе ағаш тұтқы бекітіледі. Дабыл арнайы қолшоқпармен ұрып ойналады. Дабылдың екі түрлі үлгісі сақталған. Оның бірі – шеңбер аумағы 1 м 56 см-лік фольклорлық мақсатта көне аспаптар ансамблі

үшін қолданылатын шағын түрі, екіншісі шеңбер аумағы 3 м 40 см, ені 30 см, биікт. 1 м 50 см болып келетін үлкен жорық дабылы.

Оның шанағы дөңгелек шеңбер етіліп, екі жағына жас мөлшері екі айдан алты айға дейінгі бұзау, түйе терісі қапталып жасалады. Музыкалық аспаптарға арналған мал терісін пайдалану және оны қаптап жасау күрделі әдістермен атқарылады. Ол үшін мал терісін немесе қарнын дөңгелек ағаш шанаққа керіп қаптайды. Жаңа сойылған малдың жүнін қырқып алып, сары етін сыпырып алады. Аспаптарға



қолданатын тері жарғақтың жүні жас кезінде жидітіп алынады. Тазартудың екі тәсілі бар және ол күрделі әдіспен игеріледі. Бірі – и салу тәсілі. Бұл тәсілде идің быршыған өткір иісін теріге сіңдірмей жасау маңызды. Екіншісінде – теріні жібітіп барып, өткір ұстарамен түгі сылынып алынады. Содан соң түксіз терінің шуашы мен шайыры кеткенше жуылады. Әбден тазарған кезде теріні шала кептіріп алып қолданады.

Шанағы төзімді әрі сәнді болу үшін сыртынан өн бойын қуалай айналдыра тері қаптап, оның сыртын күйдіру әдісімен өрнектер салып безендіреді. Халық шеберлері кейде шеңбер сыртына мүйіз, сүйек, үкі, шашақ салып та жасайды. Шанақтың бір бүйіріне қолға ұстайтын тұтқасы қайыстан өріп тағылады. Дабылды саусақпен немесе арнайы жасалатын басы жұмыр шағын таяқшамен ұрып ойнайды. Даусы терінің жұқа немесе қалыңдығына, терінің қатты немесе орташа керілуіне және арнайы жасалған қорапта сақталуына байланысты болып келеді. Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді иілуге көнетін ағаштардан жасалады.

Дабылдың өзге ұрып ойналатын аспаптардан айырмашылығы оның шеңберіне екі жағынан көн тері қапталады. Ерге іліп қою үшін бүйіріне ағаш сап орнатылады немесе қайыс ілгешек тағылады. Жасалу құрылысының қара дүрсін, қарапайымдалығына қарағанда, тегінде, дабыл қазақтың ұрып ойналатын аспаптарының ішіндегі ең көнесі болса керек.

ДАБЫЛ

Емес тіпті жағымды үн,
Керегі не дабылдың?
Мазаны алып мезгілсіз,
Шырқын бұзар дамылдың.
Ұры қайдан табылды?
Бір пысықай қағынды.
Меншік машинасына
Орнатыпты дабылды.
Біреу жанап өтсе де,
Күшік жалап кетсе де,
Дабыл ойбай салады
Таңертең де, кешке де.
Қызық көріп бала да,
Қызық көріп шаға да,
Тиіседі әдейі
Машинаға қадала.
Дүрліктіріп даланы,

Дабыл ойбай салады.
Мұндай кезде иесі
Қайтіп тыным табады?
Шеке тамыры тырысып,
Көрінгенмен ұрысып,
Шаң-шұң шығып жатқаны,
Күндіз, яки түн іші.
Көршілер де күйінді,
Пысықайға шүйілді:
«Ұры тұтсаң қоңсыны,
Көшіріп кет үйінді».
Тығырықтан бұ түрлі
Ойға келіп ұтымды:
Машиасын пысықай
Сатып барып құтылды.

А. Асылбек

ОЙЛАН, ТАП!
Сөзжұмбақты шеш.

				Д						
				А						
				Б						
				Ы						
				Л						

1. Екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспап
2. Ырғақтатып, сілкіп, шайқап ойнайтын аспап
3. Ұзын қылы керілген ысқышы бар аспап
4. Үрмелі музыкалық аспап
5. Ұрып ойналатын саз аспабы.

ДАУЫЛПАЗ



Дауылпаз – қазақтың ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл музыкалық аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету үшін қолданған. Бертін келе дауылпазды аңшылық пен құсбегілікке де пайдаланатын болған. Оның жасалу әдісі күрделі. Дауылпаздың шапаты – өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан ойып жасалған. Беті әбден иленіп, кеңкей шыңылтыр терімен қапталады. Жайға байлап немесе мойынға, иыққа іліп алып жүруге арналған аспалы бауы мен ұрып ойнайтын шағын таяқшасы болады. Дауылпаздың шанағының сыртын мүйізбен, түрлі тастармен, ою-өрнекпен безендіріп, сәндеп жасайды.

МЫСАЛДАР

Дауылпаз деген үлкен жорыққа қол аттанарда соғылатын дабыл (С. Бегалин «Бала Шоқан») .

Дауылпаз бен шындауыл қазақтардың ұрып ойналатын өзге аспаптарынан көп кейінірек қолданылудан қалған (Б. Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары»).

Солақ, екен шашақты найза мен қыл жалаулары жалбыраған қалың қолдың да бар керней, бар дауылпазы дабылдата жөнелді (Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры»).

МАҚАЛ-МӘТЕЛ:

Дауылпаздай аты бар еді, қасына барса, бір ұлтандық көн екен

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	корей
тэбльбасс	доолбас	nağara	davul	장고 чангу
қытай	тәжік	үнді	араб	неміс
.塘沽 tánggǔ	nagora	nakara	ناره	pauken
швед	итальян	испан	грузин	ағылшын
pukor	timpani	timbal	диплипито	kettledrum

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Дауылпаз» деген атау қырғыздардың доол – бас, әзірбайжанның тэбль – баас немесе ұйғырдың тенил – ваз дейтіндей, екі сөзден қосылған болса керек. Дауылпаз тектес аспаптар әр түрлі атпен түркі тілдес халықтар арасында кеңінен тараған. Кейбір ғалымдар «дауылпаз» сөзінің түбірін «доол-бас», «тэбль баас», «тэвил ваз», «тэвл вас», «дабыл бас» деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Бұл аспаптар да дабыл сияқты жорықтарда дабыл қағу үшін қолданылған.

Дауылпаз туралы ғалым Ә. Марғұлан «дауылпаз – аңшылық, саяттарда, ал шыңдауыл – әскери жорықтарда қолданылған» деген тұжырым айтқан.

Ауыспалы мағыналары:

1. Азаттық, бостандықтың жаршысы.

Дауылпаз далам, менің!
– Беу, менің киелім,
Мен сені сүйемін, Маңғыстау!

(С.Нұржан «Маңғыстау»)

Дауылпаз күй күмбірлесе күн бойы,
Салқын самал уілдейді ән сала.

(М.Айтхожина «Еркелеймін»)

Арман шалқарының айдынында шарқ ұрған үміт дауылпазының
өршіл даусын есітпеске, елемеске тырыстым (А. Мекебаев «Жаза»)

2. Дауылпаз ақын өлеңді аспандата борандатып төгіп жазатын не айтатын ақын

Ең алдымен сахнаға революцияның от жалынынан аман қалған
дауылпаз қызыл сұңқар Сәкен Сейфуллин шығады (Р. Нұрғали «Ғабит
Мүсірепов драматургиясы»)

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Дауылпаз – қазақ ұрмалы аспаптарының қатарына кіреді. Оны
ұрып қана қолданғандықтан, кез келген күшке шыдас беру үшін

тұрпаты қатты үйеңкі, қарағай, қайың секілді ағаштардан тұтас ойып жасаған. Дауылпазды қолдануына қарай түрліше безендіреді. Хан сарайындағы дауылпаздар түрлі зергерлік әшекейлер мен алтын, асыл тастармен әдіптеледі. Дауылпазды пайдаланатын ортасына байланысты көлемін де әрқалай қылып жасайды. Ханның соғысүшін қолданатын дауылпазы адам көтере алмас ауыр әрі өте үлкен



болған. Оны орданың ортасына қойып, жанына дауылпазшыны сайлаған. Дауылпазды қарапайым адамдар жасай алмаған. Оны қырсырына қанық шеберлер ғана жасап шығарған. Дауылпазды ұлттық ойындарымыз «қыз қуу», «арқан тарту», «қазақша күрес» т.б. ойындарымыздың басталғаны мен аяқталғанын аңғарту үшін де дабыл орнына пайдаланған.

ЖҰМБАҚТАР

Кепкен жарғақ,
Шеңберге керілген,
Соқсаң сарнап,
Үн шығады төгілген.

Жауабы: Дауылпаз

Көннен түбі, қақпағы,
Қаудырай ма, не етеді?
Екі жеңіл тоқпағы
Ербең-ербең етеді.

Жауабы: Дауылпаз

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Дауылпаз – өзінің аты айтып тұрғандай үні дауылды, күркіремелі. Ертеде аңшылық, саятшылық, құсбегілік салт-дәстүрлерде қолданылған. Шанағы өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан жасалып, сыртына ғаныштау әдісімен ою-өрнектер салынады. Аспапты

таяқпен ұрып ойнайды. Дауылпазды алғаш көшпелі қауымның өкілдері, яғни малшы-бақташылар төрт түлікті, аң-құстарды, жан-жануарларды үркіту мақсатында пайдаланған. Өздерінің үні жетпеген жерді дауылпаз жалғап отырған.

Кейін дауылпаз халық арасына тарап, ханның қол астына дейін жетеді. Дауылпазды соғу арқылы хан әскерін бір ортаға жинап немесе шақырған. Үкім немесе бір шешім шығарса да дауылпаздың үнімен қорытындылаған. Бертін келе, дауылпазды ем-домның көзі ретінде қолданған.

Бақсы-балгерлер дауылпазды ұрып өздерінің көзге көрінбес жандарын шақырған. Сол арқылы дертіне шипа іздеп келген адамдарды ауруынан айықтырған. Жоғарыда айтылғандай, дауылпаз әскери мақсатқа да қолданылды. Ондай дауылпазды аттың немесе түйенің ерінің алдыңғы қасына екі жағынан іліп алып жүрген. Айбар арттырып, тұлғаны еңселі көрсететін дауылпаздар



хан ордасының, бас қолбасшының шатырының алдына қойылып, ханның, бас қолбасышының дәреже белгісін білдіретін атрибут ретінде де қолданылады. Соғыс кезінде шабуыл бас қолбасышының дауылпаздың ұрылуымен басталып, әртүрлі әскери іс-шаралар мен әдіс-тәсілдер соның белгісімен өзгеріп отырған. Оны ұруға арнаулы дауылпазшылар тағайындалған. Дауылпаз қазір көбінесе халықтық мерекелерде және үлкен оркестр құрамында ойналады.



ДАУЫЛПАЗ

Дауылды күні ұшты да
Теңізде қақты қанатын.
Дабысы кетті әлемге
Тасқындай тулап ағатын.
Түйілді сонда жауына,
Дауылды теңіз көгінен,
Ашуы шықты лапылдап,
Жалынды жүрек кегінен.
Дауысы кетті саңқылдап,
Азаттық әлем шыңына!
Қадалды үні оқ болып,
Адамның қатаң сұмына.
Кеткенде көктен дауылпаз,
Біздерге сол үн қалды.
Әлі де тұр сол дауыс
Тебірентіп шыңдарды.

Қалижан Бекхожин

ОЙЛАҢ, ТАП!

Фотосуреттер арқылы арқылы жасырылған сөзді тап.



+

“



ДОМБЫРА



Домбыра – екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспап. Дәстүрлі қазақы ортада ең көп тараған һәм қолданылған және қазір де қолданыстағы негізгі саз аспабы. Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен.

МЫСАЛДАР

Қонысбай да қалған дәукес билердей шаршы төрге шығып ап, шақшақай құстай шақылдай жөнелмей, қоңыр домбыраның үніндей күмбірлетіп сөз бастады (Ә. Кекілбаев «Үркер»).

Өмірдің қайғылы кезеңі еске түскенде, домбыра мұңды күйге түсіп, жыламсырап, қуанышты күндерді ойлағанда, аспанға шарықтап бұлбұлдай сайраған секілді болады (Б. Майлин «Әдет құшағында»).

Салалы саусақтары домбыра пернелерін сыдырта тексеріп, ерсілі-қарсылы ойнақтап шықты (Ғ. Мүсірепов «Атақты әнші Майра»).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР:

Доңыздың алдында домбыра тартпа.

* * *

Қырық жасыңа келгенде домбыра үйреніп,
Ақыретке барғанда шертемісің?

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрікмен
dutor	комуз	goruz	дутар
тәжік	ұйғыр	парсы	украин
дутор	دۇتار /dutar	نار دو /dutār	домра

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ертеде домбыраға ұқсас екі-үш ішекті «таңбура» деп аталатын саз аспабын Әбу Насыр әл-Фараби жасаған деген деректер бар. Оның пернелерінің саны бесеу болған, басының бір жағында екі құлағы, төменде ішектер үшін кетігі бар тиек орналасқан деп суреттеледі. Таңбура жетілдіріліп, бертін келе домбыраларға ұласқан дейді музыкатанушылар.

Домбыра сөзінің шығу тегі жайында көптеген пікірлер бар. Музыка өнерінің тарихын зерттеген академик А. Жұбанов «Домбыра» сөзі «қозы құйрық» дегенді білдіретін «дунбаһ» және «бурра» деген араб сөздерінің тіркесінен пайда болған» – деген болатын. Яғни, ғалым домбыраның атауын оның шанағының қозының құйрығы сияқты пішінмен байланыстырады.

Н. Оңдасынов Л.Будагов сөзіне сүйеніп, «домбыра»-ның парсының домбе – «құйрық», бәрә – «қозы», «тоқты» деген екі сөзінен қысқартылып алынғандығын көрсете тұрса да, шын мәнінде, оның парсы сөзі екендігіне күмәндана қарайтындығын да білдірген.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Домбыра бойында жаратылыс пен тіршіліктің құндылықтары мен әуені тоғысқан. Тіршілік циклына қатысты ғұрыптардың атқарылуы (қаз тұру, тұсау кесуден бастап беташар тіптен дүниеден озар сәттегі бақұлдасуға дейін) барысында, қазақтың сөзімен қысқа қайырып айтар болсақ, «тал бесіктен, жер бесікке дейінгі» адам өміріне

қатысты барлық, рәсім, салттарда домбыра аспабының араласпайтын тұстары кемде-кем. Әсіресе, неке отбасылық ғұрыптарда, мысалы, жас келіннің бетін үкі тағылған домбырамен ашады.

А. Жұбанов «домбыра тартқызу дәстүрінен: атақты домбырашылар өзі тілеп домбыра тарта бермейді, осындайда домбыра тартқызудың бір жолы отырғандардың біреуі оның домбырасын алып, құлағын дұрыстап бұрап, нақышына келтіре алмай, өзінше



тыңқылдатып, әр күйдің басын бір шалып, бұрап отыру, домбырашылар мұндайда шыдай алмай, домбыраны өзі алып, тарта бастайтын көрінеді. Осындай жағдай әйгілі домбырашы Дина апайдың басында болғаны жайлы естеліктер бар» дейді.

ЖҰМБАҚТАР

Ұзын мойың, екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсен бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп.

Жауабы: Домбыра

* * *

Бір тұйғын, екі лашын, бір сандуғаш,
Жиылып жеті қонақ болыпты мәз.
Басында екі кептер қонып отыр,
Бәрінің ұялауы жалғыз ағаш.

Жауабы: Домбыра

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Дәстүрлі түсінік бойынша домбыра – зиянды күштерден сақтайтын тылсым күшке ие саз аспабы. Сондықтан бақсы ойынында, ем жасау (қызылша, қарамық ауруларын емдегенде) кезінде, діни-ғұрыптық салттарда домбыра қолданылған.



XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді

домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.

Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық



музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

ДОМБЫРА

Екі ішектің бірін қатты,
бірін сәл-сәл кем бұра,
Қазақ – нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!

Білгің келсе біздің жайды,
содан сұра тек қана:

Одан асқан жоқ шежіре,
одан асқан жоқ дана.

Ақиқатты айтқандардың
бәрі осылай сорласын,
Деп бір қаһан шанағына
құйған оның қорғасын.

Жалған сөйлеп көрген емес
бірақ соның өзінде:
Аппақ жалын күйдің жанын
жалап жатқан кезінде.


Қадыр Мырза Әлі

ОЙЛАН, ТАП!

**Белгілі бір сан есімдерді қолдану арқылы сипатталған аспаптың
атауын тап.**

... құлақты,
... аяқты.

ЕР-ТҰРМАН



Атты (жылқыны) ерттеп міну үшін қажетті ер-тоқым мен оған қатысты құрал-жабдықтар (айыл-тартпа, құйысқан, өмілдірік, терлік, жабу т.б.) жиынтығы.

МЫСАЛДАР

Ер-тұрманын да өзі түзеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 225).

Буылдың үстінде күміс шаптырған қазақы ер-тұрман (С.Мұқанов. Есею жылдары).

Ақылбайдың ер-тұрманы қалың күміс (М.Әуезов, Абай).

Ер-тұрманға ерден басқа тоқым, желдек, терлік, тебінгі, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, тартпа, айыл, өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізген, ат көрпе, көпшік, пыстан, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады (ҚҰӘ).

Өзіндік ауқаты бар қазақ семьясы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Сырлы төсектің аяқ жағына ілінген күміс жапқан ер-тұрман, жез ораған қыз қамшы, от сәулесімен олар да жымыңдаса кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.кет.).

Мақал-мәтелдер:

Ер тұрманы алтын болса да,
Есектің есек аты қалмайды.

* * *

Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Ер үйірін сағынса,
Айыл-тұрман тағынар.

* * *

Атына қарай тұрманы,
Еңбегіне қарай қырманы.

* * *

Есекке күміс ер жараспас.

Жұмбақ

Басына қара таудың бітер қорған,
Онда жоқ бекітерге айыл-тұрман,
Қасына төрт нөкерін ертіп алып,
Үстіне қайырлы бай мініп тұрған.

Жауабы: қазан, ошақ

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
egar	ээр	yəhər	sele	eýer
башқұрт	араб	парсы	украин	неміс
эйәр	سرج	زین العرب	сідло	Packsattel
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
bât	basto	albarda	saddle	седло

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Тұрман» сөзі тілімізде «ат-тұрман», «ер-тұрман» қос сөздері құрамында кездеседі. Сөздің алғашқы төркіні – парсы тілі. Онда: дарэман - атқа қажетті әбзел мағынасына келіп саяды.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Ер-тұрман – мініс-көлік малына салт мінетін ер әбзелдерінің кешенді атауы. Ер-тұрман ердің қаңқасы тоқым, желдік, тебінгі, айыл, құйысқан, өмілдірік, үзеңгі, жүген, ноқта, жабу, тұсау, шідер, қамшы және т.б. тәрізді құрамдас бөліктерден тұрады. Атқа салт мінуге қажетті



мұндай әбзел-жабдықтар халық тілінде жалпылама түрде ер әбзел, ат-жабдық, ат-сайман, ат әбзелі, ат-тұрман, ер-тоқым, айыл-тұрман, ат-анжам деп түрліше аталады. Ер-тұрман – көне заманнан бүгінге жеткен көшпелілер тұрмысында зор маңызға ие болған заттық мәдениеттің айрықша үлгісі. Ердің шаруашылық маңызымен қатар

ғұрыптық мәні де ерекше. Ертеректе отты қарудың жетілдірілген түрі шыққанға дейін көшпелілер қоғамында салт атты жауынгерлердің жауынгерлік қимылдарына лайықталған Ер-тұрманның алар орны ерекше болды. Сондықтан көшпелі тұрмыс және әскери жорық қажеттілігіне байланысты Ер-тұрман жабдықтары үнемі жетілдіріліп отырды. Ер-тұрманның негізінен атқа жайлы болу жағы басты шарт болған. *Алтынды ерің, атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ*, деген халық мақалы осыны аңғартады.

Қосылып дайын болған ердің де сыр-сымбаты оның жа-салу шеберлігіне байланысты ерекшеленеді. Ердің жақсы-жаманы атқа салғанда білінеді. Атқа батпайтын, адамға жайлы ерді салыстырмалы түрде Шәкәрім Құдайбердіұлы былайша сипаттаған екен:

Атқа тыныш, адамға және жайлы,
Алды-арты бірдей сұлу, көзге ыңғайлы.
Оғаш, оғат, оқыра, сызаты жоқ.
Ер қайда сыр сымбаты түгел сайлы.

Дәстүрлі ортада ерге қатысты қалыптасқан ырымдар өте көп. Мысалы, ерді үйгеқойғанда алдыңғы қасын іргеге қаратпай, ішке қаратып қояды. Мұның себебі ерді теріс қаратып қою және теріс салу – тұлдау жосынында орындалатындығына байланысты. Яғни жаман ырымға баланады. Сонымен бірге жинаулы тұрған ерге мінуге болмайды. Өйткені иесі жаяу қалады-мыс. Бірнеше Е.-ді жинағанда бірінің үстіне бірін тізіп жинап қояды. Ер-тұрманды аттамайды және жастанбайды. Өйткені ер-тұрманды тек жаугершілікте ғана жастанады. Бейбіт кезеңде жастану жамандыққа бастау деп есептелінді.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: ағаш,
металл, тері; соғу, қақтау

Көлемі: 48 x 35 x 33

Орналасқан жері: Қазақстан
Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ПМОТк1-590/1
(тк1-590/1)



* * *

Дәуірі: XX ғ. басы

Жасалған жері: Шығыс Қазақстан

Материалы және техникасы:
ағаш, металл, тері, ақық; өңдеу, тесу,
шегелеу, нақыштау, тігу

Көлемі: 45 x 74 x 37

Орналасқан жері: Қазақстан
Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ҚРҰМнк
22829/1-3 (ГМЗКП 995/1-3)



* * *

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: ағаш,
металл, тері; қақтау, қалыптау, қақтау,
шегелеу

Көлемі: 37 x 41 x 31

Орналасқан жері: Қазақстан
Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-233/1
(тк1-233/1)



Сүйегін сомдап шаптым талды қиып,
Аласа артқы қасы, алды биік.
Атқа да, адамға да жайлы бұл ер
Алсаңыз өкінбейсіз малды қиып.

Ер-тұрман ат әбзелін күмістеп ем,
Күрделі іс, көп-ақ мұнда жұмыс деген,
Қақталған жамбы күміс жалт-жұлт етіп,
Япырай дегізгендей кім істеген?

Шаужайы, ауыздағы сулығымен,
Кекілдік, сағалдырық, баулығымен
Шылбыры шығыршықты тізгінімен,
Сымбатты, салтанатты құнды жүген.

Тартпасын құйысқан мен өмілдірік,
Үзбелеп, әшекейлеп, төгілдіріп,
Дәркембай деген ұста даярлаған
Сізге деп көздің майын төгіп жүріп.

Айылын сәндеп ердім ноқыралап,
Өсу бар, өнерде жоқ тоқырамақ.
Сезімді себезгілеп өнеріме
Әсемдеп, әлпештеймін отыра ғап.

Тоқымын қайып тіктім желдігімен,
Көз тартар кісілігі кеңдігімен
Таралғы, үзеңгісі, қанжығасы
Таралды, түгелденді енді міне.

Д.Шоқпарұлы

Ер-тоқым

Бабам айтып ақылын,
Бізге ер-тоқым қалдырған.

Оны мінген атының
Арқасына қондырған.

Сәнді әрі қонымды,
Сайгүлікке жарасқан.
Жасалады ер кәдімгі
Темір менен ағаштан.

Ең бағалы жәдігер,
Бес бөлшектен құралған.
Алты алашқа мәлім ер,
Оның да бар түрі алуан.

Ер-тоқымның кәделі
Алдыңғы, артқы қасы бар.
Белағашқа әдемі
Екі қаптал қосылар.

Қазақы ер мен қалмақы ер,
Құсбас, ойма, боқан ер.
Ақбас, қырғыз, қанбас ер,
Қозықұйрық, қоқан ер...

Қастерлейді мұрамды ел,
Таралған кең түр-түрі,
Көрсетеді бұл әбзел
Әсем етіп жылқыны.

Олжас Қасым

ЖЕТІГЕН



Жетіген – жеті ішекті көне саз аспабы. Ол ішін ұңғылап жасалған ағаш жәшік сияқты, ұзындығы бір жарым аршын, ені аршынның төрттен біріндей, бетіне ағаш қақпақ жабылады. Аттың қылынан жеті ішекті тартып, тиек ретінде асықты қолданған.

МЫСАЛДАР

Музейге жиналған көптеген аспаптар ішінде мыналар бар: сырнай, керней, сыбызғы, шертер, жетіген, домбыра, қобыз, дабыл, даңғыра, дауылпаз, асатаяқ, қоңырау, барабан тағы басқалары (А. Әл-Машани «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті жайында»).

Болат Сарыбаевтың зерттеуі нәтижесінде шертер, сыбызғы, асатаяқ, көне қылқобыз, жетіген, шаңқобыз, дауылпаз үлгілері табылды («Қазақ әдебиеті»).

Жетіген, керуіштен күй толғап, Фараби мен Қарақас келеді (Ш. Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

башқұрт	қалмақ	монғол	хакас	тыва
ятаган	ятха	ятага	чадыхан	чадаган
татар	түрік	әзірбайжан	ұйғыр	араб
ятаган/елтага	kanun	qanun	калун	قانون

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеушілердің барлық еңбектерінде жеті ішекті көне аспап – жетіген жайлы баяндалады. Бірақ әр этнограф оны өзінше атаған, мысалы, «етиге», «етиган», «ятага», «елтаға», «джатыган» дейді, солай бола тұра, түркі тілінің келтірілген сөздерінде ортақ түбір бар екенін байқауға болады.

«Жетіген» деген атау тегінде екі сөзден құралса керек: жеті және ән. Яғни, мұны әндетуші немесе күй шертуші жеті ішек десе де болғандай. Өйткені, түркі тілдерінде мынадай музыкалық терминдер бар: аган – өлең, әуен; ганни – жырға қосу; ғанани – ән, шумақ; таган – ән салу. Татар және ұйғыр тілінде – ахан, өзбекше аханг. Бұл сөздердің мәні де сол – ән, әуен. Қазақ тілінде бұл сөздерді дыбыстағанда «аһан», «аган» дегенді «ән» деп кеткен болу керек.

Б.Сарыбаев жетіген аспабын «жеті» және «аған» (ән, әуен) деген семантикадан тудырып, «жетіган» деп атаған. Мұндағы «жеті» - түрік, «аған» – араб сөзінен алынған дейді автор. Одан әрі «Сибирьский вестник» басылымындағы деректерге жүгініп, жетіген – жеті темір ішегі бар музыкалық аспап деген түйін жасаған.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Жетіген этнографтардың мәліметтеріне қарағанда кейбір аймақтағы қазақтардың арасында ХІХ ғасырдың ортасына шейін кездескен. Көне жетігенде ойнау әдісінің көптеген сыры бізге белгісіз. Шертерде ойнағандағыдай жетігенде де саусаққа былғары оймақ киіп,



дыбысты сол арқылы шығаруы да мүмкін. Тыңдаушыларға жағымды әсер сыйлайтын жетігенді ертеде көк пен жерді байланыстыратын ғажайып қасиетке бай аспап деп, оны тек сарайларда, шағын топ алдында ғана ойнаған.

Жетігеннің пайда болуы жайлы аңызда «ерте заманда жұт салдарынан қайтыс болған жеті баласының құрметіне қу ағашты ойып, сорлы әке әр баласына арнап бір-бір ішек тағып, күй шығарып, балаларын жоқтаған екен. Ұлдары Қанияға «Қарағым», Торалымға «Қанат сынар», Жайкелдіге «Құмарым», Бекенге «От сөнер», Хауасқа «Бақыт көшті», Жұлзаға «Күн тұтылды» күйлерін арнаған. Соңғы баласы Қияс қайтқанда «Ақырғы» күйін тартқан екен. Осы күйлер «Жетігеннің жетеуі» деген атпен ел арасында таралған» делінген.

Саяхатшы А.С. Паллас «Бұл аспап шыршадан жасалған шағын ғана жәшік, оның түбі ғана бар. Оған ішектер ешбір құлақсыз керілген. Бұл аспапты құлақ күйіне келтіру үшін әрбір ішектің астына кішкене тиек – қойдың асықтары қойылады. Музыкант ішектің ұзын жағын сол қолымен тартады да, оң қолымен дишкантта ойнайды», – деп 1786 жылғы қазақ даласын аралаған сапарында осы күнгі жетігеннің көне түрін кездестірген.

Этнограф-саяхатшылардың осы секілді жазбаларына қарағанда, жетіген аспабы қазақ халқы арасында ХІХ ғасырдың ортасына дейін сақталып, бертін келе жоғалып кеткен. Осы этнографиялық сипаттамалар бойынша қалпына келтірілген немесе жетілдіріліп жасалған жетігеннің алғашқы үлгісі өмірге қайта келіп, өнеріміз бен аспаптық музыкамызда орын ала бастады.

ЖҰМБАҚТАР

Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар,
Әуезінен жеті тарау мұң шығар.
Ойнап кетсең түрлі-түрлі жыр шығар,
Бұл аспап, қай аспап?

Жауабы: Жетіген

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Ертедегі жетіген үй жабдығының бірі – астау тәрізді болған. Аспаптың құлақ, қақпақ, тиек секілді бөлігі болмаған, ішектер аспаптың сырт жағына қолмен керіліп байланған. Ал қазіргі жетігеннің әрбір ішегіне құлақ тағылған. Бұрынғы жетігеннен қазіргі жетігеннің құрылымы

өзгеше. Себебі тек қана жеті ішек емес, үш октаваға дейін созылған жиырма бір немесе жиырма екі ішектен тұрады. Дыбысты пернелерді басу арқылы емес, әрбір ішекті шерту арқылы орындалады.

Жетігенді көшпелі заманда жігіттер көбірек ойнаған екен. Себебі жетігенде ойнаған жігіт өте жоғары бағаланған. Ақсүйек саналған. Ал қазір жетіген өте нәзік болғаны үшін қыз баланың үнімен жақсы үйлескендіктен тек қана қыздар ойнап жүр.

Жетігенді жеке күй орындауда жеке әншілерді сүйемелдеуші аспап ретінде халық оркестрлері мен ансамбльдерінде кеңінен пайдалануға болады.



ЖЕТІГЕН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Жетігеннің жеті ішегін мұң алған,
Аты оның жеті әннен құралған.
Жеті ұлынан айырылған қария,
Қайғы жұтып, жеті күйді шығарған.

Бірінші ішек «Қарағым» қарманған,
«Қанат сынар» екінші ішек арман-ән.
Үшінші ішек «Құмарым» деп күйініп,
«От сөнер» деп төртінші ішек зарлаған.

«Бақыт көшті» – бесінші ішек жас толған,
Алтыншы ішек «Күн тұтылды» аспаннан.
Жетіншісін таққан кезде жетеуден,
Айырылыдым деп құса боп күй басталған.

Аңыз бізге тарих сырын шертеді,
Шындық жырын уақыт бірге ертеді.

Халқымыздың ұмытпасақ өткенін,
Туған елдің жарқын болмақ ертені.

Аңыз екен бізге жеткен бүгінде,
Әр аңыздың шындық жатыр түбінде.
Халқымыздың қазыналы тарихын,
Біз ұмытпай міндеттіміз білуге.

Жеті ішекпен жеті күйді тыңдатқан,
Тарихында тағылымды сыр жатқан.
Аңыз қайта санамызда жаңғырып,
Ұрпағына ғасырлардан тіл қатқан.


Серік Қалиев

ОЙЛАН, ТАП!

Сөйлемдердің басы мен соңын өзара сәйкестендір.

Жетіген		көшпелі заманда жігіттер көбірек ойнаған екен.
Жетігенді		әрбір ішегіне құлақ тағылған.
Жетігеннің		жеті ішекті көне саз аспабы.

ЖҮГЕН



Мінген немесе жегілген атты басқарып отыруға арналған аттың басына кигізілетін әбзел. Жүгенді аттың басына кигізуді – "жүгендеу" деп айтады. Атты мінгенде тізгінінің, ал, жегілгенде делбенің бір жағын тарту арқылы аттың басын бұрып, сол арқылы аттың жүретін бағытын өзгертіп отырады. Ал, екі жағын қатар тарту арқылы атты тоқтатады және кейде атты артқа шегіндіруге де болады. Атты текпайдаланған (мінгенде, жеккенде) кезде ғана жүгендейді де, ал басқа уақытта ноқтамен байлайды. Себебі жүгеннің ауыздығы болатындықтан аттың жем-шөп жеуіне, су ішуіне кедергі келтіреді. Осыған орай негізінен жүгеннің астынан ноқталау кең таралған.

МЫСАЛДАР

Көрінгенмен құрдас болып, арасаңдап жүретін Дұрмағамбеттің де иығы түсіп кетіпті. Қолында жүгені, жылқы жаққа бара жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Осыдан кейін оны (жылқыны) ық жерге әкеліп байлап, ауыздығын салып, жүгеннің тізгінін жалға түйіп байлап, таң асырады (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

Тық еткен үзеңгінің қатқыл үні мен жүгеннің жеңіл сыбдыры төңірегіне ғана емес, көктегі жұлдыздарға дейін жетіп жатқандай (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Еркектің қолы тимегенде мүйізіміз шығатынболса , міне , отыз жылдан асты , жүгенін сыпырып қоя берген тұл байталдай жал-құйрыққа шаң тимесе , жан тимей жүрміз ғой (Әбіш Кекілбаев, Құс қанаты).

Меселдесі қайтқан Әбіш шал жүгенін артына ұстап , құр қол келді (Оралхан Бөкеев, Бура).

Мақал-мәтелдер:

Атқосшың болмаса,
Жүгеніңді алып атқа бер.

* * *

Тілді жүгенде ұстау керек.

* * *

Ұятсыз қатын—тұзсыз ас,
Әдепсіз жігіт—жүгенсіз ат.

* * *

Бір атқа екі жүген керек емес.

* * *

Жалқау қойшының атын әйелі жүгендейді,
Малын қасқыр түгендейді.

Жұмбақтар:

Атам илеп қайысын,
Қажет құрал тіледі.
Атқа, асау тай үшін.

Жауабы: Жүген

Бір нәрсе бес бөгенді, тиегі бар,
Темірден салбыраған иегі бар.
Болғанда бірі қолда, бірі белде
Адамға әрқашанда керегі бар.

Жауабы: Жүген

Екі темір, бес ілгек,
Ортасында селкілдек.

Жауабы: Жүген

Екі аяқты жануар,
Жаны жоқ, басқан ізі бар.
Үзенгілі, жүгенсіз,
Тартпасы жоқ, ері бар.

Жауабы: Велосипед

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
jilov	жугөн	ci lov	yular	jylaw
татар	араб	парсы	украин	неміс
таяк	لجام	انسار	вуздечка	zaum
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
bride	briglia	brida	bridle	уздечка

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Жүген – мініп-түсетін, артып-
тартатын, жегілетін
жылқының басына кигізілетін
ауыздығы бар тұрман. Жүген ат басын
тілеген жаққа бағыттауға, тілеген сәттеатты
тоқтатуға қажет. Жүген ат-көккікті ырыққа
көндіру үшін, шу асауды үйрету үшін
қажет. Ат басына ілінетін осы жүгеннің –
ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау,
желкелік, сағалдырық, кекілдік,



кеңсірік, сулық, шаужай атты құрамдас бөліктері бар. Ал бұлардан басқа жасалған материалдарына қарай қайыс жүген, құр жүген, өрме жүген, былғары жүген, түйме жүген, шытырмалы жүген, күміс жүген сияқты түрлері бар. Жылқының – жүгені, ауыздығы, тізгіні, түйенің – бұйдасы мен итпесі, сиырдың – мұрындығы сияқты тұрмандар аты басқа болғанмен, мазмұны – бағындыру деген бір-ақ ұғымды береді.

Қазақ арасында жүгеннің қызметіне байланысты қосымша мағынада қолданылып, соған байланысты төмендегідей сөз орамдары қалыптасқан:

Жүгенсіз кету - ешкімнің ақылын тындамай, өз бетімен бейберекет тысыз кеткен адамға қаратыла айтылатын ұғым.

Жүген ұстап қалу – мінетін атынан айырылып, қаражаяу қалу дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл малсыз қалу деген мағынада да қолданылған. Қазақта жұт, барымта, індет немесе салғырттықтан бар малынан айырылып қалу жиі кездесіп отырған.

Жүген-құрық тимеген үйретілмеген, шу асау, тағы, еркін деген мағынаны білдіретін дәстүрлі ұғым. Бұл адамға, малға катысты да айтылады.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР



Дәуірі: XX ғ. басы

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан, Отырар

Материалы және техникасы: тері, металл, жіп; илеу, құю, тігу

Көлемі: 57 x 3

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-233/6 (тк1-

233/6)

* * *

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; құю, шегелеу

Көлемі: 85 x 3,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМЗ КП-995/2, ГМЗ ОФ-685/2



* * *



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; өңдеу, құю, шегелеу

Көлемі: 120 x 3,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-234/6 (тк1-234/6)

Төгіліп бір боранда барлық құты,
Мал тұрсын, кісі өлтірді тамақ жұты.
Көтермей бір-екі айды, ақсүйек боп,
Жүгенін ұстап қалды қазақ жұрты.

С. Торайғыров

* * *

Жүген

Көңіліңмен ұмтылған
Білсең елің сүйінер.
Жүген атты бұл тұрман
Ат басына киілер.

Атпен кезіп алапты,
Алыстарға заулайсың.
Ал жүгенсіз сен атты
Бағындыра алмайсың.

Жүгеннің көп түр-түрі,
Жасау да оны бір еңбек.
Небір асау жылқыны
Үйретерсің жүгендеп.

Дала кезген, тау кезген
Қарғып мініп жылқыға,
Жануарды әр кезде
Көндіре біл ырқыңа.

Олжас Қасы

Жүген

Жамбасқа шідерісін баса құлар
Жан болдым жылқыңызға аса құмар.
Басында өрме жүген.
Түйін сайын
төгілген тоғыз таспа шашағы бар.

Қарттардың қайыс тіліп, малдас құрған
Қимылын көрген едім алғаш қырдан;
Соғылған ақ болаттан ауыздықты
Ақ қайыс тізгінімен жалғастырған.

Шашағы өз алдына төгілгені,
Сағадан басқа жерде жоқ ілгегі.
Кетпеске сусып сол бір сағалдырық,
Таққаны торы түсті тобылғы еді.

Ат емес, атом мінген келдім елге,
Не қалды елжірейтін енді менде?!
Уыстап ақ құйрықты асаған соң,
Саусақты сүртуші едік сол жүгенге.

Басынан керегенің орын алған
Тағы да көрер ме едім соны жалған.
Шал да жоқ күзек пенен қыстауыңды
«Қайт-қайттап» шыға келер қорып алдан.

Маңайдан – жеткізбейтін түбі елсіздік
Салтты іздеп, сананы іздеп түгел сүздік.
Ат та жоқ, жүген де жоқ...

Алдымда тұр
әкелген асау ғасыр жүгенсіздік. (Абзал Бөкен)

ОЙЛАН, ТАП!

Сөйлемдердегі бос орындарды қажетті сөздермен толықтыр.

1. Тық еткен үзеңгінің қатқыл үні мен _____ жеңіл сыбдыры төңірегіне ғана емес, көктегі жұлдыздарға дейін жетіп жатқандай (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).
2. Азырақ бас асаулығы бар екен, әрең дегенде _____ алып, шаужайдан ұстап жетектей жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).
3. Шыбық майы жеңді білектей, жалының _____ дейін қол батпайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).
4. Енді бір қалт еткенде Хамза арқанмен екінші рет іліп қалған еді, асау _____, шыға келді (Ө.Әлімжанов, Махамбет.).
5. Сондықтан бұл арадағы қатал талап қою, үйрету кемшілігін мойындату, сөйтіп _____ жібермей адамды арнаға салу деп табылады (Б.Момышұлы, Біздің генерал).
6. Ахтанбердиев осы _____ келе айқасқан еді, ақыры түбіне жетіп тынды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).
7. Моисей комиссиядан кейін бұрынғысынан да бетер _____. Пысырынып, бөлім бастығына бағынуды қойды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Қажетті сөздер: жүгеннің, жүгендеп, жүгендігіне, жүгенделіп, жүгенсіз, жүгенсіздікпен, жүгенсізденді

КЕСЕ



Кішкене түрін – шай ішуге, үлкен түрін қымыз, сусын, сорпа ішуге пайдаланатын күйдірілген саздан жасалған шұңғыл ыдыс.

МЫСАЛДАР

«Байбол» дегенде Сақып шошып кетіп, қолындағы кесесі сылқ етіп жерге түсіп кетті (Бейімбет Майлин "Әдет құшағында").

Әбілқайырдың бетіне өң жүгіріп, көз алдының да әлгі бір қабарыңқы кіреукесі тарап, кесесін төңкерді (Әбіш Кекілбаев "Үркер").

Шын аңшылар үнемі сақ отырады, біз де қолымызда кесе, көзіміз айналада, құлағымыз әр дыбысқа елең етіп қалып отыр (Ғабит Мүсірепов "Қаз қалпында").

Кезекті кесені ауызға апара бергенде алғашқы клиент кірді (Ботагөз Маратқызы "Хош иісті кәсіп").

Қажымұқанның алыптығы соншалық, ет жеп болған соң, сорпаны кесемен емес, шелекпен сіміргенін көзімен көрген екен (Гүлбаршын Өкешқызы "Ғұмыр - ғанибет").

Мақал-мәтелдер:

Кесе боп барып,
Тостаған боп оралды.

* * *

Бір кесесі – ішімде,
Екіншісі – түсімде.

Кесенің ішінде де есеп бар.

Жұмбақтар:

Кішкене ұлым бар,
Кірген-шыққан сүйеді.

Жауабы: кесе

* * *

Құдайдың күдіреті көп болады,
Бір кеседе екі түрлі сүт болады.

Жауабы: жұмыртқа

* * *

Қаршығам өзі қансыз қолда қонар,
Қиын жерден қуанып ауыз толар,
Мен өзім қаршығамнан дән алыппын,
Шешуі бұл жұмбақтың қандай болар?

Жауабы: кесе, шай

Жаңылтпаштар:

Шеше, шеше,
Неше кесе
Сынды кеше?

* * *

Шеше, кеше неше есе кесе көп алдыңыз?

Шеше, кеше неше есе кесе кем алдыңыз?

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
piyola	чөйчөк	fincan	bardak	käse
татар	араб	парсы	украин	неміс
чынаяк	كوب	ننجان	чашка	Tasse
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
tasse	tazza	taza	cup	чашка

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Кесе – күйдірілген саздан жасалған шұңғыл ыдыс. Кесенің кішкене түрін – шай ішуге, үлкен түрін қымыз, сусын, сорпа ішуге пайдаланады. Дәстүрлі ортада ыдыс-аяқтардың барлығы ағаштан, қыштан жасалған. Кейде кеселер сауда жолдары арқылы келген.

Мәселен, тұрмыста Қытайда жасалған фарфор кеселер де қолданылған. Ондай кесені кәрден немесе кәрлен кесе деп те атаған. Аталмыш кесені материалына қарай қыш кесе, сапал, тасаяқ, тастабақ деп атаған. Бірсыпыра аймақта сапал сөзі балшықтан жасалған ыдыстардың жалпы атауы ретінде қолданылады. Қырғыз, өзбек тілдерінде де балшықтан күйдіріп жасаған ыдысты сапал дейді.

Қазақта «Кетік кесемен шай берме» деген сөз бар. Қазақтың салтында бұл әдепсіздікке жатады да, «адамның көңілі жарым болады» деген сенім бар.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Қыш кесе. Қазақ жерінде балшықтан күйдіріп ыдыс жасау ісі, ерте замандардан бері бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Мәселен, VII және IX ғасырдағы шеберлер қыш ыдыстарға металл өңін беріп жасаған, ал IX-XIII ғасырда түрлі ою-өрнектермен сәндеуді үйренген. Оны археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған қыш кесе, құмыра тәрізді бұйымдар айқындап береді.

* * *

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен өрнектелген **фарфор кесе**. Фарфор, фаянстан жасалатын қыш ыдыстар, оның ішінде кеселер XX ғасырдан бастап Қазақстан зауыттарында өндірістік тәсілмен көптеп шығарылатын болды. Ондай кесені **кәрден** немесе **кәрлен кесе** деп те атаған.





Тартар кесе – жарты литрдей сұйықтық сиятын шыны ыдыс. Оны басқаша «үлкен кесе», «орта кесе», «сапар кесе» деп те атайды.

* * *

Зерен кесе

Әсемдігі Мұрын жырау жырындай,
Үлкендігі Мұрын жырау мұрнындай.
Батыр қолға ұстағанда,
Зеренді,
Кішілігі шыбындай.
Ескі көзден қалған кесе ырымдай,
Бояуы тұр,
Ескі сөздің сырындай.
Ирек-ирек өрнектелген жиегі,
Өріп қойған бұрымдай.
Ескі зат деп қарағасын бұрын жай,
Кетер едік елемесек ұғынбай.
Абысыны келініне сыйлаған,
Сөрелерден аман қалған жығылмай...
Ертегілі елден келген сырың бай,
Жалғыз қалған шал-кемпірдің ұлындай.
Кербез қыздың тұрысындай кескіні,
Ал, өрнегі болат қылыш қынындай.
Құндылығы құнан қойдың құнындай,
Ескілігі ескі көздің нұрындай.
Жиегі де жұмсақ тиген ерніңе,
Сусыны да шырындай!

Ислам Қосжан

ОЙЛАН, ТАП!

Кесте ішінен қазақ халқының ыдыс-аяқ атаулары жасырынған.
Тігінен әрі көлденең орналасқан сөздерді тап және жаз.

Т	С	А	М	А	У	Р	Ы	Н
О	Й	У	Т	Е	Г	Е	Н	Е
С	Б	А	Қ	Ы	Р	А	Ш	Т
Т	О	О	Ш	К	А	Б	Ж	А
А	Ж	Қ	А	Ө	С	Ү	Т	П
Ғ	А	Ұ	Н	З	Т	Й	А	А
А	У	Т	А	Е	А	Е	Б	Т
Н	С	Ы	Ш	Л	У	Н	А	А
Э	Қ	Ұ	М	А	Н	Ы	Қ	Й
М	Е	С	Қ	Ұ	М	Ы	Р	А
Б	Ұ	Л	Қ	Ы	Н	Ш	А	Қ

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____
11. _____
12. _____
13. _____
14. _____
15. _____

КИІЗ ҮЙ



Киіз үй — Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы, көшпелі тұрғын үйі. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Көшпенділердің киіз үйі – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен, саяси қақтығыстардан зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып, көмек көрсетеді.

Киіз үй-көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы торлап көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек қанаттардан жасалады. Ал керегеден жоғары жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың басы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, ұшы (қаламы) шаңырақтың көзіне шаншылады.

Шаңырақ – үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған шымши немесе жалаңаш шиден тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар уықбау, кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үйдің ағаштан жасалғандарын «сүйегі» деп атайды. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері – туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылады.

КИІЗ ҮЙ ТҮРЛЕРІ

Киіз үйлер қазақы және қалмақы деп екіге бөлінеді. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болды. Ал, қалмақы үйлер төбесі шошақтау келеді.

Орда – салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар басын қосатын елдік мәселе шешетін немесе аса құрметті хан, би, сұлтандар отыратын үй. Мұның да бірнеше түрі бар.

Алтын орда – 30 қанаттан (керегеден) тұратын хамәжіліс ордасы.

Алтын үзік – 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.

Ақ шаңқан – 18 қанаттан тұратын үй.

Ақ орда – 12 қанаттан тұратын үй.

Ақ ала орда – 8 қанатты дәулетті бай үйі.

Ақ үй – 6 қанатты дәулетті бай үйі.

Боз үй, қоңыр үй – 4-5 қанатты ооташалар үйі.

Қараша үй – кедей үйі.

Отау – жас жұбайлар үйі.

Жолым үй, абылайша, жаппа – уақытша ғана отыратын шағын немесе жартылай тігілетін үйлер.

Күрек, қос – ауылда ас сақтайтын, далада малшылар тұратын немесе кедейлер үйлері.[5]

Ақтағыр - 2 қанатты, 2 үзікпен жабылатын шағын киіз үй.

Қара құрым үй - киізінің тозығы жеткен, ескі үй.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Босағаң төрдей болсын.

* * *

Есіктен орын тапсаң, төрге ұмтылма.

* * *

Қуыс үйден құр шықпа.

* * *

Балалы үй – базар,
Баласыз үй – мазар.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
уу	боз үй	yurd	yurt	guty
Татар	араб	парсы	украин	неміс
юрт	یورت	یُک یورت	юрта	eine Jurte
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
une yourte	una yurta	una yurta	yurt	юрта

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жалпытүрік тіліндегі «жұрт» («юрта» - орыс тілінде) деген сөзі «жұрт» деген мағынаны басымырақ білдіріп және де – «жайылым, жайлау» деген мағынаны да білдерді. Қырғыз және қазақ тілдерінде «Ата-Жұрт» сөзі «атамекен» - синонимі «Отан», сөзбе-сөз айтқанында: «Әке үйі» дегенді білдіреді.

Гэр (транслитерациясы: гер) – Моңғолша жай ғана «үй» мағынасын білдіреді.

Тирмә (транслитерациясы: тірмә) – бұл Башқұрт тіліндегі «киіз үй» термині.

Боз үй (транслитерациясы: боз үу) – Қырғыз терминінде киіздің түсіне байланысты, «боз, сұр үй» дегенді білдіреді.

Ак өй және гара өй – Түркімен тілінде сән салтанатына не әсемділігіне сай сөзбе-сөз «ақ үй» және « қара үй» дегенді білдіреді.

"Kherга"/"Жірга" - деп атайды, Африкандықтар.

Kheymah (خیمه) (урду тілінен (және парсы): خیمه) – Пакистан тұрғындары үшін, бұл «шатыр» не «киіз үй» деген мағынаны білдіреді.

Чадра (چادر) – Парсы тілінде

Хона-я сіёһ , хаума (киіз үй, хонаи сіёх, хайма). –Тәжік тілінде.

МЫСАЛДАР


Киіз үй ағаштық материалдардан, керегелерден, шаңырақ пен уықтардан, есіктен т.б. тетіктерден тұрады (Ә.Әлімжанов.).

Әкелген адам басы күрек, кетпен,
Киізүй, мүліктерін тастап кеткен,
Келер жыл кетпенменен егін екті
Айында апрельдің кезі көктем (О. Шипин).

Төрлет! деп бай-бәйбіше айтты қатар.
Жігітім, жүріпсіздер шегіп сапар.
Тоятын ішпей-жемей ниетіне,
Киіз үй, қара қазан аңқып жұпар.
Кісі екен қара сақал үй иесі,
Айтпай-ақ көрініп тұр әр жүйесі (К. Әзірбаев

Киізүй қайткенмен екі керегені қиыстырып, итарқалай салған
киіз, қос не алу-далу шөп көранадан тәуір ғой (Ж. Нәжімеденов).

Сол киіз үй, сол көнетоз кереге,
Мен шыққанмен, жоқсың енді далада.
Өкінгенмен өткен қайтып келе ме?!
Бір жоғалтқан жүрек жоғын таба ма?! (Ж.Жақыпбаев).
Көшіп-қонып жүрген қазақтар үшін ыдысаяқ салып, кереге
басына іліп қоятын аяққапсыз киізүй кемде-кем («Қаз. әдеб.»).



ЖҰМБАҚТАР

Төбедегі көзінен,
Күн сәулесі түседі.Бұрышы жоқ төрінен,
Самал еркін еседі.

Жауабы: Киіз үй.

* * *

Ұқсайтын шеңберге
Қабырғасы жиылып, керіледі,
Жиһазы мол кең бөлме,
Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

Жауабы: Киіз үй.

КИІЗ ҮЙ

Үй жасау керегеден басталады,
Оңайлау бұдан көрі басқалары.
Ағашы керегенің – сағаналар,
Біркелкі, қатар-қатар тасталады.

Енді үйші сағананы жонар өңдеп,
«Сағанам, сары алтындай бола көр!» – деп.
Иінін келтіреді, жұмырлайды,
Осының өзі айтарлық болар еңбек.

Басты шарт – сағаналар сәйкесімі,
Қиысып келу керек бар кесігі.
Кереге тез жазылып, тез жиылар,
Көктейтін сәйкес болса әр тесігі.

Әбубәкір Қайран.

ОЙЛАҢ, ТАП!

«Киіз үй» сөзіне қатысты ұғымдарды түсіндірмесімен сызық арқылы сәйкестендір.

1. АЛТЫН ОРДА	a) 18 қанаттан тұратын үй.
2. АҚ АЛА ОРДА	b) 12 қанаттан тұратын үй.
3. АҚ ШАҢҚАН	c) кедей үйі.
4. АҚ ОРДА	d) 30 қанаттан (керегеден) тұратын хамәжіліс ордасы.
5. АҚ ҮЙ	e) 8 қанатты дәулетті бай үйі.
6. БОЗ ҮЙ, ҚОҢЫР ҮЙ	f) жас жұбайлар үйі.
7. ҚАРАША ҮЙ	g) 4-5 қанатты ооташалар үйі.
8. ОТАУ	h) 6 қанатты дәулетті бай үйі.
9. АҚТАҒЫР	i) киізінің тозығы жеткен, ескі үй.
10. ҚАРА ҚҰРЫМ ҮЙ	j) 2 қанатты, 2 үзікпен жабылатын шағын киіз үй.

КҮБІ



Айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс.

МЫСАЛДАР

Бір күні басшы тышқан кезіп жүріп, Аузын мықтап бекіткен күбі көрген. Тәтті ірімшік иісі мұрнын жарып, Тесік жерін таба алмай болған ғаріп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Бұл ауылдың қазақтары қымыз ашытатын күбіні арша ағашынан қиып, киік отымен ыстайды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Күбі тобылғымен ысталса керек, көженің бетінде көбіктеніп май жүзіп жүр (А.Нұрманов, Құлан.).

Айта берсең, жетпейсің, Ердің арғы түбіне. Бір айналмай кетпейсің Құт құйылған күбіге (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Қайың күбі шелектің қақпағын ашып қалып еді, қымыран боп ашып тұрған шұбат иісі мұрын жара аңқып кетті (Әбіш Кекілбаев, Ең бақытты күн).

Мақал-мәтелдер:

Айрандай аттап, күбідей піскен...

* * *

Бос күбі күңгірлек.

Күбі де май,
Күбінің түбі де май.

Жұмбақтар:

Әуеден күбі түсті,
Күбінің түбі түсті.

Жауабы: күннің күркіреуі

* * *

Жансызда бір жансыз бар тоймайтұғын,
Қолында шоқпары бар қоймайтұғын,
Белінде үш-төрт жерден белбеуі бар,
Өзі өлмесе, белбеуі тозбайтұғын.

Жауабы: күбі

* * *

Кең балақтың ішінде
Кетпен сап болады.

Жауабы: күбі

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(пар. кубе كوپه) парсы тіліндегі мағынасы «ұрғыш, тоқпақ». Қазақ

тілінде «айран, іркіт, қымыз пісуге арналған ағаштан жасалған ыдыс»,
«бөшке» деген ауыспалы ұғымдарда қолданылады.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Күбі – сүт өнімдерін өңдеуге, сақтауға арналған, ағаштан жасалған ыдыс түрі. Күбі негізінен дөңгелек пішінді, іші қуыс, биік болып келеді. Көбінесе оның түп жағы кең, аузына қарай қиғаштай сүйірленіп бітеді. Күбінің ағаш қақпағы және пішіні әртүрлі болып келетін піспегі қатар жүреді. Бетіне жабылатын дөңгелек қақпағының ортасында піспектің сабы шығып тұратындай ойығы болады. Сыйымдылығы жағынан сабадан әлдеқайда кішілеу ыдыс. Оны көбінесе сауын малы аз орташа ауқаттылар май шайқауға пайдаланған. Күбіні пісуге және ішін тазалап ыстап отыруға ыңғайлы болғандықтан қымыз, шұбатты баптап дайындауға да пайдаланған. Күн райы ыстық оңтүстік өңірде күбіні көже ашыту, ашымал дайындауға ғана емес, сақтауға қолайлы бұйым ретінде әлі де болса қолданыстық мәнін жоғалтпаған. Күбіге құйылған сүт ашу үшін оның піспегі өткізілген қақпағының аузын мата орамалмен қымтап бітейді. Салқын болса сыртын жауып тастайды. Сүт ашығаннан кейін оны ұзақ уақыт піспекпен піссе, май бөлініп шығады. Осындай майды қалқып алып, қалған іркітін ішуге, құрт даярлауға пайдаланады.



Күбіні жасауға қолжетімділігіне қарай жиде, қайың, арша, емен, тал сияқты ағаштар пайдаланылады. Жасалуына қарай ел арасында шауып және құрастырып жасалған екі түрі кең таралған.

Қазақ халқы күбіні басқа ыдыстар сияқты аса қастерлеп ұстаған және күбіге қатысты наным-сенім, ырымдар мен тыйымдар да көптеп шығарған. Күбі әлбетте, киіз үйдің немесе қосалқы үйдің сол (қазан) жақ босағасынан орын алады. Үйге бас сұққан адам төрге озбас бұрын саба тәрізді оны да пісу ырымын жасаған соң ғана төрге қарай озатын болған. Ескірген күбіні отқа жағу, далаға лақтырып тастау жаман ырымға саналады. Шаңырақтың ырыздығы мен берекесінің символы ретінде оны қастерлеп таза орынға сақтап қояды.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Тұтас ағаштан шабылып жасалған, бүйірі сәл шығыңқы келген, келіге ұқсаған түрі. Мұндай түрлерін жасауға қайың, емен сияқты қатты ағаш таңдалады. Көбінесе тұтас қайың кесіндісінің өзегін ұңғып ойып алады. Шауып жасалған күбінің ауыз ернеуі мен түбіне екі кепіл шығырық кигізіледі. Әркім қалауынша сыртын ою-өрнек салып безендіреді. **Шауып жасалған күбі** түрі.

* * *

Күбінің қиюластырып жасалған түрі арнайы дайындалған дөңгелек түпке бір-біріне кірігетіндей етіп кертілген жұқа ағаш тақтайшаларды тігінен қиюластыра құрастырылады. Құрастырмалы күбінің сыртынан бірнеше дөңгелек темір құрсау кигізіледі. Осылайша дайын болған күбінің іші тегіс болу үшін алдымен ыстық темірмен қарып, содан соң майлап, түтінмен ыстайды. Сонда шайыры шыққан тақтайшалар өзара ұстасып, бекиді. Күбіні ұдайы тазалап, арша немесе тобылғымен ыстап отырмаса, ақ тағамның дәмі татып кетеді.



* * *



Тоқ күбі. Арнайы моторды шелектің қақпағына таңып қояды. Ол электр қуатымен жұмыс істейді.

Күбі

Қасиет деп түсінетін бір ұлы
біздің ауыл кәдімгі ағаш күбіні.
Отқа жағып құртқашаштың түбірін
сол күбіні ыстайтұғын,
ғұмыры
күбі күткен келіндерін мақтан ғып
талай қария о дүниеге аттанды.
Күбі бабы ат бабынан күшті еді:
сәл қисықтау болу керек піспегі,
құрсауы көп болу керек неғұрлым.
Бие сүтін құйған шақта көгілдір
сыртқа дымқыл теппеу керек,
тек сонда
дуалылар келген сексен, тоқсанға
күбі иесін мақтап бата бере алар,
аңыздағы Қызыр қартқа бара-бар
жарылқап бір тастайды да әлгі үйді,
ет піскенше ұртын сорып қалғиды.
Ылғи әйел – қауым болған
жылдары,
жалғыз сиыр – сауын болған
жылдары,
төл болғанда ешкінің де бір лағы,
көл болғанда шалшық сулар
құмдағы,

кара шалдар қайғы айтқанда
кешқұрым,
мен кешқұрым талай сырлар естідім:
кетісетін қарттар әнтек жылысып
әлдекімнің қаңсып жатса күбісі,
түңілісті: қайтқан-ау деп ырысы,
күбіністі: оңбайды-ау деп түбі ісі.
Күбі қаңсу – жоқтық шығар?
Жоқ, оған
кедейлік деп қарамайтын көп адам.
Ас шықпаса мейлі қазан, табадан,
бас шықпаса мейлі дейтін жағадан,
қыздар аман болмаса да күнәдан –
болсын дейтін күбілердің түбі аман.
О, сәттілік, несібе-ырыс белгісі,
босағаның – беріктіктің белгісі,
шаңырақтың – биіктіктің белгісі!
Береке алса күбілердің түбі шын,
содан толса менің көңіл-ыдысым,
тағы да оңға басар деймін бір ісім:
түнде әкеліп Алматыға кәрі әжем
пісіп жүрді жеті құрсау күбісін..

Жүмекен Нәжімеденов

* * *

Көкірегім бос күбідей даңғырлап,
Өмір - арбам құр келеді салбырап,
Шабыт - атым митыңдайды шау тартып,
Біле алмадым қайсы жолда қалдырмақ?

Кәкей Жаңжүңұлы

Қайың күбі

«Қымызды баянауылдықтарша
бапта»
Ел аңызы
Қайда келсем көрдім мен қайың
күбі.
Қымызға арнап жасапты дәйім
мұны.
Ішіндегі қымызы ерекше тым,
Ағаштығы демесең айырымы!
Қымыз – астың абзалы ұстай білсе;
Дәл бабында ыдысын ыстай білсе.
Бабын таппай, қымызды
бұзатындар
Жарар еді күнде бір құспай жүрсе!
Қымыз кіді, күтімін сәл ұмытсаң,
Дәмі өзгеріп қымызға түсер нұқсан.
Пісуі мен байқарың ыдысы оның,
Бағу жолын байыптап анық ұқсаң.
Бап ұстайтын үйлерде қымыз асын,
Бұрқыраған исіне қызығасың.
Жаман қымыз саздырып жүрегінді,
Жүдеу тартып лезде бұзыласың,
Қандай жаман шақшиған ащы
қымыз!

Ойламайды оны әсте бастығымыз.
Қашан болсын қалаға шалап тартып,
Татқызбай-ақ қойдық бір жақсы
қымыз!
Жүзден бие сауамыз жыл сайын біз,
Бірақ жұртқа бермейміз бұзбай
қымыз.
Алмайтын ек деп әркім ренжиді
Қымызыңның білгенде мұндайын біз!
Бабын тауып ұстаса қымыз асын,
Майы жүзген түріне қызығасың.
Жақсы ұстауға бар жағдай бар емес
пе
Сол сықылды қазақтың қызық асын!
Әлі есімнен кетпейді қайың күбі,
Қымтаулы аузы, ысы бап – айырымы.
Қымызды біз қызықты болсын десек,
Есте неге тұтпаймыз дәйім мұны?!
Асыраған ел емес қазақ шарап,
Қарайтпаған жүрегін айран-шалап,
Қымыз болса – қызықты күнде
думан,
Жазын жақсы өткізген тамашалап!..

Ғали Орманов

ОЙЛАН, ТАП!

Берілген суреттегі заттардың атауларының алғашқы әріптерінен
сөз құра.

ҚАЗАН



Қоладан мыстан, шойыннан, жезден түбі шұңғыл етіп жасалған, екі жағында ұстауға арналған құлақшасы бар тамақ пісіруге арналған ыдыс.

МЫСАЛДАР

Жерошақ біткеннің көбінде асулы қазан, ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр (Б.Майлин, Шығ.).

Жарлауыт өзекті қабақтай қатарластырып қазған жүз шамалы жерошақ, әр ошақта бір қазан, қазан толы ет шымыр- шымыр қайнап жатыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Кешқұрым бүлк-бүлк етіп қазан қайнап, ошаққа бала-шаға жиылады. (Ә.Кекілбаев, Әке).

Кемпір қазанды бір шайып тастап, су құйып, сүр салды (Ә.Тарази, Құйрықты.).

Мақал-мәтелдер:

Қазаншының өз еркі,
Қайдан құлақ шығарса.

* * *

Өзіне қарай, қосағы,
Қазанына қарай, ошағы.

Қазанға тиме, қарасы жұғар,
Балаға тиме, бәлесі жұғар.

* * *

Берместің асы піспес,
Қазаны оттан түспес.

* * *

Қасығы сынған қазаннан ұрттайды.

* * *

Ақылды отқа қарайды,
Ақымақ қазанға қарайды.

Жұмбақтар:

Басына қара таудың бітер қорған,
Онда жоқ бекітерге айыл-тұрман,
Қасына төрт нөкерін ертіп алып,
Үстіне қайырлы бай мініп тұрған.

Жауабы: қазан, ошақ

* * *

Шеңбердің үш тағанын,
Қаракөлдiң табанын,
Қызыл сиыр жалап тұр,
Терлеп, буы тарап тұр.

Жауабы: қазан, жалын

* * *

Бір нәрсе көлге қарап аузын ашқан,
Түседі аузына талай қашқан.
Болғанмен басы қиын, түбі рақат,
Онымен талай адам жағаласқан.

Жауабы: қазан

* * *

Аяғы жоқ, қарны тоқ,
Құлағы бар, басы жоқ.

Жауабы: қазан

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
kázan	kazan	gazan	kazan	gázan
Татар	араб	парсы	украин	неміс
kazan	کازان دېھان	دېگ بخار	котел	kessel
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
Chaudière	caldaia	caldera	cauldron	казан (котел)

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазан сөзі (Ауғ.; Ир.) 1. қазан. 2. табақ. – тамақ пісіруге арналған шойыннан немесе басқа металдан құйылып жасалған ыдыс.

Қазан сөзінің этимологиясы туралы В.Г.Егоров қазу, қазған шұңқыр сияқты ұқсатудан шыққан деген тұжырым айтады. Қазан сөзіне –ған аффиксінің қосылуы арқылы қазған > қаз(ғ) ан = қазан тұлғасында қалыптасты деген негіз бар.

Ауыспалы мағыналары:

1. этн. Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, ас пісіретін ыдыс.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қазан қасиетті саналады (ҚҰӘ).

2. Дәм, тағам.

Бір көрмеге тәп-тәтті

Қазаны мен қалбаңы.

Дөң айналмай ант атты,

Бүксіп, бықсып ар жағы (Абай, Тол. жин.).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Қазан – үйдің бас мүлкі. Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс – несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, аспіретін ыдыс. Қазақы дастарқанға қойылатын



тағамдардың түгелге жуығы дерлік қазаннан шығатындықтан, оның күнделікті дүниеауи тіршілікте орны ерекше болды. Қызға жасау бергенде қазанды ошағымен береді. Ұлға енші беріп, бөлек шығарғанда қазан беру міндетті саналған.

Әдеп нормасы бойынша, үйлеріне қонақ келгенде, сол үйдің әйелі тамақ пісірейін, ет асайын демей, қазан көтерейін деп, қазан-ошағын қамдай бастаған. Күнделікті тіршілік, отбасының күнкөрісін айтқанда қара қазан сары баланың қамы деп «қазанды» кірістіріп айтады.

Қазан ең алдымен тоқшылықтың нышаны: қазаны – тоқ уайымы жоқ; Қазан тәуелсіздіктің белгісі: қазаны бөлектің қайғысы бөлек; оты басқаның отаны басқа; қара қазан - ел бірлігінің, татулығының нышаны: бір қазаннан ас ішті; Араздықты қоздырып іріткі салуды бір үйге екі қазан астырған дейді.

Қайтыс болған адамның моласы бұзылса, түске кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Сол сияқты, қайтқан кісінің соңынан тұқымдары ауру-сырқаусыз, белгісіз себептермен өле берсе, құран оқытып, басына қазан төңкерткен. Біздің елде қазанға қатысты тағы бір ырым бар. Суға батып кеткен адамды қазан арқылы табады. Адам суға кетсе, үйіндегі қазанын төңкеріп суға жібереді.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Тайқазан – қазақ тұрмысында ең үлкен қазан болып саналады. Бір тайдың еті емін-еркін сыйып кететін болғандықтан осылай атаған. Торқалы тойда (аста), қыз ұзатқан, келін түсірген дүбірлі тойда тайқазандар бірнеше жерден қазылған жер ошаққа асылады.

Жарты қойдың еті асылатындай қазанды бір **қойлық қазан** деп атаған.



Жетім қазан – тозығы жеткен, ескі қазан. Жетім қазанға тарыдан басқа еш нәрсе қайнатпайды.

Ерте заманда ас пісіруге түбі шұңғыл, мыстан қақталып жасалған қазанды пайдаланған. Мыс қазанды ел ішінде **қызыл қазан** деп атаған. Кейінгі кезде шойыннан құйылған жарты шар пішінді қазан қазақ тұрмысында кеңінен орын ала бастады.



Күнделікті ас пісіруде көбінесе бір үйлі жанға шақталған жай қазан – **шағын қазандар** қолданылған.

Қара қазан

Балаңды ұрып жылатпа енді, қарағым,
Қалып қойған түрі ғой бұл жазаның.
Жегісі кеп тұр ғой базар тамағын,
Бала қайдан білсін парқын бағаның.

Бағы жанып тұр ғой бүгін базардың,
Бағын оның бастан тартып алар кім.
Сүт пісіріп, қаймақ-қаспақ жемеген,
Білмес бала қасиетін қазанның.

Дәндеп алған әбден қара базарға,
Кейбір үйде жоқ қой қара қазан да.
Таусылса егер ішетіні, жейтіні,
Базар жаққа жүгіреді азанда.

Отау тігіп үйлі болған адамның,
Мұра тұтқан атаменен, анаңның.
Ырыс құттың ыдысы ғой ежелден,
Болғаны жөн бір үйде бір қазанның.

Басыңа үй бауырыңа қазан ас,
Осы тағылым неге бүгін жарамас.
«Қара қазан сар баланың тілеуі»,
Қонақ келсе «қонағасын» қазанға ас.

Бізге жеткен баба салты ғасырдан,
Айырылып қалмайық бұл асылдан.
Он жылқының етін асқан «тайқазан»,
Қазағымның даңқын әлемге асырған.

Сайламқан Мұстақиұлы

Тай қазан

Осы қазан ғажабы ғой ғажаптың,
Осы қазан қазаны ғой Азаттың...
Тұрған үнсіз ғасырларды қайнатып
Бұдан берік қазаны жоқ қазақтың.
Бұдан алып қазаны жоқ қазақтың.
Сөзін айтып күмән менен назамның,
Осы жерде, осы жерде тазардым...
Ешбір елде, ешбір жерде болмаған
Ең киелі, ең қастерлі қазан бұл.
Қаншама рет бұғау киіп бұлқындым.
Қаншама рет өсіп қайта, қырқылдым.
Алып қазан,
Берік қазан,
Тай қазан –
Қазаны емес қарын менен құлқынның.
Лайласа – қайта тұнар тұнықпын.
Көмсе жерге – өніп шығар ұрықпын.
Алып қазан,
Берік қазан,
Тай қазан –
Қазаны бұл, қазаны бұл Рухтың...

Темірхан Медетбек

ОЙЛАН, ТАП!

«Қазан» сөзінің қандай мағынада тұрғанын анықта (+), (-)

Тура мағынада	Ауыспалы мағынада
------------------	----------------------

Кемпір қазанды бір шайып тастап су құйып сүр салды (Ә.Тарази, Құйрықты.).		
«Іш қазандай қайнайды, Күресерге дәрмен жоқ»... (И.Сапарбай).		
Қайнады тіл мен қазаным (Кердері Әбубәкір, Қ азағым).		
Дәстүрлі қазақ қоғамында қазан қасиетті саналады (ҚҰЭ).		
Асылатын ежелден ас салынып, Үш аяқты ошаққа бір-ақ қазан . (К.Ахметова).		

ҚАСЫҚ



Тамақ ішуге арналып алтын, күміс, қалайы сияқты металдар мен ағаштан жасалған, жіңішке сапты бұйым.

МЫСАЛДАР

Аламанның екі жақтауы иығына дейін, ақ, қызыл қызыл қоңыр түсті үлкен тышқан екенін, екі ұртында әрқайсысына ағаш қасық еркін сиятындай қалталары болатынын білуші едім (Жұлдыз).

Мұз үстіне зырылдақ ойнағандарың да болар. Табақ түбіне сынған қасық сабағынан шырылдауық істеп, дөңгелеткендерің бар шығар (А.Байтұрсынов, Оқу құралы).

Лашын , сенің берген балыңнан да Бір қасық анам берген суы (сүті) тәтті (Есенғали Раушанов, Киік).

Кешкі астың үстінде де қасықтың салдырынан басқа көп дыбыс шыға бермейді (Әбіш Кекілбаев, Құс қанаты).

Мақал-мәтелдер:

Қасықтап жинап,
Шөміштеп төкпе.

* * *

Құр қасық ауыз жыртар.

* * *

Қасығы сынған қазаннан ұрттайды.

Піскен асқа — тік қасық.
 Қасықпен ас берген,
 Сабымен көз шығарар.

ЖҰМБАҚТАР

Сабы бар,
 Басы шатыр.
 Табысын өлшеп әкеп,
 Құдыққа тасып жатыр.

Жауабы: қасық

* * * Кесе,
 шыны, пиала —
 Оларсыз шай құяма?
 Қасықсыз тамақ жемейді,
 Бәрінің атын не дейді?

Жауабы: ыдыс-аяқ

* * *
 Сабы бар, басы шатыр,
 Табысын өлшеп әкеп,
 Аузына салып жатыр.

Жауабы: қасық

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	чуваш
qoshiq	кашык	qaşıq	kaşık	кашăк
татар	араб	парсы	украин	неміс
кашык	ملغۇة	قاشق	ложка	Löffel
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
cuillère	cucchiaio	cuchara	spoon	ложка

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Қасық қолданылуына қарай ас қасық, шәй қасық деп бөлінеді. Ас қасықпен сұйық

немесе қою тамақтарды ішсе, шәй қасық шәй ішкенде қолданылған. Қасық жасауға шабуға келетін, ағаш түрлерінің барлығы

дерлік жаратылып, ойып жасалады. Ағаш шеберлері кейде сәндік үшін қасықтың ернеулеріне түрлі ою, өрнектер ойып, бедерлеген. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ тұрмысына орыстардан алтын, күміс, қалайы сияқты металдан жасалған қасық түрлері мен ағаш қасықтың боялған, өрнектер салынған түрлері ене бастады.



Дәстүрлі ортада көзге шыққан теріскен мен ерінге шыққан ұшықты емдеуде ағаш қасық қолданылған. Ол үшін қасықтың басына қойдың майын жағып, отқа қыздырып, теріскен мен ұшық шыққан тұсты басады. Осы әдісті екіұш рет қайталағанда, теріскен мен ұшық басылып, тез жазылады.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Шай қасық – шай ішкенде пайдаланатын кішкентай қасық.

Ас қасық – ас алып ішуге арналған, шай қасықтан үлкендеу қасықтың түрі.



* * *



Қасық ожаудан кіші, ағаштың тұтас кесектерінен жасалады, сондықтан **ағаш қасық** деп аталады, жарқын бояулармен боялады. Балалар үшін де, ересектер үшін де жасайды.

Солдат қасығы туралы баллада

Жанарынан ең соңғы жасы тамып,
Жығылды ол Карнаттан асып барып,
Жолдастары жіберді анасына
Солдаттың қонышындағы қасықты алып.

Қасіреттің қара оты қанында ұйып,
Қарт ананың жайлады жанын күйік.
Ұзақ тұрды мұнартқан тау тәрізді
Қарапайым қасықтың сабын сүйіп.

Ойға батты қиялмен, тау, құзды асып,
Майданды да інарлады қанды із басып.
Жан ұлының қалдырған бар мұрасы
Қолындағы қалайы жалғыз қасық.

Басталды екен майданда жолы қайдан,
 Кім екен бұл қасықты жонып ойған.
 Жалғыз ұлы, дариға, атын жазып,
 Жалғыз қасық сабына қолын қойған.

Сол жазулар тұрғандай сөз ғып ұлын,
 Көк жиегін ашқандай көз нұрының.
 Сол қасықтың сабынан сезінгендей
 Баласының оты мен өз жылуын.

Сырбай Мәуленов

ОЙЛАН, ТАП!

**Тұрақты тіркесті тиісті түсіндірмесімен сызық арқылы
сәйкестендір**

Бір қасық қанын тіледі		Сұлу, үріп ауызға салғандай
Бір қасық сумен жұтып жіберерлік		Келісімге келе алмау
Қасықтап жиды		Шыбындай жанын қиюды өтінді
Құрғақ қасық		Мәймөңкілесті, жалбақтасты
Майлы қасықтай болды		Аз-аздан тырбанып жиды
Қасықтап жиғанын шөміштеп төкті		Аздап болса да, еңбекпен жиғанын тез құртты

ҚОБЫЗ



Қобыз – мойны имек, шанағы ожаудың басы тәрізді, ысқышпен ысып ойналатын екі-үш ішекті ұлттық музыка аспабы. Қобыз – қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрлі музыкалық аспабы. Қобыз қазақ халқының ең көне аспаптарының бірі болып табылады. Түркі тілдес халықтарда да қобызға ұқсас музыкалық аспаптың алуан түрлері бар. Қазақ қобызына осы күні екіден төртке дейін ішек тағылады. Негізгі ерекшелігі – ішектер мен қияғы жылқының қылынан жасалатындығында.

МЫСАЛДАР

Оқ жыландай бұраңдап, безгектей қалтыраған, қобыздың шегіндей тырсылдаған ауыр ойлар ол түні ханымның басын ара шаққандай қылды (Ж.Аймауытов, Шығармалар жинағы).

Ескі заман болса, бұл хабар жетісімен-ақ, қайын жұртың сойылын сүйретіп, қалың қолмен келіп қалар еді де, дүмді неме шаңырағыңа қобыз ойнатып зықынды шығарар еді (С.Мұқанов, «Мөлдір махаббат»).

Менің қобызға құмар кезім, есіл-дертім Ықыластың қобызы, көзімді Ықыластан алмай отырмын (С.Сейфуллин, «Тар жол тайғақ кешу»).

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР:

Жау құтырса, шаңырағыңа қобыз тартар.

* * *

Қобызшы қобызшыны көрсе, қолы қалтырайды.

* * *

Ұл он беске келгенше, қолыңдағы қобызың,
Он бестен асқан соң, тіл алмаса, доңызың.

* * *

Мен не деймін,
Қобызым не дейді?

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	татар	құмық	дағыстан
гиджак	қияқ	кубыз	къомуз	хомыс
румын	венгр	тәжік	украин	молдова
cobzä	koboz	кемәнші	кобза	кобзэ

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ертедегі түрк жазба ескерткіштерінде қобы кейде қовы тұлғалы сөздер қазіргі тіліміздегі “қуыс”, “бос” мағыналарын берген. Сол кездің өзінде іші қуыс ыдыстарға қова (“шелек”, “күбі”) сияқты атаулар берілген. Қазіргі әңгіме болып отырған қобыздың өзі М. Қашқари заманында да қобуз дыбыстық құрамында қолданылған.

Түркі тайпаларында іші қуыс деген мағына беретін “ковы” (қобы) деген сөз болған. Оның қазақ тұрмысындағы бір көрінісі – күпі (күбі). Сонда “қобыз” – іші бос, қуыс ыдыс болып шығады. Қазақ, моңғол халықтарының музыкалық аспаптарын сипаттаған А.Ф. Эйхгорн екі ішекті, ысқышты аспапты “қауыз” деп атаған. Бұл да қобыз аспабының құрылымына жақын ұғым. Іші қуыс, орта шеніне дейін шанақпен жабылған қобыз атауының семантикасы “қауыз” ұғымына әбден сай келеді. “Күп”, “күбі”, “кабы”, “кабыз”, “қауыз”, “қобыз” атаулары фонетикалық тұрғыдан өзара жақын, үндес. Ал, семантикасы “қауыз” сөзімен сабақтас. Сонымен “қобыз” сөзінің аспаптың құрылымына сай туғанын байқауға болады.

«Қобыз» атауының шығуы – оның ішін қуыстап жасалуымен әрі ұқсатудан туғандығына тағы бір деректі якут, тува тілдерінен кездестіреміз: якуттарда – «хомуос», тува тілінде – «хымыш» тұлғалы сөздер «ожау», «шөміш» мағыналарында қолданылады. Осы аталған ыдыстың түр-тұлғасын сипаттасақ – бас жағы қуыс, үңгіп жасалған, сабы – ұзынша, жіңішке. Сырт қарағанда айнымаған қобыз. Ең алдымен ыдыс (ожау) атауы, соған ұқсатудан «қобыз» сөзі шыққан. Түркі тілдерінен ауысқан болса керек, осыған сәйкес музыкалық аспап тунгус-маньчжур тілдерінде де «камус» болып дыбысталады. Қобыз атауының пайда болуына негіз боларлық сөз жүйесі басқа тілдерде де кездеседі. Мысалы, парсы тілінде «кәбус» тұлғасы «қисық, иілген» іспеттес мағыналарда айтылады. Қобыз тұлғасының иіліп, қисық көрініп тұратыны да бекер емес. Алайда, алғашқы – түркі тілдері

негізінен пайда болған деген жорамалымыз шындыққа жақын деп ойлаймыз, - дейді Ө. Нұрмағамбетов.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Қобыз аспабы жайында сөз қозғағанда, оны ерте замандағы қазақ бақыстарының өнерімен байланыстырамыз. Бақыстардың қарапайым адамдардан басты ерекшелігі – олар түрлі ырғақтармен сайрайтын ақын және күйші, актер, емші, әрі келешекті



алдын-ала болжайтын көріпкел болған. Мыслай қазақ бақыстары үлкен табиғи дарын-қасиетінің арқасында қобызда ойнап, зарлы немесе қанағарлы үн, әуендер шығару т.б. әрекеттер жасау арқылы жүйке жүйелеріне әсер ете отырып адамдарды емдеген. Сондықтан қобыз өнерінің ірі тұлғалары бақыстылық дарыны болған адамдар.

Дәстүрлі қазақы ортада қобыздың пайда болуын күй атасы Қорқыттың есімімен байланыстырады. Осы жайт жөнінде қадым заманнан бастау алатын сан алуан әпсана-аңыздарды, мифтерді, ертеңдерді және мифоэпикалық желіске құрылған жырларды өзіндік архитөктоникалық-поэтикалық ерекшеліктері бар жеке-дара фольклорлық дәстүр десе де болады.

ЖҰМБАҚТАР

Бас, құлақ, мойны бар,
Үп-үлкен шанағы бар.
Әндөтіп шығар әні бар,
Бұл аспап, қай аспап?

Жауабы: Қобыз

Бір нәрсе қараңғыда қаймалайды,
Азнаса көмейінде мал жылайды.
Құйрығын қара жерге тіреп алып,
Келеді баяғының әнін салып.

Жауабы: Қобыз

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Көшпелі ортада жырау мен жыршы жыр-толғауды, дастанды, эпикалық көне шығармаларды айтуды, әдетте, қобызбен сүйемелдеп орындаған. Дала жыршыларының бәрі қобыздың сүйемелдеуімен ән салған. Қобыз XX ғасырдың басында-ақ қолданыстан

шеттей бастаған.

Бұл аспап қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің көне көзі, рухани қазына мүлкі, эпостық және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұрасы бола тұра, әу бастан-ақ қобыз бақсының, бақсылық жасаудың құралы деген пікір қалыптасқан болатын. Сондай



түсініспеушіліктің кесірінен қобыз жаңа заман көшіне ілесе алмай ескіліктің қалдығы саналып жоғалып, жойылып кетудің алдында қалды. Уақыт өте келе қобыз қайтадан қалпына келтіріліп, кәсіби қобызшылар жеке-дара да, оркестрдің құрамында да өнер көрсетіп келеді

ҚОБЫЗ

Сенің үнің секілді менің үнім,
Елжіреуін қарашы, егілуін?
Жан баласын жанына ертпейтұғын
Жалғыздықта ақынның көңілі мұң...

Сенің үнің секілді бұлақ үні,
Бал тұмадан, сенбесең, сұра мұны?
Таңғы Азан да аулақтау даңғаза әннен
Жұрт жүрегін ұйытқан жұма күні.

Сенің үнің секілді аспан үні,
Жан мен рухқа жаназық қас қағымы.
Құдіреттің иесі – Хақ болмаса,
Хас өнердің бар дейсің басқа кімі?..

Исраил Сапарбай

ОЙЛАН, ТАП!

«Қобыз» сөзіне қатысты ұғымды сызық арқылы сәйкестендір.

Қобыз

- a) үрмелі музыкалық аспап
- b) ұрмалы саз аспап
- c) ысқышпен ысып ойналатын аспап

ҚОРЖЫН



Екі басты (қалталы) ас-тағам салып тасымалдауға арналған тоқыма бұйым. Материалы кілем сияқты тоқу тәсілімен жасалады. Бұйымның негізі болып табылатын астыңғы жағы тұтас тоқылады. Көлемі 120х50 см. шамасында болып келеді. Оның екі шетінің әрқайсысының үстіне көлемі 50х50 см. болып келетін арнайы тоқылған «бет» тігіледі. Осылайша екі қалта жасалады. Оны қоржынның екі басы деп атайды. Шеттеріне жұмыр өрім баудан жиек бастырып, етегіне әсемдік үшін күлтелі шашақ тағылады. Қалталарының ауызын ілмелеп байлауға арналған (негізіне және қалтасының ернеуіне) жұмыр өрім бау тігіледі. Қоржынның түксіз немесе аралас тоқу тәсілімен (түкті, түксіз) тұтастай тоқылған жолақтардан қайтара тігіп жасаған түрлері де кездеседі. Қоржынға аттылы жолаушы ас-тағам және керек-жарақтарын салып, ердің артқы қапталындағы қанжығаға байлап, бөктеріп алып жүреді. Сондай-ақ, қоржынды құда-құдандалықта сый-сияпат салып апару үшін көптеп қолданылады. Ол құдағи қоржын, күйеу қоржын деп аталады.

МЫСАЛДАР

Қоржын іші бөлек-бөлек қалта бар, Қалта толған мейіздейін малта бар. «Шөл далада жалғыз отыр ер балаң. Жел-ау, жел-ау алты алашқа айта бар!» (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қоржынға кітап, құран салдым жинап, Не таптым, бала жастан нәпсі, Ойландым бекер қарап сыйламайды деп, Біраз күн жүрейін деп жанды қинап (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

Пісіп тұрған еттерін, малшының ең мол тамағы – ашшы құрттарын қоржынға толтыра салып алып, жолдастары мен Жұманға тамақ әкетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Берері көп, қоржыны толған жеміс,

Тірлігінде жері жоқ болған кеміс.

Қасиетін айтпесе елемейсің,

Ішсең оның суынан сен шөлдеп іш (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Иран тілінен енген «خورجین» - хоржин) – әртүрлі нәрсе салуға арналып, иірілген жүннен, мақтадан тоқылған екі басты қапшық, теңдеме.



Ауыспалы мағыналары:

1. Экономикалық термин

Жекелеген фирма, сала және микроэкономика талаптарына сәйкес бір күнгі тауарлар тапсырысының тапсырысы; Сұранымды және дайындаушы мүмкіндіктерін ескере отырып, өнімді өндіру бойынша өнім өндіру үшін негіз болып өнімнің түр-түрі бойынша сұрыпталымдық жоспар; 3. Заңды не жеке тұлға иеленетін түрлі бағалы қағаздар мен пакеттерінің құнды қағаздар қоржыны.

Қоржын экономикасының барлық аяларында пайдалы және фирма, ұйым, кәсіпорын қызметі, экономика келешегі, нарықтағы орны, т.б. туралы пайымдауға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

2. Тұлғаның жетістіктерінің жиынтығы (портфолио)

Қазіргі мектеп мұғалімінің қоржынында оқушының жеке тұлғасы және оқушылар ұжымын зерттеудің жан-жақты бай ғылыми әдістемесі жинақталған (<https://adisteme.kz/category/adistemelik-korzhyin>).

3. Жергілікті сөз. Аудың бір бөлігі.

Ауға түскен балық ығысып барып, қоржынға жиналады (Қаза. тілі. аймақ. сөздігі).


4. Информатикалық термин. (ағыл. Recycle) Windows ортасының жүйеге қызмет ету бағдарламасы немесе жүйелік бумасы

Қоржын дискілердегі (магниттік, лазерлік) жоюға қажет емес ақпаратпен жұмыс істеуді жүзеге асыру (Қаз тілі. термин. Информатика.).

Қоржындағы мәліметтер қажет етілмейтін болса, оны бірдеңе тазартып, ішіндегі мәліметтерді біржолата қалпына келтіруге болмайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Қоржын – иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Түрлі заттар алып жүруге пайдаланылады. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ кілемше (түкті, өрнекті) түрінде жасалады. Оның ат қоржын, түйе қоржын, т.б. түрлері бар. Қазақстан, Орта Азия мен Кавказ аймағының, Таулы Алтай өлкесінің тұрғындары пайдаланған.



МАҚАЛ

Кедейдің қоржыны толса да, көзі тоймас.

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

Қоржын апару - қазақ халқының атадан келе жатқан дәстүрі. Қазіргі кезде де қыз ұзату не үйлену тойларында құдағилар қоржын даярлайды. Тойға келген әйелдер қоржын көруге жиналады. Қоржынның бір жағына дастарқанға шайлық тәттілер салынады, екінші жағына қыз-келіншектер мен әйелдерге арнайы сыйлықтар, мата, орамал салынады, ал сыртына зергерлік бұйымдар ілінеді. Қоржынның бетіне оны ашатын әйелге арналған көйлек орамал салынады. Жиналғандарға қоржынды ашып көрсеткеннен кейін сыйлықтары мен шайлық тәттілерін қыз-келіншектер мен әйелдерге үлестіріп береді.

Қоржын сөгу — той кәделерінің арасында қоржын сөгу болады. Бұған негізінен әйелдер жиналады. Қоржынның аузына бір киімдік пұл салынады. Бұл сөккен адамның сыбағасы. Қоржынның бір басына қыздың әке-шешесіне берілетін жағалы киімдерді салады да, екінші басына жиылған кісілерге бөліп берілетін тәтті тағамдар салады.



ҚОРЖЫННЫҢ ТҮРЛЕРІ

Той қоржын (күйеу қоржын) - аты айтып отырғандай тойға арналған қоржын, оны ұлдары үйленгенде бір қалтасына китін, екінші қалтасына тәтілерін салып апарады.

Қыз қоржын - бұрынғы кезде ата бабаларымыз қыздарының өзіне қажет әшекей бұйымдарын бір қапталына киімдерін салып қыздарына апарған.

Бесік қоржын - осы кезде де нағашылары жаңа туылған жиендеріне апаратын қоржын. Ол қоржынға балаға керек заттарын салып апарады.



ЖАҢЫЛТПАШ

Жол азық алдық,

Мол азық алдық.

Қоржынымыз толы азық алдық,

Сайлаудың қоразын алдық.

ЖҰМБАҚТАР

Керегенің басында мақпал қоржын.

Жауабы: Тұтқыш.

Су келеді сылдырап,
Қос қоржыны жанында,
Қоңыр телпек басында,
Ұзын бойлы қарадан,
Жолдасы бар қасында.
Бұрқан-талқан болады,
Шыдамаса ашуға.

Жауабы: Самауыр.

ОЙЛАН, ТАП!

Берілген суреттегі заттардың атауларының алғашқы әріптерінен
сөз құра.

ҚҰЙЫСҚАН



Ердің еңіс жерлерде ат мойнына кетпеуі үшін былғары не қалың қайыстан жасалып, ердің артқы қанжығасына бекітіліп, аттың құйрығының астынан орай тағылатын әбзел.

МЫСАЛДАР

Төрт жүз тоқсан тоғыз жүйрікті артқа тастап, жалғыз құлдырап, аққан жұлдыздай Құлагер Көкөзектің сайына құйысқаны сартылдап, екпіндеп түсе берді. (С.Жүнісов)

Ылдиға жүретін аттың ер тоқымы шоқтығына кетпеу үшін ердің артын құйрық түбімен жалғастырып тартып тұратын бұйымды құйысқан дейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Құйысқанды күміспен өрнектеп әсемдейді. Былғарыдан шашақ жасап қымбат тастар қадайды (Шаңырақ энцикл.).

Әйелдердің ер-тұрманы, тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүгендері тегіс жалпақ күміске малынған (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Үзеңгісі үзбе алтын, Тебінгісі терме алтын, Құйысқаны құйма алтын, Қу найзалы жирен тай (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Мақал-мәтелдер:

Қамшы — қанат,
Құйысқан — қуат.
* * *

Өмілдірік, шаптартпа құйысқанға жетпейді.
Қанша жақын болса да туысқанға жетпейді.
* * *

Жауыр атқа жіп құйысқан.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	бұлғар
қуюқшон	куюшкан	quşqun	at sağrısı	подопашник
татар	араб	парсы	украин	неміс
астыртын	الغهد	باردم	підхвістя	unterziehen
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
croupe	sottocoda	sotacola	crupper	подхвостник

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Ертедегі түркі тілдерінде «құдұчақ» тұлғалы сөз қазіргі қазақ тіліндегі «құйымшақ» дегенді түсіндірсе, қазіргі чуваш тілінде «хыдж» - біздегі «арт, бексе» сөздерінің орнына жүреді. Бұлардан байқайтынымыз — сөздің ең алғашқы түбірі «құд», ал қазіргі қазақ тілінде ол «құй» қалпына дейін өзгерген (құй + рық). Осы деректер арқылы «құйысқан» сөзінің бірінші буынының мағынасы мәлім. Екінші түбірді — түркі тілдеріне туыстығы жақын тунгус-маньчжур тілдеріндегі «қайыс» мағынасын беретін «һошшан» тұлғасы болар деп ойлаймыз. Екі түбірді қоса келгенде «құй һошшан» тіркесі пайда болады. Сөз тіркесі біріге келіп (құй һошшан>құйошһшан>құйосһан>құйысһан>құйысқан), қазақ тілінде

«құйысқан» түріне дейін өзгеріп, мағынасы — «құйрық қайыс» дегенді білдіретін болған деген топшылау жасаймыз.

(Бес жүз бес сөз. — Алматы: Рауан, 1994 жыл.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Құйысқан – ер аттың мойнына кетпеуі үшін былғарыдан қайыспен астарлап қайып жасалатын әбзел. Кейде ердің артқы қапталына байланатын екі ұшын өрген өрмелі, түймелі құйысқандар да кездеседі.



Құйысқанды күміспен өрнектеп әсемдейді. Былғарыдан шашақ жасап, қымбат тастар қадайды. Құйысқанның ортасына былғары қайыстан дөңгелек тігіледі. Осы дөңгелектің алдыңғы шеті ердің артқы қапталындағы шығыршыққа байланады. Ал аттың құйрығының астына келетін артқы бөлігі ұзын тұтас қайыстан жасалып, ортасынан екіге иіліп, осы иілген жерін таспалап тіледі.

Құйысқан негізінен екі жақтау, екі жырым, бір боқтық, бір сауырлық үзбе, екі сауырлық салпыншақ, екі жаңбырлық үзбе, екі жаңбырлық салпыншақ сынды бірнеше бөлімнен құралып, ерлерше құйысқан, әйелдерше құйысқан деп екі түрге бөлінеді де, әйелдер құйысқаны алтын - күміс, асыл тастармен ерекше безендіріліп жасалады.

Құйысқанның екі жақтауы және жаңбырлық-салпыншақ атты жылқының сауырын жапқан үзбелері болады. Құйысқан аттың тезек тастайтын тышпасына көлденең тұрғандықтан, кейбір кездерде жылқының тезегі құйысқанға қыстырылып қалып, аттың еркін қимылына кедергі келтіреді. Мұндайды біздің қазақ жақтырмай «құйысқанға қыстырылған боқ сияқты» деп айтады.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік
Қазақстан

Материалы және техникасы:
тері, металл; шегелеу, нақыштау

Көлемі: 91 x 3

Орналасқан жері: Қазақстан
Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМЗ КП-995/3, ГМЗ ОФ-685/



* * *

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; өңдеу,
құю, шегелеу, нақыштау

Көлемі: 111 x 3

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық
музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-234/5 (тк1-234/5)



* * *

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері,
металл; қақтау, қалыптау

Көлемі: 106 x 3,5 см

Орналасқан жері: Қазақстан
Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-233/3
(тк1-233/3)



Құйысқан

Әр кезде сен жаңылма,
Құйысқанды қолыңа ал.
Кім біледі, жолыңда
Кедергілер жолығар.

Құйысқансыз сар желген
Арғымақтың сәні жоқ.
Сақадай сай әбзелмен
Қорқудың еш жөні жоқ!

Олжас Қасым

Қыр қазағы

Шопан, Диқан -
Еңбектің озаттары -
Жасандылық дегеннен азат бәрі.
Басылады көргенде көзіме оттай
Бауырмалшыл ауылдың қазақтары.
Заманы емес айылдың,
Құйысқанның,
Самолетпен
Алдында күміс таңның
Келеді олар құдалық жолыменен,
Қазасына немесе туысқанның.
Сол қазаға қайысып қабырғасы
Отырады сыр тартып,
Тамыр басып...

Қадыр Мырза Әли


Жорық

...Жалғыздың жары “өзі” деп,
Құйысқанды қысқарттым.
Екі айылды берік тарттым,
Қалыңға қарай жол тарттым,
Қыруға шеттен бөрі боп...

Бернияз Күлеев

ОЙЛАН, ТАП!

Кроссвордты шеш. Боялған бөлікте жасырынған сөзді тап.



1. Жіп орнына қолданатын, термелеп жүннен жасалатын бау.(құр)
2. Аттың алдыңғы аяғынан тұсалатын әбзел.(тұсамыс)
3. Тайға мінетін бала ері.(ашамай)
4. Жылқы ноқтасына тағылатын берік еспе бау.(шылбыр)
5. Құйысқанға, шілияға, ершікке сәндік үшін тағылатын шашақ.(салпыншақ)
6. Ер астынан келетін, былғарымен қапталып, киізден жасалған әбзел.(тоқым)
7. Жылқы тоңбас үшін жабатын өрнектелген киіз, мата жабынды.(атжабу)
8. Жүген астынан түсетін әбзел.(ноқта)

ҚҰМАН



Қолға су құюға арналған, шойыннан, мыстан жасалған тұтқалы, қақпақты, шүмекті сопақша ыдыс.

МЫСАЛДАР

Бір қатер бойын билеп сасқалақтап, Қолынан **құманы** да түсіп кетті. Он жеті қызметшіні шақырып ап, Тігуге шатырларды әмір етті (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

Пештің алды қоқырсыған күл, тезек күлге тығып қойған қара **құман**, шылапшын-шелек ыбырсып жатыр. (Б.Майлин, Шығ.).

Ол легенді үйдің ошақ тұратын орта тұсына қойды да, сыртқа шығып, жез **құман** мен бір шелек су алып келді (І.Есенберлин, Қаһар).

Қашанғы шыдасын ! Енесі оттың бір шетіне бөксесін тығып тұрған қара **құманды** суырып алды да қолын жуа бастады (Әбіш Кекілбаев, Ең бақытты күн).

Қатыны Жамал есік жақтағы шылапшын **құманын**, аяқ-табағын жинастырды (Бейімбет Майлин, Әдет құшағында).

Арт жағында мәлиген бір ит, бір қаз мойын **құманы** тұр (Ғабит Мүсірепов, Атақты әнші Майра).

Мақал-мәтелдер:

Құманы сәнді болса,
Шайы да дәмді.
* * *

Құлақтай ет жеп,
Құмандай сорпа іш.

Жұмбақтар:

Лақтырып бөрікін басынан,
«Бүйірі» қызса, тасыған.

Жауабы: құман

* * *

Есікте екеу отыр өлемін деп,
Төрде төртеу отыр төремін деп,
Ортада біреу отыр көmemін деп.

Жауабы: босаға, кебеже, құман

* * *

Су бетін сызып,
Ақ Құман жүр жүзіп.

Жауабы: аққу

* * *

Бір қарыс, екі тұтам бойы бар-ды,
Өзінің сақилықтан ойы бар-ды.

Жауабы: құман

Жаңылтпаштар:

Құман от басында,
Жүген ат басында.
От басынан **құманды** алыс тастасын ба?
Ат басынан жүгенін ап, нокта салсын ба?

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құман сөзін «زُمَان» Махмұд әл-Қашқари «Диуани Лұғат ат-Түрк» атты еңбегінде «Құмыра, бутыл яғни шыныдан жасалған ыдыс» деп көрсетеді. Парсы тілінде Хум деген сөзден шыққан, құман хумның көпше түрі. Араб тілінде шарап, сусын құятын ыдыс деген сөзді білдіреді.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Құман – күнделікті тұрмыста суды пайдаланғанда (қол жуғанда, дәрет алғанда, шай қайнатқанда т.б.) қолданатын ыдыстар тобының жалпы атауы.

Әдетте құманның сыйымдылығы 0,4 - 0,8 литр аралығындағы, құлағы бар шүмекті ыдыс болып келеді. Құмандардың түрлі металлдардан (мыс, жез, темір, қола, күміс), қыштан жасалған түрлері пайдаланылған. Қол жууға арналған құмандар алып жүргенде суы шайқалып төгілмес үшін мойны, шүмегі ұзыншалау келіп, тұрқы биік етіліп жасалса, шай қайнататын құмандардың пошымы отқа қойғанда тез қызатындай және дастарқан басында шай құйғанға ыңғайлы болуы үшін пошымы жатағандау болып келеді.

Сәндік бұйым ретінде тұтынуға арналған, күмістен, алтыннан жасалған құмандар да болады. Құман әуелде қолөнершілер шеберханасында құйылып жасалған.

Құман мен леген тазалыққа қызмет етеді. Қазақ халқында келген қонақтардың қолына құман мен легенді алып су құю үлкен құрмет болып саналған. Қолға су құйған балаға үлкен кісілер бата берген.



ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қашқар құман – мойны ұзын мыс құман. Имек тұтқалы, қаз мойынды шүмегі және қақпағы болады. Қазақ арасына сауда-саттық арқылы қолданысқа енді. Оңтүстік өлкелердегі отырықшы елдерден келген, яғни сату үшін көптеп өндірілген бұйымдар қазақы ортада базары деген атаумен аталды. Бұл атау бұйымның базардан сатылып алынғандығын білдірсе керек. Құманның Бұқар, Хиуа және Самарқан сияқты қалалардан келген құмандарынан айырмашылығы – өрнегі аз, әрі қарапайым жасалды.



Көңқұман шығыршығынан асып қойып, шүмегін қолмен тұқыртып кол жууға ыңғайланып жасалған ыдыс. Қыбықтырылған көн теріні су күйінде екі қабаттап, саз балшықтан мүсінделген құманның формасына жігі білінбейтіндей етіп жабыстырып, одан соң қақтапкептірген.

Күмістен соғылып жасалған аса қымбат **күмісқұман**. Ол күміспен және қалайы сыммен жамап бекітілген.



Күміс құмған-ай, отта тұрған-ай
Айналайын көзіңнен ашып жұмған-ай
Бекзаттарым-ай жекжаттарым-ай
Жекжат болып ауылыңа кеп жатқаным-ай.

Халық әні

* * *

Құмған алған,
Суға барған,
Сұлуымды сағындым.
Сырғаланған,
Құған арман.
Құлынымды сағындым.
Түйнектер мен
Жидек терген,
Нуларымды сағындым.
Үйректермен
Иректелген,
Суларымды сағындым...

Мұқағали Мақатаев

* * *


Құман және кран

Бұл күндері орнын басқан құманның
Қызметіне ырза жұртым кранның.
«Жып-жылы екен суы», – деп те мақтайды,
Бірақ, ешкім бата беріп жатпайды.
Жүрген шақта қонақтарға су құйып,
Мәртебеміз болушы еді тым биік.
Әдеппенен ұсынғанда сүлгіні,
Көрген кісі дейтін бізді үлгілі.
Талап тілеп, ғұмыр тілеп, бақ тілеп,
Әрқайсысы айтатұғын ақ тілек.
Қариялар бата берген қол жайып
Тәтті күнді қалай еске алмайық?!
Жуынуға барған кезде күн сайын
Сол батаны жан-тәніммен аңсаймын.

Ақылбек Шаяхмет

ОЙЛАН, ТАП!

Бірінші бағандағы шикізаттардан құмыраның қандай түрлерін жасауға болады? Анықта және жаз.

An empty rectangular box for writing an answer.An empty rectangular box for writing an answer.An empty rectangular box for writing an answer.An empty rectangular box for writing an answer.An empty rectangular box for writing an answer.

ҚҰРТ



Ашыған айранды пісіп, пісілген іркітті майы алынғаннан кейін, қазанға құйып қайнатып, қоюланғаннан кейін, дорба, қапшыққа құйып, 5-6 күн сорғытылған соң, ұсақтап бөліп, әртүрлі формада жасап, өреге кептірілетін ұлттық тағам.

МЫСАЛДАР

Құрттың түрлері көп: ақ, май, қара, қызыл, көшағыл, шағырмақ, шағылдақ, ащы, ақ түймеш және торақ, қораба, ежігей, жарма, баспа, сықпа т.б. (ҚҰӘ).

Мен құрт, бауырсақ алып алысқа кетейін. Әлгілер ауыл маңын тінтуі мүмкін (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Ежігей мен алдық ірімшік Айтуынша Дәрінің. Құртты салдық қоржынға Білгендіктен қадірін (О.Шипин, Дастан.).

Майдалап турап, құртты қантшаққышпен уақтады (С.Алдабергенов, Асу).

Әскердің азық-түлігіне сойыс қамдап, құрт, ірімшік, нан дайындайтын бақауыл тобында да бір тыным жоқ (Қ.Жұмаділов, Дарабоз).

Мен құрт, бауырсақ алып алысқа кетейін (Б. Тоғ.).

Керуенім шұбалып, Кең даланы кезбеймін, Кең бұлақтан су алып, Бақырға құрт езбеймін. Ұшты. Болды. «ТУ» алып, Қонғанымды сезбеймін (М.Мақатаев. Шығ.)

Мақал-мәтелдер:

Түзде жүріп,
Жау жайратқан батырмын,
Үйге келіп,
Құрт қайнатқан батырмын.

* * *

Жақын жүрген досыңмен
Жарты құрт тапсаң, жарып же,
Бір құрт тапсаң, бөліп же.

Жұмбақтар:

Бір бие желіні егіз тапқан,
Айғыры туар күні үйірін тапқан.
Бірі ұлпал, ласының бірі жаңқа,
Япыр-ай, неткен зерек мұны тапқан.

Жауабы: саба, піспек, май, құрт

* * *

Шиге жайып кептірген,
Өзі қышқыл, түсі ақ,
Сорсаң дәмді, түсі ақ,
Жаңғақтай-ақ домалақ.

Жауабы: құрт

* * *

Алғашқы түбір сөз –
Аспаннан тұрған сорғалап.
Екінші түбір сөз
Сүт тағамы доңғалақ.
Екеуін қосып оқысаң –
Жәндік жүрген жорғалап.

Жауабы: жауын + құрт = жауынқұрт

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
kurt	курут	qurut	kurut	gurt
бурят	араб	парсы	башқұрт	неміс
хурууд	خمرة	لشك	корот	Quark
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
fromage blanc	cagliata	Cuajada	cheese curd	курт

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрт сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Түрікшеде «kurut» формасында кездесетін «құрт» лексемасы қазақ тілінде фонетикалық редукцияға ұшырағанын көруге болады.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Құрт – сүттен әзірленетін азық түрі. Қой, ешкі, сиыр, тіпті түйе сүтінен де жасалады. Жаз маусымында мал сауылатын шақта дайындалып, қыстық азық қоры ретінде сақталады. Алынған сүмесіне қарай құрттың дәмі өзгеше болады: қой сүтінен жасалған құрт ерекше дәмді, майлылығы жоғары, үгіліп тұрады, кесек жармаларының ортасы қызғылт түсті. Ал, сиыр сүтінен әзірленгендері көкшіл түсті, қатайып кетеді.



Дәстүрлі ортада құрт дастарқандағы жеңсік тағамның бірі ретінде ас мәзірінде үлкен мәнге ие болған: оның құрамындағы ағзаға қажетті азықтық заттар мен микроэлементтер көп. Кептірілген соң ұзақ уақыт

бойы сапасы мен кенеулік қасиетін сақтауы оны тұтынуға қолайлылық тудырады.

Қазақы ортада ағайындар арасындағы сәлемдеме мен сауқатқа да құртты дәм ретінде салып жібереді. Той кезінде шашу салтанатына да басқа дәм түрлерімен бірге құрт шашылатын. Қазақ азық-түлік атауларында оны «құрт-май» деп қоса дәріптеуінің өзі құрттың қазақ дастарқанындағы ерекше орнын көрсетеді. Сауын малы көп бай ауылдар мол дайындалған құрт пен майын келесі көктемге дейін тұтынған.

Дәстүрлі ортада құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары жиналатын әдет болған. *«Көбік жалау»* деп аталатын әдет – қазандағы құрт қайнап жатқан кезде оның бетіне қалқып шыққан тәтті көбікті шөміш немесе ожау сыртын малып алып жұғынын жалау. Ол көбік қазан бетіне шыққан құрттың маңызы болғандықтан аса дәмді болады.

Қазақтарда құрт дайындаудың екі тәсілі бар. Бірінші тәсіл – сүзіп жасау. Ол тез әрі оңай әзірленеді: піскен сүтті ұйытып әзірлеген айранды сүзіп кептірген соң кішігірім бөліктерге бөледі немесе қолмен сығып дайындайды. Мұндай құрт **Сүзбе құрт** деп аталады. Екіншісі – құрт қайнату. Бұл бірнеше сатыдан тұрады. Сабаға немесе күбіге айранды жинап алған соң оны өңдеп екі түрлі өнім алады: алдымен пісіп майын алады, әрмен қарай іркітін қайнатып Құрт алады.

Қазақтар құртты дайындау ерекшеліктеріне байланысты ақ құрт, май құрт, қара құрт, қызыл құрт, көкшағыл, шағырмақ, шағылдаққұрт, ащы құрт, ақ түймеш және торақ құрт, шытырма, тораба құрт, ежігей құрт деп жіктейді. Жасалған пішіміне қарай күлше, шүйірмек, жарма, баспа, сықпа, дөңгелек құрт деген т.б. атаулары бар

Қазақы ырым бойынша өредегі (яғни кеппеген құртты) жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар. Тіпті Беташар кезінде де келінге:

Қаптың аузы бос тұр деп,

Құрт ұрлама, келіншек,- деп өсиет айтылады.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Жасқұрт. Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін таптырмайтын ас саналады. Ертеректе жас құртты құйрық-

бауырға қосқан. Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасаған, ауырған малға ішкізген, әйелдер бас жуған.

* * *

Ыстыққұрт. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.



* * *



Сықпақұрт. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әртүрлі үлгімен бөлшектеліп тақшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.



Езгенқұрт. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнтақталады, келіге түйіледінемесе қол диірменге тартылады. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Оны

суға немесе сүтке қосып дайындалған тағамды малта деп атайды. Ақмалта – осы езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.

* * *

Ұнтаққұрт. Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.



Кепкен құрт

Бір бала құртқа өш,
Берместен жұртқа еш,
Құрт көріп, бас салып,
Сорды да тамсанып,
Жегісі кеп еді,
Бөлуге келмеді!
Ызадан жарылар
Баланың жайы бар.
Ашуын шақырды,
Азуын батырды!
Құрттан да тіс мықты,
Қарш етті, іс бітті!
Қара, не іс қылған,
Құрт сынбай, тіс сынған!..

Ескен Елубаев

Сықпа құрт

Жетемін деп бір күннен соң, бір күнге,
Жүрісімді жеделдетіп жүрдім де.
Күн жылыда алыстадым ауылымнан,
Күн суықта пенде болып бұл күнге.
Арманыма дедім дағы жетемін,
Аһ ұрғызды азаптаған жеке мұң.
Қорғадым мен өрешені қарғадан,
Тегін тұрған сықпа құртты жемедім.
Таба алмайсың барсаң дағы бас қала,
Таба алмайсың қалтаңдағы ақшаға.
Алтын бар да, базарда жоқ
Сықпа құрт.
Бұл не деген, бұл не деген масқара!
Ол күндерде көңілімде бала тым,
Самалындай аңқылдаған даланың.
Сағындым ғой сықпа құртты, амал не?
Саусағының табы қалған анамның.

Кеңесжан Шалқарұлы

ОЙЛАН, ТАП!

«Синквейн» әдісімен «Құрт» тақырыбына бес жолды өлең құрастыр.

1) Бір сөзбен тақырып жазу(зат есім түрінде).	1. _____
2) Екі сөзбен сипаттау (екі сын есім түрінде).	2. _____
3) Үш сөзбен тақырып бойынша іс — әрекет жазу (етістік, көсемше).	3. _____
4) Төрт сөзден тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесін жазу.	4. _____
5) Тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазу.	5. _____

ОЖАУ



Сұйық нәрсені құюға арналған сабы бар ыдыс, кішкене шөміш

МЫСАЛДАР

Бірінің қолында ожау, бірінің қолында күріш елегі, енді бірінің қолында қойдың саны (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Иісі аңқыған сары қымызды күміс ожаумен сапыруға кірісті (І.Есенберлин, Алмас.).

Қасына ақылшы ретінде Бексейітті ертіп жүріп бір қабат төсек-орын, бір кастрюль, екі қалайы табак, екі қырлы стакан, бір пышақ, ожау, екі-үш қасық сатып алды (М.Мағауин, Бір ата.).

Шал, кемпір, жас бала, әйелдер ожау, шөміш, қасық-қалағын салып суға бас қойған (Н.Баяндин, Атамекен).

Кемпір қазанды сабы ұзын ағаш ожаумен құлаштай сапырып отырған (Құрманбай Толыбаев, Әсет).

Жұмбақтар:

Беті үлкен тым-ақ өзге денесінен,
Бұлаңдап түсіп шығар кемесінен,
Ішіне қарын-қарын суды құйып,
Шығады сүңгіп-сүңгіп денесімен.

Жауабы: ожау

Қайнап жатқан көлге
Темір үйрек сүңгиді.

Жауабы: қазан, ожау

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
chelak	чөмүч	çömçə	kerçe	ladle
татар	араб	парсы	украин	неміс
ladle	مغرنة	اسکوپ	черпак	Scoop
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
scoop	notizia in anticipo	cucharón	scoop	черпак

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Ожау – сусын ішуге және оны құйып алуға арналған

сапты ыдыс. Ыңғайлы болу үшін осындай ожаудың тұтқасында ойық кесіледі. Ожау бір немесе қосарлы болуы мүмкін. Ожау

ағаштан жасалған түрін адамдар б.з.д. II ғасырда-ақ қолдана бастаған. Металдан жасалған ожау XVI- XIX ғасырларда пайда болды. Ожау шұңғыл ыдыс іспеттес болып келеді. Кейде ожаудың сабына ою-өрнек салып безендіреді. Сәндік бұйымдар есебінде ожау алтын, күміспен қапталып, сабына асыл тас орнатылады. Қазақстанда ағаштан ойып жасалған ожау кеңінен тарап, қымыз, айран, сүт, сусын құюға қолданылған. Сабына қарай ұзын сапты, қысқа сапты болып бөлінеді.

Қазақы ырым-тыйымдарға байланысты мұндай ыдысты ас-судан басқа мақсатқа пайдалануға болмайды. Ырысы кетеді деп бей-берекет тастамайды. Оны бос тұрған уақытында қастерлеп кереге басына, ашабақанға іліп қояды.



ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Мүйіз ожау – аққудың мойнындай иілген сары мүйіз сәнді ожаумен немесе ыс сіңіп, сарғыш тартқан мүйіз ожаумен үйеңкі тегенеден қымыз сапырғанда оны ерекше дәмдендіріп тұрғандай сезінесің. Мүйіз ожау күнге қызбайды, сондықтан ол сары қымызға салқын леп береді және арқар мүйізіне өңез жабыспайды, шыбын қонақтамайды.

* * *

Бүйрек ожау – ағаштан жасалған, ортасы тесік қосарланған ожау. Бүйрек ожаумен әдетте, тегештегі қымызды сапырып, аяқ, тостағандарға құяды. Ожаудың қосбүйірлі болып келуі қымыздың құрамындағы ашу барысында пайда болған газды сапырып шығаруды қамтамасыз етеді. Саба, күбідегі қымызды шара, тегенеге қотарған соң аяққа құйып таратпас бұрын әбден сапыру қажеттілігінің бір қыры осында.



* * *



Үйрекбас ожау – басы үйректің басына ұқсас сәнді ожау.

* * *

Күнделікті ас үйде қолданылатын темірден жасалған **заманауи ожау**.



Жездің сүгі

Шомбал шойын ожаулар,
Сұп-сұйық оттар кілкілдеп.
Қарамай беттеп, көз аунар,
Қайтеді мынау шіркін! — деп.
Маңдайды лебі күйдіріп,
Кірпікті қарып, қайқайтып,
Тұруға бір сәт кідіріп,
Шыдамың мүлдем қалмай түк.
Ілгері-кейін жылжисың
Ойында енді өз қамың.
Танауың сезіп жез исін,
Ерінің татып жез дәмін...

Ғафу Қайырбеков

ОЙЛАН, ТАП!

Суретте бейнеленген ыдыстарды ата және жаз.



ОШАҚ



Ошақ – қазан асуға арналған тұғыр. Жасалған материалдарына қарай *темір ошақ, тас ошақ, жер ошақ және қазандық* болып бөлінеді.

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Ошақ» сөзі түркі тілдерінде кездесетін от пен жақ (жағу) сөздерінен құралған болуы мүмкін. Сөз ішінде қатар келген «т» және «ж» дыбыстары біріне-бірі әсер етіп, екеуі де өзгеріп, «ш» (кейбір түркі тілдерінде ч, ж, с) дыбысына ауысқан. Сонымен бұл сөз от (од + жак) + жаг > отжақ + оджаг > ожақ//ошақ//очақ болып өзгерген тәрізді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, бұрын түрік әмірі мен сұлтандарының жанында әдейі от жағушы кісі болған, оны «ожақы» деп атаған.

(А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі*, Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы -1966. - 240 б.).

МЫСАЛДАР

Үйге кіріп келген қонақтарға төрден орын босатып, ескілеу бір текемет төсеп, қайтадан ошағының басына барды (С. Шәріпов).

Бір-бірімізді бауыр ғып,
Сонда да біздер сағындық.
Ошағы сөнген үйлердің,
Оты болдық та, жағылдық (М. Мақатаев).

Ағаның темір соғар дүкенінде
Қимылын көргем оның жас күнімде:
Соқтырып сол қолымен көріктен жел
Ойнатып ошақтағы отты шебер,
Қып-қызыл сом темірді алауланған
Жалыннан көкшіл сарғылт талай алған (Ә. Тәжібаев).

Сырттағы жер ошақтан түсіп қазан,
Мәжіліске араласты ет те кіріп (Ә. Тәжібаев).

Төртқараларға төрткүлдеп ошақ қаздырып,
Төбел де бие сойғызар күзі келіпті-ау (Е. Раушанов).

Асылатын ежелден ас салынып,
Үш аяқты ошаққа бір-ақ қазан (К. Ахметова).

Ауыспалы мағынасы:

1. Үй, отау

Өз ошағының есігін ол ештеме ойламай-ақ, шіміркенусіз, тітіркенусіз келіп ашты (С.Шаймерденов).

Оны бүкіл ел қарғап отыр, оның зияны тимеген ошақ бар ма? (Ш. Өтепов).

Бір-ақ күнде ошақ басын ойрандап,
Бір-ақ күнде таясың-ау, қайран бақ. (А. Бақтыгереева).

Осы болар ойсырап тоқтасқаның ,
Опыныш ошағынан от басқаның. (Ә. Кекілбаев).

Сәл ертерек ошағының оты өшкен:
Қазағымның бір қайнауы ішінде (Қ. Мырзалиев).

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
учоқ	очок	оджак	ожак	ожак
татар	якут	Араб	парсы	украин
учак	осох	مۆد	اجاق	вогнище
неміс	итальян	испан	ағылшын	орыс
Feuerstelle	focolare	hogar	hearth	очаг

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Дәстүрлі қазақ қоғамында ошақ қасиетті де қастерлі дүние болып саналады. «Ошақтың үш бұтынан бер» деген ізгі ақ тілек бар. «Ошағы құлап, оты сөну» бір шаңырақтың тыныс-тіршілігі тоқтағандығын білдірген. Апандай ошақ үйдің сәнін кетіреді. Қазақта «Ошаққа су құйма, жаман болады!», «Ошақты теппе!» деген ырым-тыйымдар бар.

Үлкендер «Ошағыңның оты өшпесін, шырағың сөнбесін!» деп, бата береді. Қазақ ұғымында қазақ пен қазан, от пен отбасы ұғымдары етене астасып жатады. Осыдан келіп, «Отбасы – ошақ қасы» деген сөз жеткен.

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР

Ошақтың бір аяғы сынса,
Қазандағы ас төгіледі.

* * *

Ошақтың үш бұты оттан кетпесе,
Ат белдеуден кетпесе,
Ер жігітке бұ бір хандық.

* * *

Жаман үйден қосым артық,
Сынық ошақтан мосым артық.

* * *

Жаманға ошақтың үш бұты — үш айлық жол.

* * *

Қазансыз алтын ошақтан
Қара сулы мосы артық.
Қаңыраған алтын ордадан
Қарасы мол қос артық.

ОШАҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ



Темір ошақтың жерге тірелетін үш аяғы, қазан түбіне кигізілетін шеңбері болды. Ошақтың аяқтары шеңберіне шегемен бекітіліп, оның жерге тірелетін ұшы орнықты болуы үшін аздап сыртқа қарай иіледі.



Тасошақ, негізінен, үш тастан жасалады. Қазанның түбі үш тастың арасына қойылғанда, оның астында от жанатын бос орын қалуы керек.



Жер ошақ сопақша етіп жерден қазылады. Оның бір басы от жағылуы үшін үлкендеу етіп жасалады, ал кішірек келген екінші басынан түтін шығады.

ЖҰМБАҚТАР

Екі ошаққа бір көсеу

Жауабы: *Сиырдың танауы мен тілі.*

Боп, боп, бопылдақ,

Бопылдақ үсті үш тармақ.

Үш тармақта соқыр шақ,

Соқыр шақ үсті жез қармақ.

Жауабы: *Күл, ошақ, қазан, тамақ, шөміш.*

* * *

Болғанда қиған қалпақ, қырсау құрық,

Мінгені үш аяқты қызыл жүйрік.

Жауабы: *Қазан, ошақ, от.*

* * *

Басына қара таудың бітер қорған,
Онда жоқ бекітерге айыл-тұрман,
Қасына төрт нөкерін ертіп алып,
Үстіне қайырлы бай мініп тұрған.

Жауабы: Қазан, ошақ.

ОШАҚ

Бармысың, киелі ошақ ұшқындаған!
Сағынтып жүрегімді қыстың жаман.
Қойнынан қара түннің қарауытқан,
Сәуле боп сонадайдан түстің маған.
Сырлы ошақ, сағымды ошақ, жалынды ошақ,
Келемін бордай еріп, жаным босап.
Отырды-ау, қауқылдасып, барын жасап,
Түбіңде қалың қазақ – қалың жасақ.
Өткенді ойға оралтсам соға ма ауыр?
Бір қозғау салып тұрсың санама бұл.
Болдың ба жалғандағы жалғыз тірек,
Телмірді қоршап сені қоралы ауыл.
Басыңда ән айтылды, жыр айтылды,
Бос белбеу, боз өкпелер былай тұрды.
Қаныма жалыныңды құйшы менің,
Болайын бір-ақ сәтте құдай сынды!
Қарт анам көпті көрген – қара ошағым,
Бәріне куәсің ғой тамашаның.
Тағы да сендіресің, Сен білесің,
Қашаннан жерге түскен жара санын.
Сарнатып сар желдіріп сары атанын,
Соққанда суық желі қарашаның,
Тоңдырмай қара қостың балапанын,
Жылыттың аналардың алақанын...

Тағасы тағатымның бітті сынып,
Аймала алауыңды тік түсіріп.
Қазанға бара салып бас қояйын,
Қара ошақ, жатырмысың сүт пісіріп?!

Несіпбек Айтұлы

ОЙЛАҢ, ТАП!

- 1. Берілген суреттегі заттардың атауларының алғашқы әріптерінен сөз құра.**

ӨМІЛДІРІК



Ер артқа қарай сырғып кетпеу үшін, аттың омырауын орай тар-тылған құрал. Өмілдірік – төсбау және айылбас салпыншақтардан тұрады. Төсбаудың міндеті – омыраудағы өмілдірік аттың бауыздауына қарай сырғып кетпеу үшін, бір ұшы төс айылға байланады. Өмілдірікті жұмсақ қайыстан сәндеп жасайды. Жасалу үлгісі мен пошымына қарай – өрмелі, шытыралы, түймелі, үзбелі, күмістелген т.б. түрлері бар.

МЫСАЛДАР

Бірі жақұт орнатылған, күміс шапқан үйрекбас ерлі, жалпақ өмілдірігі мен әшекейлі құйысқанының шашақтары төгілген, бірі береземен безендірілген биік алтын қасты жайпақ ерлі, алтын оқалы көк кежім жабылған екі ат тартылды. (М.Мағауин)

Өмілдірік сом алтын, омырауда алқылдап. («Қыз Жібек» жырынан)

Астындағы сайгүлік жүйрігінің ер-тоқымы, жүген-құйысқаны, өмілдірігі – бәрі сары алтынмен апталған (І.Есенберлин, Алмас.).

Таулы, сайлы жерлерде құйысқан, өмілдірікті пайдаланған дұрыс (Ғ.Әбішев, Мал жарақат.).

Бұл айғырды мойнына шылбыр салып жетектетіп жібермей, ер-тоқым, жүгені, өмілдірік, құйысқаны, бар әбзелімен көлденең тартқаным дұрыс болар деген Дауылбай мырза (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе).

Мақал-мәтелдер:

Өмілдірік, шаптартпа құйысқанға жетпейді,
Қанша жақын болса да туысқанға жетпейді.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

башқұрт	қырғыз	ұйғыр	түрік	алтай
күмелдерек	көмөлдүрүк	өмүлдүрүк	önlük	көндүрге
тәжік	араб	парсы	украин	иран
күмелдерек	مراباة	بېلخوان	підперсник	мәргьгә
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
bavoir	bavaglino	pechera	breast-collar	нагрудник

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ және басқа да түркі тілдерінде -дірік (-дүрүк//-турық//-дуруқ) жұрнағы арқылы жасалатын бір топ сөздің біреуі өмілдірік. Сағалдырық, кемелдірік, мойынтұрық, табалдырық дегенде сақал, мойын, табан сөздерінің негіз болып тұрғанын аңғаруға болады. «Өмілдірік» сөзінің жасалу жолы сөздің алғашқы түбірі — «өм» тұлғасының қандай мағына меншіктенгендігінде болып отыр. «Өм» сөзінің алғашқы тұлғасы — кейбір түркі тілдерінде кездесетін «өмген», «омых», «омыр» сөздерімен тамырлас, тектес. Шағатай тілінде өмген — аттың кеудесі (В. Рад., Опыт..., I, 2, 1315); Қазіргі хақас тілінде «омыр», «омых» тұлғалы сөздер де «аттың кеудесі» мағыналарында қолданылады (Хак.-рус.сл., 1953, 126). Тіпті моңғол тілінің дерегінде де «омруу» тұлғалы сөз — төс, кеуде, омырау мағыналарында айтылады (Мон.-қаз. сөз., 1954, 129). Әсіресе, шағатай, хакас тілдеріндегі «өмген», «омых» сөздерінің тек жылқының кеудесімен ғана байланысты қолданылуы, «өмілдірік» сөзіндегі «өм» түбірімен байланысы барын көрсетеді. Сөйтіп, «өмген» не «омых, омыр» сөздерінің біріне «ілдірік» тұлғасының қосылуы арқылы (өмген+ілдірік немесе омых+ілдірік, одан әрі ом(ых)ілдірік>>өмілдірік>өмілдірік) «өмілдірік» жабдығы пайда болған.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Өмілдірік – ердің артқа кетпеуін қамтамасыз етеді; сонымен бірге сәндік үшін де тағылатындықтан, оны қалың былғарыдан жасап, әшекейлейді. Өмілдірік үш басты болады. Екі басы ердің алдыңғы қасына, бір басы аттың бауыр жағына тартпаға бекітіліп, аттың омырауын басып тұрады. Өмілдірік былғарыдан, қайыспен астарланып қайып тігіліп, өріп жасалады. Өмілдіріктің аттың кеудесінің алдына келетін ортасына былғарыдан қайыспен астарлап дөңгелек жасалып, шашақталған баулар салып,

күмістелген бүркеншіктер, нақышталған өрнектермен әшекейленіп, дөңгелек ортасына ақық тастар орнатылады. Өмілдірік әсіресе сайыс, жорық кезінде, тауға шыққанда ертоқым ат бауырына жылжымау үшін өте қажет.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; қақтау, қалыптау

Көлемі: 187 x 2,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы
Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМЗ КП 1256/6 (ГМЗ
ОФ 944/6)

* * *

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік
Қазақстан

Материалы және

техникасы: тері, металл; өңдеу, құю

Көлемі: 194 x 3,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі. ГМРКтк1-234/7 (тк1-234/7)



Дәйім менің мінгенім көгілдірік, көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік-ай.
Жерің шалғай кеткенде құрбыластар, құрбыластар,
Осы әніме сала жүр төгілдіріп-ай.
(Халық әні «Жан қалқатай»)

Өмілдірік

Ол дағы ердің бөлшегі,
Атқұмар жан ұғады.
Өмілдірік болса, ерің
Қозғалмастан тұрады.

Арғымаққа әр беріп,
Кеудесіне киілер.
Әшекеймен сәнденіп,
Шашақ баумен түйілер.

Жасайды оны шеберлер
Былғары мен құрымнан.
Ат әбзелін өнерлі ел
Қазынам деп ұғынған.

Олжас Қасым

ОЙЛАҢ, ТАП!

Суреттерде берілген ат әбзелдерінің атауларын жазып шық.



ПЫШАҚ



Кесуге, турауға, мал союға лайықты, жүзі өткір, үшкір, сабы бар құрал.

МЫСАЛДАР

Дүниеде мылтық пен пышақтан суық не бар, шашты босатып жіберіп, кейін қарай шегіне берді (І.Есенберлин, Шығ.).

Бас жағында жерде жатқан белдігінен өткір, ұзын қара пышақты суырып алып, сол қолының бармағымен сүйкеп жүзін көрді (М. Әуезов, Шығ.).

-Енді былай тұр бір жеріңе қан тиеді, - деді де , мүйіз сап пышақты жалаңдатып қоңыр сиырдың быт-шытын шығарды (Оралхан Бөкеев, Апамның астауы).

Әкем өзіне ермек етіп, онсыз да өткір пышағын одан бетер өткірлеп қайрап отыр (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш).

Жарқ етті қынабынан асыл пышақ, Қиды тез үзеңгісін көп бөгелмей (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Мақал-мәтелдер:

Өтпес пышақ қол кесер.

* * *

Алтын пышақ өтпесе,
Алтынын ал да отқа жақ.

* * *

Балаға пышақ бермесен бір жылар,
Берсең екі жылар.

Пышағыңды қайрап жүр, не соярыңды білсеңіз,
Жауабыңды сайлап жүр, жолдасыңның не сұрарын білсеңіз.

* * *

Өткір пышақ та өз сабын кеспейді.

* * *

Баспас ат, өтпес пышақ – жұрт айтады.

Жігітті осы екеуі қартайтады.

* * *

Асқынған ауруға пышақ ем.

* * *

Асыл сөз — наркескен қылыштай, жасық сөз — өтпес пышақтай.

Жұмбақтар:

Жапырақ астында қара пышақ.

Жауабы: жылан

* * *

Аппақ, ұзын қозғалмай жатыр сулап,
Сол нәрсе қолға түссе кетер турап.

Жауабы: пышақ

* * *

Бір хайуан ұзын түсіп, жатыр сулап,
Адамзат көтермесе кетер құлап,
Бетіне келген жанды тіліп тастап,
Қозғалар адамнан тек көмек сұрап.

Жауабы: пышақ

Жаңылтпаштар:

Пышағы кесті, жайышты,
Шанышқысы шанышты.

* * *

Шарқ айналар,
Қайралар,
Пышақ қайралар
Көңіл жайланар.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
pichoq	бычак	bıçaq	bıçak	puşak
татар	араб	парсы	украин	неміс
пычак	مراكيز	چاقو	ніж	ein Messer
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
un couteau	un coltello	un cuchillo	a knife	нож

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пышақ – көне түркі тіліндегі «кесу» дегенді білдірегін «пышу» («пішу», «бышу») түбірінен туындаған, кесетін зат деген сөз.

Ауыспалы мағыналары:

1. тех. Кейбір машинелер мен түрлі құралдың кескіш бөлігі.

Қара жерді қос өгіз таспадай тіліп ала жәнелді. Соқаның пышағын керегінше қайраған екен (Т.Оразов, Қаныш.).

2. Медициналық операция.

«Пышақтан қорыққан ауруынан жазыла алмайды, шындықтан қорыққан жүрек кеселінен құтыла алмайды» дейді ол (І.Есенберлин, Шығ.).

3. Пышақтай. ауыс. Пышақтың қырындай, түп-түзу.

Шалбарыңызды өтектеп, қырын пышақтай ғып қоям (С.Қышқашев, Паңзада, 2).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Пышақ – басы қысқа, түзу, бір жүзді кесу қаруы. Пышақтар негізгі атқаратын қызметіне байланысты соғыста жауынгерлер қолданатын жауынгерлік пышақ, аңшылар аң аулауға шыққанда қолданылатын аңшылық пышақ, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тұрмыстық пышақ болып бөлінеді.



Жақсы соғылып, жақсы өткірленген пышақтардың болатын тексеру үшін өзен ағысына тік қойып, қозғамай ұстап тұрғанда, өзен ағысымен жіберілген киіз өз салмағымен-ақ кесіліп өтетін болған. Пышақ сабы сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалды, түбі және жүзімен қиылысқан тұсы, әдетте, металмен (жез, күміс) қапталып, өрнектеліп әшекейленеді. Кейде саптың түтелдей металмен (алтын, күміс, жез) қапталғаны да болды. Металл әшекейлер карала жүргізу, қақтау, сіркелеу әдістерімен көркемделді.

Пышақ дәстүрлі ортада наным-сенімге байланысты қалыптасқан көптеген ырым-жораларды атқаруға да пайдаланылады. Мәселен, екіқабат әйел босанарда пышақ зиянкес күштерді үйге енгізбейтін қасиеті бар делінетін ғұрыптық мәнге ие болды.

Қазақтар әдетінде дос-жаранға, туыстарға пышақ сыйламайды, ол «қырық пышақ болып араздасып кетеміз» деген наным-сенімге байланысты. Егер шебер қолынан шыққан жақсы пышаққа, өткір кездікке біреу қызығып алғысы келсе, оны сыйға тартпай, «сатып беру» керек. «Сатып алғанның» белігісі ретінде ол елдің алдында пышақ иесіне тиын-тебен беріп, ырымын жасайды.

Сонымен қатар, пышақпен ойнамау да қатаң ескертіледі. Әсіресе «жас балаға пышақпен ойнауға болмайды» деп тияды. Бұл абайсыздан бреудің жарақаттануынан сақтандыру мақсатында туған. Пышақты сосын кешке қарай қайрамайды, себебі бұл малдың шығынына әкеледі деген сенім бар. Сосын пышақтың жүзін жоғары қаратып қоюға болмайды. Ол малдың өліміне шығынына, арандауына көрінеді деп сенеді халық.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Ас үй пышақтары. Әртүрлі тағам дайындауға арналған пышақтар жиынтығы. Жиынтықтағы әр пышақтың ет, көкөніс пен жеміс, нан сияқты тағам түрлеріне байланысты өзіндік қолданылу ережесі бар.

* * *

Арқар сапты пышақ. Сабына арқардың мүйізі киізілген пышақтың бір түрі.



* * *



Бәкі - серіппемен ашылып-жабылатын, асыл болаттан соғылған шағын өткір пышақ. Оны шаппа деп те атайды. Түркі тектес татар, башқұрт тілдерінде вәке, бәке, мәкі деген сөздер ойық, жырық деген мағынада айтылады. Бәкі сөзінің түп төркіні содан шыққан болу керек. Кей жерлерде қазақтар сақал - шаш алатын ұстараны да бәкі деп атаған. Бәкі жабық күйінде қалтаға салып жүруге өте қолайлы. Былғарыдан тіккен қынға салып, белбеуге іліп те жүреді.

Кімнен көрем?

«Пышақпенен ойнама,
Ақылға кел, қой, бала», –
Десе де әжем, қоймадым,
Пышақпенен ойнадым.
Пышақ етіп кілтті,
Ашамын деп құлыпты,
Кесіп алдым қолымды,
Кімнен көрем онымды?

Абдрахман Асылбек

* * *

Пышақ алды тоқтыдай

Сымпылдаған уақыт тілі міндегіш,
Жазалағыш, тілдегіш.
Ойран болған
Ой мен сана бәрі де,
Бүтінделмей екі жетпес, бір кеміс.
Сапар алды сансыз сұрақ көк тұман,
Өзін-өзі өртеп құртты отты жан.
Қанағатсыз қу дүние аумайды,
Пышақ алды күйсеп жатқан тоқтыдан.

Сабыр Адай

* * *

Пышақтай өтпес, баспаған,
Қажытады екен хас надан.
Серейген бойдан не пайда,
Қарыстан ойы аспаған...
Ақ Жайықтың ақ толқыны Ай сүйген,
Қоңырауы сияқтысың сезімнің.
Хабардарсың біздегі бар жай-күйден,
Куәсің ең бақытты кезімнің.

Серік Жетпісқалиев

ОЙЛАН, ТАП!

Пышаққа қатысты тірлік бірліктерді керекті сөздерді пайдалана отырып аяқта.

1. Буынсыз жерге пышақ_____.
2. Қырық пышақ _____
3. Пышақ кескендей_____.
4. Пышақ ұшынан ауыз_____.
5. Пышақ үстінен_____.
6. Пышақ ұшынан таратып_____.
7. Пышақпен_____.
8. Өтпес пышақ қол_____.
9. Пышақтың жүзін жоғары қаратып_____.

Керекті сөздер: ойнама, болу, ұрма, тиді, тоқтады, алу, кесер, үлесті, қойма

САЗСЫРНАЙ



Сазсырнай – үрлемелі музыка аспаптарының ішінде кең тараған, сыбызғыдан кейінгі халық арасында қолданыста бар музыкалық аспап. Арнайы саз балшықтан иленіп, кептіріліп, отқа күйдірілген бұл аспап әлемдегі окарина тектес аспаптармен тығыз туыстастар қатарына жатады. Сазсырнай қазақ

халқының үскірік, үшпелек, тастауық, уілдек секілді т.б. аталатын үрлемелі аспаптар тобының ішіндегі кең қолданыста жүрген бірегейі.

МЫСАЛДАР

Әсіресе, оның «Кішкентай» аталатын композициясы сазсырнай үнімен құлпырады (А.Қалжанов «Сейдолланың сырлы саздары»).

Халық университетінің бір дәрісінде Отырардан табылған сазсырнайды көрсетіп , оның өзіндік ерекшелігі жөнінде әңгімелеген еді О.Қауғабай «Музей маршалы»).

Сарсырнайдың барлық мүмкіндіктерін ашып білу үшін оны ерінбей-жалықпай мұқият зерттеу қажет, сондай-ақ жекелей және

ансамбльге қосып игеру керек (Б.Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары»).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР:

Сен маған дабыл боп ұрынсаң да,
Мен сені сырнай боп сергітем.

* * *

Сырнаймен дауыл жасамақ.

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сазсырнай деп аталған себебі – ол аспаптың саздан жасалғаны, ал сырнай – жалпы үрлеп ойнайтын аспаптарға берілген термин. Сазсырнай көптеген халықтарда кездеседі. Оны марийлер – шун машлык, чуваштар – там-шахлыча, там-шахран, там-шахаркач немесе там-кавалкал, эстондар – сави пиилу, латыштар – свилуе, литвалықтар – молинукас, армяндар – пепук, грузиндер – булбуль дейді.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Сазсырнай атанған музыка аспабынан аумайтын аспапты белгілі аспаптанушы Б.Сарыбаев көне Отырар қаласының орнын қазған кезде тапқан. Көлемі, ондағы ойықтарының санымен сәйкес бұл бұйымның сопақша



формасы мен ойықшалардың орналасуымен құрылымы да ұқсас

келеді екен. Сол кезеңде жорықта әр түрлі мақсатта, кең тараған дауылпаз, дабыл, даңғыралар секілді ұрмалы аспаптардан бөлек үрмелі аспаптардың ішінен дыбысы қатты шығатын керней, сырнай секілді кең тараған аспаптарды да қолданғаны белгілі. Жебе басына бекітілген әр түрлі көлемдегі іші қуыс бұл аспап үні қою, көлемінің үлкен-кішілігіне қарай жоғарылы-төмен уілдеген дыбыстар шығарып ұшатын оқтар санының көптігімен күннің көзін көлегейлеп төбеде шүйілдегенде қарсыласының зәре-құтын қашыратын күшті қару болып есептелген. Осы бір қазіргі қазақтың кең тараған сазсырнай аспабының үлгісіндегі саздан отқа күйдіріліп жасалған шағын «дыбыстық қаруды» да кеңінен қолданған екен. Біздің ойымызша, Отырар қаласының орнында табылған бұл аспапты моңғолдардың қалың қолының басым бөлігін құраған түрік-қыпшақ тармағына енетін Отырар қаласын жаулап алуға тікелей қатысқан қолдарымен байланысты болуы да мүмкін.

Б. Сарыбаевтың сипаттап жазуы, жетілдіруінен кейін сазсырнай аспабы аса іргелі өзгеріске ұшыраған жоқ. Күні бүгінге дейін сол кісі көрсеткен, жазып-сызып кеткен нұсқа бойынша көлемі, ойықтарының сантиметр, миллиметріне дейін сақталынып жасалуда.

ЖҰМБАҚТАР

Қария мен жас тыңдайды,

Ойнап берші ...

Жауабы: Сазсырнайды

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сазсырнай – сопақша келген, үлкендігі қаздың жұмыртқасындай саздан жасалған үрмелі аспап. Шеңбер аумағы 15-18 см, жалпы ұзындығы 10-12 см болады. Ертеде 3-4 ойығы болса, қазіргі таңда 5-6



ойықтары салынады. Ойықтарды саусақпен басып, ерінге қиыстау тақап, үрлеп ойнайды. Сазсырнай үні жағымды, қоңыр әрі жұмсақ болады. Сондай-ақ, аспап дыбыс тембрі, күші, әуезділігі ауа толқынының дұрыс жетуіне байланысты. Аспапты

сапалы саз-балшықтан жасайды. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарын аса көрнекті зерттеушісі және қалпына келтірушісі Б. Сарыбаевтың айтуына қарағанда, саз сырнай жасау үшін қоймалжың балшықты арнайы жасалған қалыптың сыртынан қаптап, қатқан соң екіге бөліп, ол бөліктерді қайта біріктіреді де, кепкен соң ойықтар ояды. Ойықтар саусақпен басуға ыңтайлы болуы үшін аспаптың оңтайлы ұсталатын болуы да ескеріледі. Үрлеуге арналған ойық екі еріннің аралытынан оң жақтан келетіндей етіп және орта тұстан сәл солға қарай қиыстап ойылады. Олардың көлемі де, түрі де әрқилы болып келеді. Сыртын көмкеріп, ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтыратады.

Бұл аспапты бағзы заманда кішкентай балалар мен жасөспірімдер халық әндерін орындаған, диапазоны аса үлкен емес. Сазсырнайда ойнай отырып, балалар аң-құстар мен табиғат дыбыстарын шығарған.



Сазсырнай аспабы бүгінгі қазақтың фольклорлық музыкасын орындайтын академиялық ұлт-аспаптар оркестрінен бастап шағын фольклорлық ансамбльдердің құрамынан ойып тұрып өз орнын алды. Барлық оркестрлер мен ансамбльдерде орындаушылар қатары молайып, ол ұжымдардың құрамын бүгін саз сырнай аспабынсыз көз алдымызға елестету қиын.

ОЙЛАҢ, ТАП!

Берілген кестеден сазсырнай сөзін тауып көр!

С	Й	Ц	У	Е	Н	К	Г	Ш
Ф	А	Ы	В	П	Р	О	Л	Д
Э	Б	З	Н	Ұ	М	Ж	Ө	А
Х	Е	М	С	Х	Т	Ы	Д	В
З	В	У	Т	Ы	Б	Ц	Ш	Ы
Л	С	Ң	О	Ұ	Р	Й	А	Ф
О	М	П	Р	О	Л	Н	Ң	Я
Ь	И	Т	Е	С	Ғ	У	А	Ч
Р	Т	Е	Қ	Ө	В	Я	Ү	Й

САҚИНА



Сақина атаулары пішініне, жасалынған материалына, салынған өрнегіне, кімге арналып жасалуына байланысты. Сақина –саусаққа салатын зергерлік бұйым. Жүзікке қарағанда сақинаның бауыры жалпақтау болып, көбіне бетіне тас қондырылмайды.

Сақина атаулары:

- Ақық сақина –кішкентай ақық қондырылған сақина.
- Алтын сақина –таза алтыннан соғылған сақина.
- Бұрама сақина –алтын, күмісті есіп жасаған сақина.
- Жез сақина –саусаққа салу үшін емес, қамшы, найза, пышақ, қылыш сабын бекіту үшін жасалған мыс шығыршық.
- Кавказ сақина –қара ала өрнекті сақина.
- Күміс сақина –таза күмістен құйып жасаған сақина.
- Қола сақина –қоладан жасай салған арзан қол сақина.
- Моншақты сақина - моншақ қондырылған сақина.
- «Құс мұрын» сақинасы - үсті дөңестеу келген сақина түрі.
- Мыс сақина –мыстан жасалған ортаң қол сақина.
- Неке сақинасы –жас жұбайлардың үйлену тойында бір-біріне сыйлайтын сақинасы.

- o Сақинек - пышақ, қылыш т.б. құралдардың сапқа жетесі сұғылатын жерін қысып тұру үшін мыс не күмістен жасалатын балдақ, мойнақ.
- o Сіркелі сақина – бетіне ұсақ түйіршіктерден сірке өрнек салған сақина.
- o Тасты сақина –тас, шыны орнатқан сақина.
- o Темір сақина –темірден жасалған тығыршық, сақинек.

Тіліміздегі «сақинасы ұстап отыр», «сау басқа сақина салды» деген тұрақты сөз тіркестері өзінен-өзі істеді, азап ауру тілеп алды" деген мағынада жұмасалады екен. «Сақинасы сынық» фразалық сөз орамы қыз емес, әйел деген мағынада қолданылады. «Сақинасын сындырған» деген тіркес тұрмысқа шығуға байланысты айтылады.

Ертеректе халқымыз ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина не болмаса жүзікболуы керек деп санаған. Тіліміздегі «Сақинаны сәнге салмайды, ол - тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей ұғымдар сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық қызмет те атқаратынын дәлелдейді. Мұның өзі халықтың сақина соғылатын күміс не алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізіп, денсаулыққа жағымды әсер ететінін ертеден-ақ аңартып байқағанын көрсетесе керек. Күні бүгінге дейін ауылдық жерлерде жас келіншек нәрестесін шомылдырар алдында яки баланың жөргек-жаялығын жуар алдында оған сол үйдің үлкендері (енесі не абысыны) «қолыңа сақина салып ал, тазалыққа тән болады» деп ескертіп отырған. Олай болса нәрестені қырқынан шығарғанда оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу дәстүрі оларды соған қатыстырып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үлестіру үшін ғана емес, осындай асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден де шыққан сияқты.

МЫСАЛДАР

Тағатын жез **сақина** әжем менің
Ұрпағы емеспе екен осы араның ? (Ақұштап
Бақтыгереева «Даланың ерке ерлігі»)

Сұлу анаң шалқаңдаған
Таққан емес **сақинасын** некенің. (Ақұштап
Бақтыгереева «Некесіз туған сәби»).

Жұлқынғанмен не тындырар ол бейбақ,
Саубасына сұрап алар **сақина** (Кекілбаев Әбіш
«Басым мынау, шашым қырау, көз бұлдыр»)

Сақина тілеп алса сау басына,
Түспесе адалжолға тәубасына,
Сене бер Алла нұрыжаумасына,
Қашан да Хақтан сабақ алдымміне (Есенбай
Дүйсенбайұлы«16-Хикмет»).

Сақина,өмірің қылмай, сауға салдым,
Жасаған, не істесең де, ғашық қылшы.
(Есенбай Дүйсенбайұлы«27-Хикмет»).

Діңінің **сақинасын** санар болсаң,
Жасын дәлшығарғаның, пірім, деді.
(Есенғали Раушанов«Әлқисса, гәп осымен бітті дейді»).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Санғасырлық тарихпен дарыған тектілік қазіргі қазақ қыздарының бойынан қаншалықты көрініс табуда? Сәнге құмар бүгінгінің қыздары таққан әшекейдің мән-мағынасына қаншалықты мән беруде?

«Амал – ниетке сай». Бұл – екі дүние сардары, күллі әлемге мейірім мен шапағаттың көрінісі ретінде жіберілген соңғы Пайғамбар Мұхаммедтен (с.а.с) мұсылман жұртшылығына қалған құнды өсиеттердің бірі. Хадис пен аяттарды тұрмыс-тірлішігіне сіңіре, өмір заңдылықтарына айналдырған қазақ қоғамы үшін де бұл өсиет таңсық емес. Сүннет пен аяттан құралған, әуелгі қазақтан кейінгі оның ұрпағының бойына қанмен сіңген заңдар жүйесі халқымыздың күнделікті өмірімен біте қайнасып, ажырамастай бөлігіне айналған. Өкініштісі сол, кейінгі буын бойына атадан дарыған тектілігін сақтап қала алмауында.

Қолыңыздағы үлкен, дөңгелек пішінді, екі саусақты бірдей жауып, біріктіріп тұрған, жас қыздардың сәндік құралына айналған бұйым туралы сіз не білесіз? Оның мәніне тоқталып, мағынасын ашайық. Екі саусақты біріктіріп, бірдей тағылатын бұйымның атауы – құдағи жүзік. «Бір сақинаның ішіндегідей тату болайық!» — деген ниетпен құдағидың құдағиына сыйлайтын жүзігі. Оның екі саусаққа киілетін түрлері де бар. Құдағи жүзік — арадағы сыйластықтың, адамдарға көрсетілген ілтипаттың, құрметтің белгісі. Ертеде ел ішіндегі үлкендер қолында құдағи жүзігі бар егде қайыненелерді көріп, оның үй-ішіне, жақын-жұрағатына сыйлы, қадірлі кісі екенін бірден білетін болған екен. Аталған жүзіктің түріне күмістің қомақты бөлігі жұмсалып жасалады екен.

Үш саусаққа тағылған сақиналардан бастау алып, отауға, оның ар жағы білезікке бекітелетін әшекейдің де өзіндік орны мен мағынасы

бар. Қазіргі күні аталған бұйымның мән-мағынасын түсінбеген аруларымыз екі немесе бір саусағына сақина тағып, білезігіне бекітеді. Барлық адамның үш жұрты болады. Яғни, үш сақина өз жұртын, қайын, нағашы жұртының бірлігінен отаудың, бір әулеттің пайда болып, ал осындай үш жұрты түгел әулеттерден біздің қасиетті отанымыздың білезікке бекітіліп құралатынын түсіндіріп тұрғандай. Бір өкініштісі бірлік пен берекенің маңызын ашуды мақсат еткен бұл бұйымның мағынасы мен мәніне бүгінгі арулар назар салмайды. Үш жұрттың татулығы мен ынтымағынан кішігірім отанның өмірге келетінін түсіндіретін бұйымды тек сәндік үшін емес, мағынасын түсіндіру үшін пайдалансаңыз нұр үстіне нұр болмақ.

Дана халқымыз әшекей бұйымдарды тек сәндік ниетте ғана пайдаланбай, оның қандай металдан жасалатынына ерекше назар аударған. Осы орайда зергерлер бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы — күмісті қолданған. Қазақ зергерлері күмістің жылтыраған түсін әртүрлі пішіндер жасауға қолайлығын шебер пайдалана білген. Аталған металдың тартымды, түрлі қасиеті бар деп есептеп, көптеген сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген. Сол себепті де ертеде үй шаруасындағы әйел ас қамдаса да бала шомылдырса да қолынан күміс жүзігін алмаған екен.

Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша ас адал болуы үшін оны дайындайтын, дастарханға қоятын, шай құйып беретін әйелдің саусағында міндетті түрде күмістен жасалған сақина болуға тиіс. Қазақтар арасында «Сақинаны сәнге салмайды, ол — тазалыққа таразы» деген нақыл сөз бар. Бұл сөздің төркіні сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық та қызмет атқаратынын аңғартады. Дана халқымыз сақина соғылатын күміс, алтынның таттануға ұшырамайтынын, олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін тым ерте байқап, білген. Оның емдік қасиеті қазіргі

медицинада дәлелденген. Ғалымдар күмістің ерекше қасиеттеріне ХІХ ғасырдың аяғында ғана мән беріп, зерттей бастапты. Күмістің ерекшелігі сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталады. Сондықтан күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жояды. Адам ағзасының тұмау және жұқпалы ауруларға төтеп бере алмауының себебі иммундық жүйедегі күмістің азаюынан болады екен. Күміс тек ауру тудыратын элементтерді жойып қана қоймай, ағзадан зиянды токсиндер мен микробтарды шығарады. Шетелдік Роберт Бекер күміс иондарының адам ағзасындағы жасушалардың көбеюіне әсер ете алатындығын дәлелдеген дәрігер. Ол өзінің ғылыми кітабында күміс иондарының қатерлі ісік ауруына шалдыққан адамдардың жасушаларын қайта тірілтіп, көбеюіне көмегі барын жазған. Тамақ ішуге күміс қасық пайдалануға мән берілген. Егер қасық жұмсақ қақталған, ақ күмістен жасалса күміс иондары суға бөлініп, ерітінді түрінде, ағзаға сіңеді. Қолданыла келе күміс қасықтың жиегі мүжіле бастайды. Бұл ағзаға күміс иондарының қаншалықты енгенінің көрсеткіші болған. Күмістің біз біле бермейтін тағы бір қасиеті бар. Ол — залалсыздандырушы. Осы қасиеттерді білген қазақ халқы ертеректе күмісті тек сәндік үшін ғана пайдаланбай, косметологияда, керек десеніз, бағбандар саяжайларда тыңайтқыш ретінде қолданған. Ал, аспаздар күміс қосылған сумен тағам әзірлеген.

Сақина туралы дәстүрлер

Бүгінде жасы да жасамысы той-томалақ, түрлі жиынға алтынмен апталып, күміспен күптелген сақина-сырғасын, алқа-білезігін әдемілік, сән әрі мақтан үшін тағынады. Ал өткенге көз салсақ, оның әрбірінің өзіндік мән-мағынасы, қолданылар мақсаты болған. Әшекей бұйым

ретінде ықылым заманнан бері келе жатқан бұйымның бірі – сақина. Оны өзіміз де сәндік үшін таққанымызбен, сырына үңіліп көрмеппіз.

Дана халқымыз «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» деп бұл бұйымның астарында мән барын айтып кеткен. Ертеде халқымыз ас адал болу үшін, тамақ даярлайтын әйел қолында міндетті түрде сақина не жүзік болуы керек деп есептеген. Өйткені сақина соғылатын күміс, алтынның таттануға ұшырамайды, судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізіп, денсаулыққа пайдалы әсер етеді. Мұны ата-бабамыз ертеде-ақ білген. Тіпті бүгінде ауылдық жерлерде жас келіншектер нәрестесін шомылдырар алдында, яки баланың жөргек жаялығын жуар сәтте, оған сол үйдің үлкендері «Қолыңа сақина салып ал, тазалыққа тән болады» деп ескертетінін де құлағым шалып қалған-ды.

Осы ретте «итаяғына салу» деген дәстүр туралы айта кетсек. Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда не «есік көруге» шақырылғанда, әйелдер мен әжелер оған «итаяғыңа сал» деп сақина, күміс жүзік сияқты заттарды сыйға берген. «Итаяғына салу» салты келіншек босанып, үбірлі-шүбірлі болсын деген ниеттен туған. Себебі баланың «шілде суына» әлгіндей күміс жүзік, сақина, түйме секілді заттарды ыдысқа салады. Содан соң жүзікке толы суға нәрестені жуындырған. Шомылдырып болғаннан кейін, әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым қылып бөлісіп алған. Мұндағы мақсат сыйлық жасаудан бұрын, асыл бұйымды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден шыққан.

Ал қазір сақина дегенде әрдайым алдымен неке сақинасы ойға келеді. Көбінесе неке сақинасы жұп-жұмыр, кедір-бұдырсыз әрі көзсіз болып келеді. Ол – жас жұбайлар кедергісіз өмір сүрсін, бақыттары сол сақинаның дөңгелегіндей шексіз, таусылмайтын болсын деген ырымнан туса керек. Ал тарихына зер салсақ, неке сақинасын алмастыру дәстүрін мысырлықтар ойлап тапқан. Сақинаның дөңгелек

формасы мәңгілік жұп арасындағы шексіз бақыт пен махаббатты білдіреді. Неке сақинасын әр елде әр қолға тағады. XVI-XVII ғасырлардан бастап Еуропаның көптеген елдерінде сол қолдың шылдыр шүмегіне тағу үрдісі бар. Олардың мәдениетінде «махаббат тамыры» деген сана қалыптасқан. Яғни сол саусақта жүрекке тікелей қатысты бір тамыр болады екен. Ойланып қарасақ, емханаға қан көрсеткішін тапсырғанда да аталмыш саусақтан қан алатыны бар. Бұл сәйкестік емес болар, бәлкім. Ал Азия елдерінде неке сақинасын оң қолға тағады. Ислам дінінде оң қолды артық бағалайды. Алайда дінде неке сақинасын тағуды аса міндетті деп есептемейді. Бұл кейінгі кезде пайда болған дәстүр ғана. Бір қызығы қолданыстағы неке сақиналарының бейнесі, пішіні уақыт ағымына қарай өзгеріп отырады екен. Бірнеше жыл бұрын жіңішке неке сақина сәнде болса, ал бүгіндері жалпақ, қалың неке сақинасы көп сұраныс тудырады. Сақинаның қалың болуы некеде екенін анығырақ айшықтаудың, иесінің отбасылы екенін дәлелдей түсуінің жаңа тәсілі секілді.

Он сегіз мың ғаламдағы біз білетін ең үлкен сақина – Сатурн планетасының сақинасы. Ол ұсақ метеорит, астероид тастардан құралған. Сақина планетаның бірқалыпты айналып тұруына себепші. Ол болмаған жағдайда Сатурн планетасының болуы неғайбыл дейді ғалымдар. Бұл сақинаның ғажайып қасиеті тек жер әлемінде ғана емес, ғарышта да алар орны мол екенін айғақтайды.

Сондай-ақ сақина тек қазақтар үшін сырлы дүние емес. Өзге ұлттардың да сақинаға байланысты өзіндік таным-түсінігі бар. Мәселен, еуропалықтар жас босанған ананың саусағында міндетті түрде неке сақинасы болуы керек деп есептеген. Олардың түсінігінше, сақина қиналмай босануға көмектеседі. Ал скандинавиялықтар қаралы отбасы мүшелеріне 40 күнге дейін күндіз-түні бірде-бірсақинаның алынбауын қадағалайды. Олай болмаған жағдайда марқұм көңілден кетіп, ұмыт болады, ал ұмыт болса, марқұмның рухы, аруағы

қайта оралып, сақина тақпағанды қинайды, тұншықтырады деген сенім болған. Гректердің түсінігінде өлген адам жерленгенде, оның өне бойында сақина, сырға, алқа қалып қоятын болса, олардың сағасында, ығында жын-шайтан, дию-перілер о дүниеде марқұмды азаптайды-мыс.

Сақина туралы өлең

Ау!

Сақина аузыңдағы қалайы ма,
Деген соң бәрі күміс алайын да.
Өлеңді бір-екі ауыз айта салып,
Сақина аузыңдағы алайын ба?

Шырағым, бақыр емес, сақина бер,
Дүниядан ғапыл қалма, тоят ілмей.
Шешендер сандық ұстар, бұлбұл құс бар,
Бола ма бір дегеннен бәрі бірдей.

Шәй ішсем самаурынның шәйнегінен,
Қараймын ағаш үйдің әйнегінен.
Ішінде тоқсан қыздың толықсыған,
Танимын мен сәулемнің көйлегінен.

(Қазақ ауыз әдебиетінен)

ЖҰМБАҚ

Бір жануар бар екен өзі сұсты,
Себеппен ортасында сызық түсті.
Бір жігітті тұрады буындырып,
Дүниеде көрмедім ондай күшті.

Жауабы: Сақина

Ребусты шеш!

///

”

/ • ”

/



САНДЫҚ



Киім-кешек, үй тұрмысына қажет заттар салуға арналған, сырты әртүрлі бояумен сырланып, айшықты қаңылтырмен өрнектеліп, өрнекті сүйекпен қапталған, ағаштан я темірден жасалған, екі бүйірінде тұтқасы, құлыпты қақпағы бар топсалы текше түріндегі үй жиһазы.

МЫСАЛДАР

Балқия тұрып, кішкене сандықтан әкесіне ақшаны әперіп, орнына отырады (М.Дулатов, Шығ.).

Алып келген нәрсесін әшекейлі қалайымен қаптаған сандығына салып, жымың-жымың етеді (М.Жұмабаев, Шығ.).

Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен. Іші толған тірелген жүк, буулы тең мен сандықтар (М.Әуезов, Абай жолы).

Мақал-мәтелдер:

Бәйбішенің байлығы –
Түйеде қара сандығы.

* * *

Көңіл – сөздің сандығы.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
quti	куту	sinə	sandık	guty
Татар	араб	парсы	украин	неміс
тартма	الصندوق	سندوق	скриня	kasten
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
boîte	scatola	caja	chest	сундук

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(араб сөзі. Сандуқ الصندوق) – темір не ағаштан жасалған түрлі бұйым салатын зат.

Ауыспалы мағыналары:

1. Жыр қазынасы, өнер қазынасы

Сал-сал жырым, сал жырым,
Ағытыл, алтын сандығым. (М.Мақатаев).

Жыр сандығын өз қолыңмен ашып кет,
Құм астында қалып қоймай тұрғанда (С.Жиенбаев).

2. Дүние, мүлік, жиган-терген

Байлықтан не – көрге жалаң кіресің,
Қалар мұнда кісе, себет, сандығың. (А. Йүгінеки, Ақиқат сыйы).

3. Ақыл, ой қазынасы

Менің кеудем сендерге сандықпен тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең... (Абай, Тол. жин.).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Сандық – халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі. Көшпенді халықтар үшін ол өте-мөте қолайлы болған. Оған киім-кешек, асыл бұйымдар салынады. Қазақ шеберлері сандықты қайың, қара тал ағаштарының сүрегінен жасаған.



Сыртынан көркем етіп темір, мыс жапсырмамен, қатырма ою-өрнектермен безендіріледі.

Сандықтың аузына көбінесе ішкі құлып, кейде аспа құлып, кейде тіпті бітеу құпия құлып орнатылады. Сандықты жерге қойғанда түбідым тартпау үшін, оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштап аяқ орнатады. Сандықтың беті әр түрлі бояумен сырланып, өрнектеледі не айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қапталады. Сандықтың екі бүйіріне тұтқа орнатылады.

ЖҰМБАҚТАР

Бір сандық бар өзгеше,
Қолыңа алып жүресің.
Ішін ашып ақтарсаң
Өмір сырын білесің.

Жауабы: Кітап

* * *

Ішіне адам батпайды,
Затыңды аман сақтайды.

Жауабы: Сандық

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Сандық киім-кешек салу үшін қолданылады. Ол – қыз ұзатылғанда берілетін өте сәнді бұйымдардың бірі.

Кебеже – тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасалатын ағаш сандықтың бір түрі.



Жағдан сапалы былғары мен күмістен қапталып жасалады.

Жағдан (сейф) - бүгінгі заманауи сандықтың бір түрі.



СЫР САНДЫҚ

Бір сандық бар емес түрде,
Емес түрде көрнекті.
Бір түкпірде беті перде,
Беті перде өрнекті.

Бір сандық бар, ол сандықта,
Ол сандықта бір сандық.
Сырдың кілті қол сандықта,
Қол сандықта сыр сандық.



С. Сейфуллин

Сандық іші қызыл-жасыл,
Жасыл жібек перделі.
Толған қымбат сақтаулы
асыл.
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап, түйін түйген,
Түйін түйген түршілім.

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын!

ОЙЛАҢ, ТАП!

«Сандық» сөзінің қандай мағынада тұрғанын анықта (+), (-)

	Тура мағынада	Ауыспалы мағынада
Гүлетер көкірегім көмейменен, Көркем сөз, сұлу әннің сандығымын . (Ә.Найманбаев).		
Бәрі де ғашық болып хат жазады, бір сандық хат болды, қайсы біріне сенесің, қайсы біріне жетерсің...(Ж.Аймауытов).		
Өлшеулі демің біткен күн өлім шіркін қоймайды, Тасалап сандық ішінде тас бүркеніп жатсаң да (Базар жырау).		
Намыста қазына сақтаған Халықтық рухтың сандығы (Ж.Жақыпбаев).		
Сосын жайлап барды-дағы, көк сандықты ақтарды Сыртта құстар сырлы сазға бөлеп жатты бақтарды (М.Шаханов).		

СЫБЫЗҒЫ



Сыбызғы – қурайдан, ағаштан, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап. Сыбызғы – үрмелі аспаптардың ең көне түрі. Ол іші қуыс түткіше түрінде болады. Сыбызғы – үрлемелі аспаптардың ішіндегі ең көнелерінің бірі. Сыбызғыны үрлеу арқылы алуан түрлі дыбыстар шығарып, тыңдағанда көңілдің пернесін басып, жүрек қылын қозғарлықтай сезімге бөлейтін күйлер ойналады. Жасалуы бойынша ең қарапайым әрі ықшам саз аспабы тек қазақ халқында ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріне кең тараған музыкалық аспап. Бірақ жасалуы қарапайым болғанымен, сыбызғы үрлемелі аспаптар ішіндегі ең күрделі дыбыс шығаратын мүмкіндігімен де ерекше.

МЫСАЛДАР

Ежелгі дәуірдегі Күлтегіндердің заманында бабаларымыз Сарыөзеннен айырылдық деп домбырамен де, сыбызғымен де күй тартып, мұңдарын шаққан (Ж. Жүзбаев «Қазақ музыка тарихы қайта жазылуы қажет!»).

Біздің музыкалық кеңістігімізде өзіндік орны бар, үні айрықша аспап ол сыбызғы (М. Тілепберген «Саз әлемінің саңлағы»).

Даусындай сыбызғының алыстағы Құлаққа кейбір даусы келді талып (А.Байтұрсынұлы «Бұлбұл мен есек»).

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР:

Талқан жеп отырып сыбызғы тарта алмайсың

* * *

Сыбызғы-сиыршының алданышы

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

алтай	қырғыз	башқұрт	татар	хакас
шоор	чоор	қурай	сыбызгы	сыбысха
түрікмен	адыгей	абхаз	түрік	араб
каргы- тюдюк	камыл	ачарпын	ney	زاي
испан	итальян	неміс	ағылшын	орыс
flauta	flauto	flote	flute	флейта

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түркі халықтарында сыбызғыны негізінен чоор – цоор немесе сыбызғы – чабизга – зыбызғы деп атайтынын көреміз. Сыбызғы атауының қайдан шыққаны жөнінде әр түрлі пікірлер айтылады. Солардың арасында лингвист ғалым Қ. Жұбанов атаудың фонетикалық құрылысын негізге ала отырып былай деп болжам жасайды: «Қазақ инструментінің біреуі – «сыбызғы». «Сыбызғы» сөзі

ұяң дыбыспен айтылған түрінде, мұндағы ұяң «з» дыбысын қатаң «с» дыбысына айналдырсақ «сыбыс» болады». «Сыбыс» қазақша «дыбыс» дегеннің бір тарауы, сонымен қатар бұл сыбызғы қамыстан, қурайдан жасалатын болғандықтан, қамыс та алғашқы әзірде осы сөзбен аталып кеткен. Қазақша қамыстың бір аты – сыбыс. Көп жерде бұл сөз сақталмаған. Сөйтіп «сыбызғы» деген сөз, бірінші жағынан, дыбыс, екінші жағынан, сол дыбысты шығаратын аспаптың аты болса, үшіншіден сол құрал болатын заттың аты қамыстың аты болады». Яғни, тілші ғалым музыка аспабының атауы «ызбыз» немесе «сыбыз» деген дыбыстық еліктеуден туған дегенді меңзеп отыр. Сыбызғы атауының негізінде «ас-сибиз» деген араб сөзі жатыр деген де пікірді ұшыратуға болады. Дегенмен, ғалым Қ.Жұбанов ұсынған болжамның негізділігі басым екені анық.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Сыбызғы – көшпелі халықтардың көне үрмелі музыкалық аспабы. Сыбызғы аспабының түп-төркіні Алтай. Алтай қазақтың да, түркі халықтарының даалтын бесігі. Аспаптың орындаушылары қатарында Моңғолия, Қытай қазақтарында көп еді.



Алтайдың қарақурайын иіп отырып, сыбызғылар жасалатын.

Қазақ сыбызғысын музыкалық бақташылық дәстүрге жатқыза отырып, зерттеушілер сыбызғы күйлерінің мақсатына қарай, оны ойнау киелі тотемдік жануарлар культіне және музыканың сиқырлы функцияларына қайта оралғанын, оның рөлін халықтық тереңірек түсінуді ескерген болса керек.

ЖҰМБАҚТАР

Сызылған үні,
Әдемі тілі,
Үрлесек ойнайтын
Аспаптың бірі.

Жауабы: Сыбызғы

Саусақ батпас түтіктен,
Сандуғаш құс сайрайды.

Жауабы: Сыбызғы

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Ерте кезде бұл аспапты көбіне малшы, бақташылар пайдаланған. Мал бағып жүргенде ермек қылып, үрлеп неше түрлі дыбыстар шығарған. Кейін сыбызғы аспабымен ауызекі әндерді, жыр-аңыздарды сүйемелдеген.

Сыбызғы жасауда ең көп қолданылып келген шикізат болғанымен, ұзақ уақыт бабымен сақталуы, беріктігі, тасымалдауы, т.б. тұрғысында қурай уақыттың сынына төтеп бере алмайды.

Күздің соңғы айларында, әбден буыны қатып жетілген қурайды кесіп алып сыбызғы жасайтын болған. Қурайдан жасалған сыбызғының тез шытынап жарылып кетпей, ұзақ сақталуын қамтамасыз ету үшін сыртынан ұсақ малдың өңешінің ақ шелімен немесе аш ішекпен қаптайды. Бұл – сыбызғының үні таза, әрі ыстық пен суыққа

бірқалыпты болуына әсер етеді. Сыбызғышылар сыбызғыны қурайдан өзге түрлі ағаштан, оның ішінде қымбат қызылағаштан, жезден, бамбуктен жасайды. Соңғы кезде химиялық жолмен әзірленген түтіктерді



де пайдаланып жүр. Алып жүруге ыңғайлы, бүктемелі, құрастырмалы сыбызғылар да кездеседі. Сыбызғы күйлері негізінде екі дауысты болып келеді: негізгі дыбыс аспаптан шықса, төменгі бурдон орындаушы көмейінің көмегімен шыққан. Сыбызғышы



қосдауысты орындау әдісін игеруі керек болған. Сыбызғы аспабын жасау қарапайым болып көрінгенімен аспапта ойнау өте күрделі. Халық ішінде сыбызғының күйлерін көбінесе домбырамен қосылып орындаған.

СЫБЫЗҒЫ

Егер тартып қараса,
Сыбызғы үні тамаша!
Дала ұйып тұр тыңдап.
Ойна, сыбызғы!
Жырла, сыбызғы!

Құмымызға көктем кеп,
Болды бәрі көкпеңбек,
Жаңбыр жауды сыртылдап.

Ойна, сыбызғы!
Жырла, сыбызғы!

Табиғаттың өз үні
Қуантты лақ, қозыны.
Шопанның да шат әні.
Ойна, сыбызғы!
Жырла, сыбызғы!

Таудың ерке самалы
Құмға өрнек салады,
Қандай көркем Отаным!
Ойна, сыбызғы!
Жырла, сыбызғы!

Абдрахман Асылбек

ОЙЛАН, ТАП!

Берілген музыкалық аспаптарды түрлеріне қарай орналастыр.

Дауылпаз, домбыра, сыбызғы, шертер, дабыл, сазсырнай

Ішекті аспаптар		
Үрмелі аспаптар		
Ұрмалы аспаптар		

СЫРҒА



Құлаққа тағылатын ерекше әсемдікке негізделген зергерлік әшекей түрі. Көп жағдайда алтын мен күмістен жасалады. Қазақ зергерлеріне тән сырға қатарына көзді, салпыншақ, шашақты, ай және сабақты түрлері жатады.

МЫСАЛДАР

Ажары , ақша беті сағымданып ,
Жарасар құлағына алтын сырға (Ақан сері).

Шығушы еді сыңғырлатып шашбауын,
Сылдыр-сылдыр, сылдырлатып сырғасын (Ә.Тәжібаев).

Жігіттің жүрегімен алабұртқан
Ойнайды сырғалары сылдыр қағып ,
Арулар сөзі астарлы ән ағылтқан (К.Ахметова)

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Қызымның құлағына алтын сырға.

* * *

Алтын сырға құлақты ауыртады,

Алтындаған етік аяқты ауыртады.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	Түрік	түрікмен
sirg'a	Сөйкө	Sırğa	Küpe	gulakhalka
Татар	Араб	парсы	Украин	неміс
колак	حُلَّةُ الْاِذْنِ	گوشواره	Сережка	Ohrring
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
boucled'oreille	orecchino	arete	Earring	серьга

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сырға - әр түрлі қымбат металдар мен асыл тастардан жасалған, сән үшін әйелдер құлағына тағатын зат.

ОМОНИМДІК ҚАТАРЫ

Сырға – 1. Қайың ағашының күз кезіндегі сырға тәрізді салбырап тұрған бүршігі (тұқымы).

Үйдің алды жапырағы алақандай емен, сырғасы салбыраған қайың екен (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе, 199).

Сырға – 2. Жылқының жіліншік буыны мен бақайының түйіскен жері.Сырғасы таю. Буыны шығып кету (Х.Арғынбаев, Қаз. мал шаруаш., 15).

АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛАРЫ

1. *Тыңдалды, құлаққа құйылды.*

Ел озып шықпасам да өзім қырға ,
Айтқан сөзім құлаққа болды **сырға** . (Е.Раушанов «Шайтанның саудасы»)

2. *Ескерсін, зейініне түйіп алсын.*

Ал сонан соң, бәріңнің құлағыңа алтын сырға: алда-жалда қажының қызы Өтікемен қашып кететін болса, сүйреп өлтірем (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

3. *Естімей-ақ қой, мән берме.*

Тегі , онысы рас. Бүгінде дардай адамдардың өздері әлдебіреуге сөзін өткізгісі келсе « Пәленшеңнің құлағына алтын сырға » деп қойып , мәймөңкелейтіні өтірік пе ?(Бекболат Әдетов «Таусылмайтын тақырып»).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ



Өртүрлі қымбат металдар мен асыл тастардан (алтын, күміс, гауһар, жақұт, лағұл т. б.) жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын әшекей зат. Құлақтағы әшекей с ы р ғ а с ы, бастағы кәмшат бөрігі, білек толған білезіктері – баршасы бір сәні сияқты (М.Әуезов, Абай жолы). Халқымыз құлаққа сырға тағып

жатқан кезде: «Құлағың ауырмасын, ешқандай жаманшылық естіме, бетің әрдайым ажарлы болсын» [2, 91], - деген тілек айтатын болған.

ЖҰМБАҚТАР

Ғаламат төрт аяғын басып тұрған,
Сырғасын құлағына асып тұрған.
Ысқырған айдаһардай айдыны бар,
Аузынан гауһар отын шашып тұрған.

Жауабы: Самауыр

Мұрыны бар кеудесінде ұзын тұр,
Салғаны құлағына үлкен сырға.
Басында кемерленген кепесі бар,
Бейнеті арылмайтын бір бишара.

Жауабы: Шәугім

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Сағат сыртылдады,
Сырға сыңғырлады.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Ертеректе қыз баланы қырқынан шығаран соң, сырғалығын дәнмен уқалап, жансыздандырып, отқа қыздырылған инемен тесіп, жібек жіп өткізіп қоятын болған. Кейінірек оны күміс сырғамен алмастырған. Ол «жас нәрестеге тіл-көз тимесін» деген тілектен туындаған.

Халық аузында «құлақ тесу – қыздың сүндеті» деген сөз бар. Яғни, ер бала үшін сүндетке отырғызу қандай мәнге ие болса, қыздың құлағын тесіп, сырға тағу да сондай мәнді білдіреді. Ол – қыздың бой түзеп, ертеңгі келін атанатын күнге дайындық жасауды бастайтын кезеңі. Құлақ тесу ғұрпын әулеттің апа-әжелері жасайды. Қызына «Сен енді сырғалы қыз болдың» деп ақылын айтып, үй шаруашылығына бейімдей бастайды.



Сырға жасалған материалы мен тәсіліне, пішініне қарай бірнеше



түрге бөлінеді. Мысалы, алтын сырға, күміс сырға, қарала сырға, лажылы сырға, шытыра сырға, қолқа сырға, қозалы сырға, үзбелі сырға, күмбезді сырға, қоңырау сырға, ай сырға, айшықты сырға, ақық сырға, иықты сырға, иінді сырға, лағыл сырға, гауһар сырға, тұмарлы, салпылдақ, омыраулы, қозалы,

жапырақты сырғалар, шілтерлі сырға, шұбыртпа сырға және т.б.

Орыс зерттеушісі И.Г. Андреев «Қазақ әйелдері мұрнына кішкентай күміс сырға тағып жүреді. Ол қыздың әкесінің ең сүйікті қызы екенін аңғартады. Саусақтарына жүзікті молынан салады: алқұлақтарына көбіне інжу қадаған ұзынша сырғалар тағады» деп жазады.



СЫРҒА САЛУ

Тіршілікке ойларым жүр маталып,
Келмей қойған көптен түк жырға шабыт.
Тосындау жаңалықты жария қылдың:
«Кетті – деп – құлағыма сырға салып...»

Қарашы ол «пысықтың» жол тапқышын,
Тым ерекше сый екен моншақты сым.
Сен үшін «Селтеткізер» сырға болса,
Мен де таққызар едім он шақтысын.

Бұл сыйлық сезіміңді сыйқырлады,
Ал менен жаңалығың ұйқы ұрлады.
Ертең сені ап кетсе сырғасымен –
Саған емес, өзіне сый қылғаны.

Сырға салу – ол да салт, әдеп еді,
Бірақ осы жолы бұл кәде мені
Тұнжыратты...
Бұрынғы тағып жүрген
Өзіңнің сырғаларың әдемі еді.

Б. Жайлау

ОЙЛАҢ, ТАП!

«Сырға» сөзінің қандай мағынада тұрғанын анықта (+), (-)

Тура мағынада	Ауыспалы мағынада
------------------	----------------------

«Дарияның ар жағынан көрдім сені , Сырғаңды қайық қылып өткіз мені » (Е.Раушанов)		
Сырғасынан айрылған ақ қайыңның , Басына бар ғаламның түсті мұңы (М.Мақатаев)		
Сұлудың алтын гауһар сырғасындай Көкшенің иығында шалқыды ай. (Қ.Аманжолов)		
Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң , Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң (С.Оспанов)		
Жазда менің жапырақ бөркім еді , Сырғаларым салпыншақ көркім еді. (М.Жұбанова)		

ТАБАҚ



Тастан, ағаштан, темірден жасалған тамақ салатын жайпақ ыдыс.

МЫСАЛДАР

Табақ әрленіп, әспеттеліп, ою-өрнек салынып та жасалады (ҚҰӘ).

Көп кешікпей сары табаққа толы буы бұрқыраған жас ет те келді
(І.Есенберлин, Қатерлі.).

Табаққа салған қуырдақтың буы бұрқырап тұр екен (С.Мұқанов,
Ботагөз).

“Бисмилла” деп табақты ортаға алып, Екеуі екі жақта асай берді
(«Хикаят Сәлімжан». Бабалар сөзі. 5-том. 2004. 100 томдық).

Қолындағы табақшасын дөңгелек дастарқанның үстіне әкеп қойды
(Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

Мақал-мәтелдер:

Желінсау қой қосаққа кірмейді,
Құр табаққа бата жүрмейді.

* * *

Табақпен дос болғанша,
Қабакпен сыйлас болған артық.

* * *

Төреге төрт табақ, қожаға қос табақ,
Қараға төртеу ара бір табақ.

* * *

Тамақ болмай, табақ болмас.

Жұмбақтар:

Жаңа табақ түбі тесік,
Тақ-тақ етті,
Астынан керуен өтті.

Жауабы: елеуіштен өткен ұн.

* * *

Көк жиекті шай табақта
Алтын алма тербелер.
Кейде бүркер алма жүзін
Ұлпа мақта пернелер.

Жауабы: күн

* * *

Табақ тарту

Тәттібек деген кісі меймандос адам екен. Бір күні оның үйіне бір топ қонақ келеді. Үй иесі оларды жылы шыраймен қабылдап, төріне шығарады. Дастарқан жайылады. Шайдан кейін қазанға ет салынады.

Тамақ пісіп, табақ тартылар шақта үй иесі меймандарын көзбен шолып шығады да, сәл ойланып қалады. Ошақ басында жүрген жұбайына келіп:

– Екеу ара бір табақ тартсақ, онда бір табақ ет жетпей қалады, үшеу ара бір табақ қойсақ, онда бір табақ ет артылып қалады, енді не істесек екен? – дейді.

Бұл үйдің меймандары қанша? Үйде бар табақ саны қанша?

Шешуі: Егер әр адамға бір табақтан қойса, онда үшеу ара бір табақ қойғандағыға қарағанда екі табақ артық керек болар еді. Екі адамға бір табақтан тартылса, бұл екі табақ төрт адамға тартылады. Егер үш адамға бір табақтан тартылса, осы төртеуі әр табаққа бір адамнан бөлінген болар еді. Ендеше, үштен отырғанда төрт табақ қажет болады. Онда екіден отырғанда алты табақ керек.

Адам саны – он екі, табақ саны бесеу.

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(ар. табақ طبق) – тамақ салуға арналған жайпақ ыдыс.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
lagan	табак	boşqab	tabak	tabak
татар	араб	парсы	украин	неміс
тәлинкә	طبق	الزّاب	плита	Platte
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
plaque	piatto	lámina	plate	тарелка

Ауыспалы мағыналары:

1. *этн. Мүшелеп жасаған бір табақ ет (бас табақ, аяқ табақ).*
Жарас ауыз үйден үлкен т а б а қ, ыстық ас әкелді (М.Әуезов, Танд.).

2. Пластика.

Олар патефон табағындағы жансыз дауыстан гөрі жанды адамдардың әуендерін тыңдауға құмартады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Табак — дөңгелек пішінді жайпақтау келген ыдыс. Табак әртүрлі көлемде аса шұңғыл емес, ернеулі болып келеді. Табак негізінен емен, қайың сияқты қатты ағаштан тұтастай шабылып жасалады. Берік болу үшін дайын болған соң майға қайнатып

«суғарады». Кейде майға суарып алғаннан кейін жасау тәсілі де қолданылған. Табақтың темірден, мыстан, қыштан жасалған түрлерін сырт елдің саудагерлерінен сатып алып та пайдаланған.

Шара, зере сияқты ағаш ыдыстарға қарағанда табақтың ерекшелігі - аса сәнделіп, бедер салынбайды. Оның түбі тегіс немесе тағаны барлары болады.



Табақтың жент, құрт-ірімшік салып дастарқанға қоюға арналып жасалған шағын түрлері *табақша* деп аталады.

Ет тартуға арналған табақ жайпақ әрі көлемді келсе, қуырдақ салуға шұңғыл әрі шағындау түрлері қолданылады. Табақтың көлеміне, қолданысына және сәніне қарай - еттабақ, қонақтабақ, құдатабақ, аттабақ, жайтабақ, тайтабақ, нәнтабақ, дәутабақ, бестабак, төртабақ, үштабақ, қостабақ, балатабақ, жайпақ табақ, шұңғыл табақ деген атаулары бар.

Адамның жас, жыныс, әлеуметтік ерекшелігі мен мәртебесіне сай сыбағалы мүшелері табаққа салынып тартылады.

Халық емшілігінде адамды домдау үшін табақ пайдаланылады. Мәселен, әйелдің толғағы ауыр болғанда аққол әйел «Менің қолым емес, БибіБәтима, Ұмай ана қолы. Қой толғағыңды емес, оң толғағыңды бер!» деп айтып, ананың қарнына ағаш табақты төңкеріп, оңнан солға қарай айналдырып домдайды. Бұл әрекет бала теріс келіп тұрғанда да жасалады. Дастарқанның құтына айналған ағаш табақты бейберекет төңкеруге тыйым салынады (жалпы ыдысты төңкермейді). Емдеу кезінде оны төңкерудің себебі төңкерілген табақтың ішіндегі ас төгілетіндей нәресте де сыртқа тез шықсын деген ишара жатса керек. «Қой толғағыңды емес, оң толғағыңды бер» деген сөздің мәні төрт-түліктің ішінде қойдың толғағы ең ауыр, ал жылқынікі тез өтеді дегенге меңзесе керек.

Қазақы ортадағы баланың қимылы мен әрекеті көбейіп, құйрығымен отырып, жылжып немесе еңбектей бастаған кезде тез аяқтанып кетсін деген тілекпен ырымдап бауырынан табақ алатын. Аталмыш ырымның мәні — көптің алдын көріп, ас-су ішіліп, талай бата-тілек айтылған ыдыс табақты киелі деп санауға байланысты қалыптасса керек.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Күнделікті тұрмыста қолданылатын тамақ салуға арналған шыны, фарфордан жасалған жайпақ ыдыс.

Піскен ет, т.б. тағам салатын
дөңгелек жайпақ ыдыс.



* * *



Тамақ салуға арналған
сопақша пішінді келген табақ.
Оны кейде астау деп те атайды.

ОЙЛАН, ТАП!

Кесте ішіндегі сөздерден табақтың көлеміне, қолданысына және сәніне қарай ажыратылатын атауларын тап және сол ұяшықты боя.

ет	орта	нән	төр
кіші	қонақ	бір	жұқа
үш	үлкен	қос	ат
жай	құда	шаршы	қой
шұңғыл	сопақша	көрші	жайпақ
жеті	бала	тай	қалың
бес	сиыр	қария	дәу

ТАҚИЯ



Тақия – кішігірім сәтен, шұға барқыт сияқты маталардан әр түрлі тәсілмен (сыру, кестелеу) тігілген бас киім. Тақияның орны ерекше болған, оны күнделікті тұрмыста киген. Халқымызда тақия тек қыздардың ғана емес, ер адамдардың да бас киімі саналады. Қыздар арасында сәнге айналмай тұрып, оны тек ер адамдар кигенін білеміз. Ер адамдардың тақиясында моншақ, ақша, әшекейлер болмайды. Ерлер биік төбелі, тегіс төбелі, үшкір төбелісін киеді. Оларға мүйіз, шырмауық секілді өрнектер салынады. Пүліштен, ал астарын жібек матадан тіккен.

МЫСАЛДАР

Мұнысы ақыл екен. Бөкенбай басындағы дағарадай бөркін алып, барқыт тақиясының астына қамшысының сабын жүгіртіп бірер қасып қойды (Ә. Кекілбаев «Үркер»).

Тымақбай шығып таңыраңдап, тақиясын қолға алды (Б. Майлин, Шығармалары).

Оның артынан қанды көз Мәмет қызыл тақиясын аспанға ылақтырып мәсісін шешіп , жабырлап отырысты , қатынды қалай іздеген әңгімесін шертті (Ж. Аймауытов, Шығармалары).

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР:

Бас аман болса, тақия табылар.

* * *

Шапанды жамағанды көріп едік,
Тақияны жамағанды көрдік.

* * *

Таз тақиясымен таласар.

* * *

Аспанға тас атпа,
Тақияң темір емес.

* * *

Қотыр қолдан жұғады,
Таз тақиядан жұғады.

* * *

Етік жамағанды көрдік,
Тақия жамағанды көрмедік.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрікмен
do'ppi	тебетей	aragcın	тахья

тәжік	татар	башқұрт	ұйғыр
тоқй	түбәтәй	такыя	dopp

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тастаған тақия жерге түспеу – «орын жоқ» (тар жер, бос орын болмау)

Тақия жерге түспеу* (тар жер) – «биіктік»

Тақияда тамтығы қалмады – бар мал-мүліктен айырылды, барынан жұрдай болды

Тақияңа тар келе ме? // болмас // келмес – бір нәрсені азырқап, қомсынған адамға осы да жетер деген ұғымда айтылады

Фразеологиялық синоним

Тақия тігер — қыз бала.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Тақия – қызыл, жасыл, көгілдір түсті шұға, мауыт, мақпалдан ұлттық өрнек салып тіккен ерлер мен әйелдердің жеңіл бас киімі. Тақияның түрлері көп: биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі тақия. Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ, тана болмайды. Оның есесіне олар «мүйіз», «ат ерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді, машинамен, қолмен «таңдай», «ирек», қабырға тігістерімен әдемілеңіл сырылады.



Тақия – қазақ қыздарының да ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті

сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендірілген. Үкінің ұлпідек қауырсыны әсемдік үшін тақияны төбесіне қадайды. Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын «қасиетті құс» деп тотем тұтқандығынан пайда болған.

ЖҰМБАҚТАР

Сырт жағына зер жіппен,
Көз тартатын көрікпен.
Ою-өрнек бастырған,
Шалқасынан тастаған,
Кәдімгі сырлы тостаған,
Қойсаң егер төңкеріп,
Төңірегін көмкеріп,
Тостағандай бос тұрған,
Киіз үйден аумайды,
Басқұрмен бастырған.

Жауабы: Тақия

Тақияға тағылған тал-тал моншақ



Өнерлі қыз барқыттан тақия тігіп, оның төңірегін айналдыра кестелейді. Тақия дайын болған соң, оның маңдай тұсын екі түсті моншақпен әрлеуге кіріседі. Әр екі ақ моншақтың ортасына бір қызыл моншақ тігеді. Моншақтарды осылайша үш-үштен бірнеше қатар етіп тіккенде жеті қызыл моншақ артылып қалады. Өз ісіне риза болмай қалған қыз енді моншақтарды қайта сөгіп алып, әр екі қызыл моншақтың ортасына бір ақ моншақ қосып тігеді. Бұл жолы

алдыңғыдан бір қатар артық кестеленеді және біраз ақ моншақ артылып қалады. Қыздың барлық моншағы, оның ішінде ағы мен қызылы қанша?

Жауабы: Кейінгі жолы алдыңғы жолғыдан бір қатар артық кестелеген, демек, қызыл моншақтардың ақ моншақтардан екеуі артық. Ал алғашқы жолы жеті моншақ артылып қалған болатын. Мұның екеуі қызыл моншақтың ақ моншақтан артық саны да, қалған бесеуі алғашқы кестелеу кезіндегі қатар санын білдіреді. (екі моншақтың ортасына бір қызыл моншақ кестелегенде, қанша қатар болса, сонша қызыл моншақ артылып қалған) Сонымен, қыз алғашқы жолы бес қатар, кейінгі жолы алты қатар етіп кестелеген. Бұдан моншақтар санын оңай табуға болады. Он екі қызыл моншақ, он ақ моншақ, барлығы — жиырма екі моншақ.

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Тақия XVIII ғасырдан бастап киіле бастаған. Ол Қазақстанға Орта Азия қолөнершілері арқылы келген. Қазақстанның Оңтүстік аудандары мен Сырдария жағалауындағы қазақтар тақияны қызығушылық негізінде сатып алған. Тақияны пүліштен, қыжымнан аластарын жібек, сәтеннен тігеді. Биік төбелі тақия мен тегіс төбелі тақияның тігілуі бірдей. Ал үшкір төбелі тақияны тіккенде оның етегін жалпақтығын үш елідей етіп, тік төрт бұрыш етіп қиып алады. Оның төбесі үш бұрыш формалы төрт не алты сайлан құралады. Алдымен оларды тігісін ішіне қаратып құрайды да, одан соң сайлардың етегін тақияның етегіне қондырады. Тақия мыжылмай өз формасын сақтап тұру үшін оның астары мен қос астарын беттестіріп жиі етіп сыриды. Одан кейін тысын жауып, шетін басқа түсті матамен әдіптен көмкереді. Сайлардың және тақияның төбесі мен етегінің қоспа тігістері білінбеу үшін сол тігістерді бастыра жібек жіппен әдемілен шалып тігеді. Қазіргі кезде жергілікті кәсіпорындар әр түрлі тақия жасап шығарады. Тақияның былғары тақия, дөңгелек тақия, жүн тақия (тоқыма), жиекті тақия, қатипа тақия, қатырғы тақия, тік етек тақия, шошақ тақия, шоқты тақия; тебетей (төбе тақия), телпек, т.б. түрлері болады.

ТАҚИЯ

Зер төккен, бұрын қыздар армандаған
Тақия сыйладың сен арнап маған.
Қазақта қадірі ерен бас киімнің,
Маған да ештеңе жоқ ардақты одан.
Ат, атан сыйлығыңмен ол барабар,
Жүреді тон орнына қол орамал.
Шешеді сүйіншілеп бас киімді,
Хабары жақсылықтың басқа қонар.
Жерге әсте бас киімді тастамайды,
Әрісі жастық етіп жастамайды.
Сыйлайды сирек, қимас досқа ғана,
Беруді бастан киім қостамайды.
Босаға емес, оны төрге іледі,
Бейсауат басып өтпес жерге іледі.
Танытар бас қадірін, дос қадірін,
Халықтың ғұрпы қандай мөлдір еді!
Бар қауым бұл ғұрыпқа ұйып өтті,
Қазаққа дос қадірін сүйікті етті,
Төрімде зер тақияң азиз досым,
Жанымды Алатаудай биіктетті.

Тұрсынхан Әбдірахманова

ОЙЛАҢ, ТАП!

Берілген сөз тіркестерінің мағынасын тап.

Тақиясына тар келу		
Тақия жерге түспеу		
Тақия тігер		

ТАРТПА



1. Ердің үстіне келетін төс айылдағы жалпақ әшекейлі зат. Ат әбзелдерінің бір бөлігі, ерді бекіту үшін қажет.
2. Жас баланы бесікке бөлеген де байлайтын жалпақ бау, Тартпа бау.

МЫСАЛДАР

Ат болған соң, оған жүген, құйысқан, шідер, тартпа, өмілдірік, таралғы сияқты қайыс тұрмандар керек-ақ («Лен. жас»).

Әлдекім тартпасын тым қатты тартыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Атыңның ерін ал! – деп, қайтадан тартпасын ағыта бастады (Т.Ахтанов, Боран).

Қапылыста Едіге Қымызбен ханды ұрады, Қарғып үйден шығады, Жалғызды ұста дегенде, Талай жалғыз шұбады. Тойға келген қалың ел Ұстаймыз деп қуады. Үзеңгі, тартпа қиылған Не қайратты батырлар Міне алмай аттан құлады (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Мақал-мәтел:

Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде ер тұра алмас,
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас,
Бәрі бірдей сай болса
Шайтан түгіл жын алмас.

Жұмбақ:

Балдыр-балдыр басынан алыпты,
Тәңірберген тамағынан алыпты.
Құдайберген құйрығынан алыпты,
Ең мықтысы белінен алыпты.

Жауабы: жүген, сағалдырық, құйысқан, тартпа

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ


өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	башқұрт
айил	басмайыл	çäkäsäk	kolan	айыл
тәжік	араб	парсы	украин	неміс
аил	بطن	موزث	попруґа	sattelgurt
француз	итальян	португал	ағылшын	орыс
sangle	ventrierà	barrigueira	bellyband	подпруга

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

артпа - ерттелген

Тердің, ашамайдың үстінен салынып ат бауырына орай тартылатын әбзел. Тартпаның кайысы екі-үш елі жалпақтықта бүтіндей тілініп немесе тілінген кайыстың ат бауырына келетін бөлігі екі- үш бөлек етіліп өріледі. Оның

екі басына екі доғабас тігіледі. Ал қайыстың аткөрпе үстіне келетін бөлігі жалпақтау тілінген қалың былғарымен алақандалып, алақанның екі басы шашақталып, кейбірі күміспен бастырылып әшекейленеді. Тартпаның алақандалған жағындағы доғабасқа кайыстан ұзындығы шамамен 4-5 карыстай, ал жалпақтығы бір елідей бау (бүлдірге) тағылады. Тартпаның осы кайыс бау арқылы тартылады. Тартпаның ерді жақсы ұстап тұруы үшін қосымша тартылатын шандыр тартпа деп аталатын түрі болады. Бұндай тартпа алақандалмай қарапайым етіп жасалады. Ол ердің артқы қасынан салынып аттың шап жағынан тартылады.



Ерді ерттегенде тартпаның дұрыс келуі, бауының дұрыс тартылуы ескеріледі. Ат ерімен қаңтарылып бос тұрғанда немесе отқа қойылғанда тартпасы босатылады. Егер тартпа үнемі тартылып тұрса, аттың төсін қиып жарақаттайды.

Тартпа айыл атауының баламасы, көп жағдайда «айыл» жиілеу, «тартпа» сиректеу қолданылады. Бұл екі атаудың заттық айырмашылығы да жоқ емес. Мәселен, кейде тартпа деп ердің үстіне келетін айылдың жалпақ әшекейлі бұлғары бөлігін ғана айтады.

Асырма тарпа 1. *диал.* Тартпаның екінші ұшын тоғаға тартып байлауға қажетті қайыс бау; 2. *қара.* Шеттік. Күдері тартпа – түйе терісінен жасалған жалпақ айыл тартпа.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР

Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; қақтау, қалыптау

Көлемі: 72 x 7,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ПМОтк2 – 3015/5

* * *



Дәуірі: XX ғ. басы

Жасалған жері:

Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл, ақық, жіп; нақыштау, бекіту

Көлемі: 73 x 6

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ҚРҰМнк 22926, ГМЗ КП 1107 (ГМЗ ОФ795)

* * *



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл; қырнау, оймалау

Көлемі: 75 x 6

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-590/8 (тк1-590/8)

ТЕБІНГІ



Ер-тұрманның құрамына жататын әбзелдердің бірі. Тебінгі бір жағынан әсемдік үшін тағылса, екіншіден, тоқым қысқа болған жағдайда аяқ киімді аттың терінен қорғайды, ал тоқым ұзын болған жағдайда оны жылдам тозудан сақтайды.

МЫСАЛДАР

Жұқа көкшіл шұғамен қапталған тоқымның тебінгісі қызғылт сафиян (М.Әуезов, Абай жолы).

Екі құлағындағы тебінгідей сырға бұлғаң қағып, жынданған кісідей дарақы күлкіге дес береді (О.Бөкеев, Үркер).

Содан бұлар Жаманшыңның түбінде жақсы ырымды бастап, шынтақ қағысып, тебінгі сүзісіп бірге аттанған қазақ қолын ата дұшпанның қақ маңдайына қарай қарсы алып жүрсін (Әбіш Кекілбаев, Үркер).

Жұқа көкшіл шұғамен қапталған тоқымның тебінгісі қызғылт сафьян (Мұхтар Әуезов, Ақын аға).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Тебінгі – үзеңгі астынан келетін косымша әбзел. Тебінгі атқа салт мінген адам балағын, етігін аттың терінен, түгінің жабыспауынан, сондай-ақ атты адам тебініп отыратындықтан, темір үзеңгінің, етік өкшесінің аттың капталын жарақаттамауын, тоқымның тозбауын сақтаған. Сонымен бірге тебінгінің кейбіріне бедерлі ою-өрнек түсіріліп, күміс әшекейленіп жасалатындықтан ерге сән берген.



Тебінгі негізінен калың былғарыдан, қайыстан төртбұрышты пішінде пішіліп, киізден астар салынып, екі бөлек жасалатын болған. Ол ер капталына бекітілген немесе екі тебінгі бір-біріне баулары арқылы жалғанып тоқым үстінен салынған. Сонымен бірге тебінгі кейбір қысқа тоқымның етегіне бекітілген. Бұндай тоқым – «Тебінгі тоқым» делінген.

ТАРИХИ ЖӘДІГЕР



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: Тері, металл, тас; өңдеу, құю, нақыштау

Көлемі: 92 x 74

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ПМО УҚТК4-8232/7 (УҚТК4-8232/7)

Шетке қылмай ерлікті,
Ел қорғайтын ер бітті.
Тебінгісін тоздырып,
Құрғатпай тоқым-терлікті.

Дулат Бабатайұлы, Замана сазы

* * *

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Құбыланы төрткүл оңға алмай
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өлеңді төсеп ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгіні теріс салмай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

Махамбет Өтемісұлы

ТОҚЫМ



Аттың арқасына ер батпау үшін екі қабат киізден ыңғайлап пішіп, сыртын мата немесе былғарымен қаптап, кейде өрнектеп сырып, айнала шетін көмкеріп жасайтын ер-тұрман жабдығының бірі.

МЫСАЛДАР

Қолы ұсынақты Жаңылсын қыл ессе шылбыр, киіз басса тоқым дегендей баланың ер-тұрманын да әлекей-күлекей қып, біраз түзеп тастап еді (Әбіш Кекілбаев, Бір шөкім бұлт).

Ертемен төрт бұрышы жемірілген ескі тоқым сияқты "Иман шартымды" қолтығыма қыстырып сабаққа келсем, балалар жиналмаған екен (Ғабит Мүсірепов, Ананың анасы).

Үстіне тоқым төсеп, күні бойы жүн түтіп, иіріп отыратын шешесі елестейді (Оралхан Бөкеев, Көк тайынша).

Киіз тоқымдарды да түрлі ою-өрнектермен әдемілеп сыруға тырысатын (Х. Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Шын мәнінде тоқым ұғымына тебінгі, тоқым ішпек, ішкілік, терлік, өң сияқты төсеніс жабықтар ғана кіреді (Е. Еженбекұлы, Ата салтыңды аяла).

Мақал-мәтелдер:

Шоқай кесе, аяқ ауырмайды.
Тоқым жапса, ат жауыр болмайды.

* * *

Есегі бір теңге,
Тоқымы мың теңге.

* * *

Туырлықтай киізден
Тоқым шықпапты.

* * *

Жұмбақтар:

Үй астында ақ тоқым.

Жауабы: ай

* * *

Таудан тоқым лақтырдым.

Жауабы: бүркіт

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	алтай
egar yostig'i	тердик	yəhər yastığı	eyer yastığı	токым
татар	араб	парсы	украин	неміс
ияр киезе	پارچه	پارچه	пітнік	schabracke
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
tapis de selle	sottosella	almohadilla	saddle pad	потник

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

тоқым - аттың арқасына

Тбатпауы үшін ердің
астына салынатын
тұрман. Ер атқа тоқымсыз
салынбайды. Яғни тоқым - ердің
ажырамас тұрманы. Осыған орай,



дәстүрлі ортада аттың ер тұрмандарын жалпылама ер-тоқым деп атау орын алған. Атты ерттегенде оның арқасына алдымен жұқа киізден немесе жабағыдан жасалатын терлік салынады. Оны кейде жұқа матадан да жасайды. Терлік аттың терінен ерді сақтайтындықтан, оны қатты тоздырмай, жиі алмастырып отырады. Терліктің үстіне қалыңдау матадан жасалатын ішкілік салынады. Сосын ішкіліктің үстінен тоқым салынады. Кейде тоқым жұқа болған жағдайда немесе ердің оқпаны аласа болғанда атты жауыр болудан сақтау үшін тоқымның үстінен екі киізден қабатталып жасалып, былғарымен қапталатын желдікті салады.

Тоқымды көбінесе киізден сырып жасаған. Киіз тез тозып кетпеуі үшін түрлі маталармен көмкеріп тігетін. Тоқымның көлемі ердің түріне қарай әртүрлі болып келеді. Мәселен, әйелдерге арналып жасалатын тоқымдардың көлемі үлкен болып, барынша әшекейленеді, ал ерлердің тоқымдары одан кішілеу болады. Ал күнделікті мініс аттарының тоқымдарында әшекей болмайды.

Дәстүрлі ортада жылқы малы мен оның тұрмандарына қатысты көптеген жосын-жоралғылар бар. Соның бірі тоқымға қатысты «**тоқым қағар**» деген жоралғы болып табылады. Аталмыш жоралғы сапарға кеткен адам аман-есен оралсын! деп ырымдаудан шыққан.

Тоқым тарту - жетім қалған немесе енесі жеріген кұлынды биеге телу кезінде жасалатын амал (тәсіл). Телінетін биенің арқасына тоқымды тартып байлап, арлы-берлі ұзақ жүргізіп, әбден терлеткен

соң әлгі тоқымды алып, құлынға жабулап тастайды. Сөйтіп өзінің тері сіңген құлынды бие жатсынбай оңай кабылдап кетеді.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік
Қазақстан

**Материалы және
техникасы:** Тері, металл,
мата, киіз; қалыптау,
инкрустация

Көлемі: 60 x 108,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМЗ КП 1256/2 (ГМЗ ОФ 944/2)

* * *



Дәуірі: XX ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік
Қазақстан

**Материалы және
техникасы:** Тері, металл,
ақық, киіз; қақтау, қалыптау

Көлемі: 134 x 68

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКтк1-233/2 (тк1-233/2)

Кей ер бар тар қосылған, **тоқым** қаппас,
Шаптай тартып қойсаң да атқа жатпас.
Ілгерінді-кейінді қоқаң қағып,
Ат арқасын ыспалап тыным таппас

Ш.Құдайбердиев

* * *

Ақбөрте түсіп астыма,
Айқара **тоқым** салсам деп;
Алмас қылыш асынып
Ақ найза қолға алсам деп

Дулат бабатайұлы, Замана.

* * *

Сырмақ қып астына,
Байының **тоқымын**,
Отының басына
Төрінің қоқымын

Абай

* * *

Сол шақта ішімнен төктім ән,
Соңыра жүретін жолды ұғып,
Тоқым сап біз мінген көк құнан,
Қалатын аздан соң болдырып

Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.

* * *

Тілдей торғын табылмаса **тоқымыңа** жиектік,
Құрым киіз қайдан болсын көк қошқарға күйектік.
Қаптап өскен қалың орман күйіп кетсе күл болып,
Титтей ағаш бұйырмайды домбыраңа тиектік.

Н.Айтұлы

Тоқым

Көңіл бөліп, ақылдым,
Назар аудар тоқымға!
Қай кезде де атыңа
Тоқым салмай отырма.

Жарамайды құр тұрған,
Көп білуге талаптан.
Өзірленер бұл тұрман
Барқыт, киіз, манаттан.

Сапарыңды бастасаң,
Артық емес білгенің.
Тоқым салсаң,
Ешқашан
Жауыр болмас мінгенің.

Олжас Қасым

ОЙЛАН, ТАП!

Берілген суреттегі заттардың атауларының алғашқы әріптерінен
сөз құра.



--	--	--	--	--

ТОРСЫҚ



Сусын құю үшін ысталған теріден жасалынған шағын ыдыс.

МЫСАЛДАР

Дұспаннан түк тартса да олжа десіп, Торсықты сусын құйған жиып алды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жалма-жан торсығымдағы саумал қымыздан құлынның аузын ашып, екі-үш рет құйып жіберді (М. Мәжитов, Құлынды жон).

Ол беліне байлаған торсығын шешіп, екі көзі алақтап, қорқып отырған Ізімге сусын беріп, атының артына мінгестіріп жүріп кетеді (Доқтырхан Тұрлыбек, Алтынның қос сынығы).

Оған байлаулы аң терісінен жасалған жан торсықты салдыр-гүлдір шайқап қойды (Кекілбаев Әбіш, Елең-алаң).

Мақал-мәтелдер:

Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
Жаман адамға мал бітсе,
Жанына қоңсы қондырмас.

Жұмбақтар:

Сақырлаған шатыры,
Ішіндегі батыры.
Астында киіз қазығы,
Екі торсық азығы.

Жауабы: бесік пен бала

* * *

Бір нәрсе өзі жансыз керіледі,
Қампиып қарны торсық көрінеді.
Ісі бар және о дағы таңғажайып,
Сабаса екі жақтап семіреді.

Жауабы: құс төсек

* * *

Б-дан бастасаң – Борсық,
Т-дан бастасаң не?

Жауабы: торсық

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Торсық – Орталық Азиядағы түркі халықтарының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып пішеді де таспамен тігеді. Торсықты саба сияқты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштантығын тығылады. Ол жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсықтарға арнаулы мүйізшапқымен (ысқышпен) әр түрлі өрнек салынады.



Теріден жасалған ыдыстардың күннің ыстығына да, суығында да бір қалыпты температурада сусын сақтайтын қасиеті бар. Мұндай ыдыстарға құйылған сусынды алыс сапарға шыққан жолаушылар қоржынға салып немесе қанжығаға байлап алып жүреді.

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» еңбегінде жорық жағдайы үшін арнайы әзірленген ас туралы мынадай жолдар келтіреді: «Ресейден қашқан торғауыттардың ізіне түскен қазақ қолы дамыл жасап, жорық қазандарында сүрленген жылқы етін пісіріп, су құйылған торсықтарда құрт жібеткен. Бір сөзбен айтқанда, осылайша күндік асын талғажау етіп, күш жинайды».

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Жанторсық – иленбеген теріден жасалатын, сусын құюға арналған ыдыс. Жанторсыққа қымыз, шұбат, айран, шалап және т.б. сүттен әзірленетін сусындарды құйып сақтаған және тасымалдаған. Торсықтың жанторсық аталуы сапарда, өрісте адамның жанына ұдайы алып жүретіндігімен және иір мүйіз тәрізді иықшасында қалып қоятын бір ұрттам сусыны қысылтаянда адам жанына араша болатындығымен байланысты делінеді.

* * *

Шимайторсық - ірі қараның қалың терісінен тігілген өте сәнді торсық. Бетіне арнаулы мүйіз шапқымен әртүрлі өрнек салады. Бүйірі табақ сияқты дөп-дөңгелек болады.



* * *



Өркешторсық - түйенің өркеш терісінен тігіледі. Терінің жалпақ жағы торсықтың түбіне, жіңішке жағы ауызына сәйкес келеді. Оның пішіні де өркештің пішіні секілді сопақша болып келеді. Өркешторсық сәнді болмағандықтан, оған көбінесе айран, іркіт құйылады.

* * *

Мүйізторсық - ірі қараның терісінен жасалатын сәнді торсық. Беті шимайторсық секілді шауып өрнектеліп, шытыраламен өрнектеледі. Мүйізторсықтың түп жағы дөңгелек болғанымен, екі иіні қошқар мүйіз ою секілді сәндеп шығарылған.



Торсық

Жол шеккен кезде қиырға
Жаяудың жалғыз сенгені -
Толтыра сусын құйылған
Торсығы ғана белдегі.

Сол жаяу құсап бүгін де
Келемін жылжып жүріп мен,
Белдегі торсық түбінде
Сақталған тәтті үмітпен.

Батса да тастақ табанға,
Бөгемек емес бұл мені.
Үміттен ұрттап алам да,
Ұмтыла түсем ілгері.

Қалғанда сусыз жапанда,
Жібітер торсық таңдайды.
Шықсаң да қанша сапарға,
Сарқылып,
Кеуіп қалмайды.

Таусылса егер үмітің,
Тағдырмен нең бар таласар.
Қайтесің сүйреп,
Жігітім,
Торсықты теуіп жара сал.

Қастек Баянбай


* * *

Таудың суын торсығымда тұндырып,
Ішкендейін іздегенім құндылық.
Көңіл түсіп құлағанға құлаймын,
Алдындағы ісің болса тыңғылық...

Серікбай Бердияров

ОЙЛАН, ТАП!

Кроссвордты шеш. Боялған бөлікте жасырынған сөзді тап.



1. Ет тартатын, кәделі, жиекті ағаш ыдыс.(табақ)
2. Сұйық құятын сапты ыдыс.(ожау)
3. Ағаштан жасалған шұңғыл табақтың үлкені.(керсен)
4. Жылқы терісінен тігілетін, қымыз құятын кәделі ыдыс.(саба)
5. Ағаштан, темірден жасалған сұйық тамақ ішетін ыдыс.(қасық)
6. Қолға су құятын шәйнектің бір түрі.(құман)

ТҰМАР



Жұмыр түтікше үлгісінде күмістен жасалатын, мойынға тағатын әшекей бұйымның бір түрі. Кейде оны «тұмарша, бойтұмар» деп те атайды. Астында шағын қалташасы болады. оған құран сүрелері жазылған қағаз салынады.

МЫСАЛДАР

Түюлі әне тұмарға ,

Туылған жердің кесегі (Қ.Әбдіраманов, Шығ.).

Ілінген бе мойныма тұмардай мұң ? (Ф. Оңғарсынова, Шығ.).

Біреулер амулет , енді біреулер тұмар тағып жүргенде ,
жақсылық болса , сәтсіздікке ұшырасам да , менің бала күнімнен
көп айтатын сөзім « А , Құдай ! » болатын .(Марфуға Шапиян,
Шығ.).

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Жалаңаш тұмар жарылқай қоймас.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	Қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
тумар	Тумар	amulet	muska	guty
Татар	Араб	парсы	украин	неміс
бөти	نَمِيْمَة	طالسم	амулет	amulett
француз	Итальян	испан	ағылшын	орыс
amulette	Amuleto	amuleto	amulet	амулет

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(араб сөзі. тумар **طومار**) – жас бала не жаңа туған төлді, жүйрік атты көз, тілден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғыммен ішіне құран сөзі жазылған, үш бұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз.

Ауыспалы мағыналары:

1. *Қадірлі, бағалы, қасиетті дүние*

Құртқан жоқпын бірақта құмарымды ,

Құрметтеймін дін деген тұмарымды

(Е. Дүйсенбайұлы)

2. *Әдемі ұзын мойын (фразеологизм)*

Тобылғы сапты қамшы ұстап , тұмар мойын ат мінген қыдырмашы жігіт-желең бір ауылдан бір ауылға сапырылысып бағарды .

(Ә. Кекілбаев)

3. *Аппақ жүзді*

Қолаң шашты қой көзді

Тұмар жүзді ақ маңдай....

(Ақтан Керейұлы)

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Тұмар жас баланы, жаңа туған төлді көз тиюден, ауру сырқаудан сақтайды деген ұғыммен ішіне құран сөзі жазылған, үшбұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз.

Тұмардың басты мақсаты – адамды тіл-көзден, жамандық атаулыдан сақтау. Тұмарды түрлі-түсті металл болмаса асыл



тастармен әшекейлейтін болған. Ал, иыққа тағатын «тұмар» түрін – «қолтықша» деп атайды. Оның ішінде де тіл-көзден сақтайтын дұғалар болады. Кейде «Тәңір жарылқасын» деген, кейде «Құраннан» үзінділер беріледі.

Тұмардың тіл-көзден сақтайтын қасиеті ондағы жазылған дұғаларда ғана емес, пішінінде. Себебі, үшбұрыш пішінінде жасалатын тұмардың мәні де осыны айғақтайды. Үшбұрыш ұғымы мифтік таным бойынша, үштік әлемді білдіреді. Олар төменгі, орта және жоғары әлемнің үш деңгейі. Ал, қолтықша әлемнің төртбұрышын білдіреді. Себебі, ол төртбұрышты пішінде жасалады.

Тұмар мен қолтықша әлемнің Орта Азия, Орта Шығыс, Мысыр елдерінде кеңінен қолданылған

ЖҰМБАҚ

Өзі шұбар,
Тамағына таққаны -
Екі тұмар.

Жауабы: Шортан

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Тұмарша – күмістен жасалған, салпыншақ, үшбұрышты басқа тағатын әшекей. Құрамы жағынан екі бөлікке жіктеледі. Тіл-көзден сақтау мақсатында жасалатындықтан, оны баскиімге тағады және



болды.

жоғалтуға болмайды. Егер жоғалса, өміріңізге қауіп төнуі мүмкін. Бұл әшекей тек қазақтарға ғана емес тәжік, араб және қырғыз халықтарына да тән.

Халық оның киелі қасиетіне сеніп, кездейсоқ қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтайды деген сенімде болған. Халықтың байырғы түсінігінде тұмарша оюы бар бұйым адамды жын-шайтаннан сақтайды, жамандықты жолатпайды деген сенім

Тұмарды жасау барысында қолданылатын материалына, безендіру әшекейіне қарай алтын тұмар, тіллә тұмар, сіркелі қолтық тұмар, бойтұмар, жастық тұмар, қиық тұмар, лағыл тұмар деп түрліше атау қалыптасқан.

Алтын тұмар – күміс бетіне сіркелеп, алтын жалатылған тұмар;



ТҰМАР

Мен – рухпын!
Жаралғанмын жанған Күннен, Жалыннан,
Гун де болып сапар шектім сағымнан,
Көк түріктің мәңгі тірі рухымын,
Көктегі Айға Көк бөрі боп табынған.
Тәңірқұты Мөде болып құт тасып,
Баламер боп кездім жерді нық басып.
Еділ болып уысымда ұстадым
Шығыс пенен Батысыңның тұтқасын.
Бумын, Білге, Естеми боп өрледім,
Тонькөк пен Күлтегін боп ерледім,
Өсиетімді тасқа қашап қалдырып,
Сөзбен жудым ұрпағымның жөргегін.
Рухпын – мен!
Рухымын мен сақтардың,
Жүрегімді алау етіп жаққанмын.
Қыпшақ болып қылыш алып қолыма,
Қарсы келген жаудың басын шапқанмын.
Дүбірімен дүниені ояттым,
Дүсірлеген тұяғымен аттардың.
Кеңдік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін
Үшбұрышты тұмар етіп таққанмын.

Б. Жақып

ОЙЛАҢ, ТАП!

«Тұмар» сөзінің қандай мағынада тұрғанын анықта (+), (-)

Мысалдар	Тура мағына	Ауыспалы мағына
Міскін Ахмет , әлсізге тіректікті тұмар қыл Рухы сізді шат қылғай әділетті Ғұмар дүр. (Е.Дүйсенбайұлы)		
Тұмарын Құлагердің шешіп алып, Сипап тұр аясы мен жаясын да. (І.Жансүгіров)		
Ақынның сөзі тұмардан, Өртемей қоймас бұл арман. (Қ.Әбдіраманов)		
Бейнелерің киелі тұмарларым, Есімдерің ес тұтар ұрандарым. (М.Мақатаев)		
Түюлі әне тұмарға , Туылған жердің кесегі. (Қ.Әбдіраманов)		

ҮЗЕҢГІ



Үзеңгі — ер-тұрман әбзелдерінің бірі. Ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылады. Екі қабырғасының жоғарғы жағында таралғы өткізетін тесік болады, ал аяқ киімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді.

МЫСАЛДАР

Жер алыс болғасын үзеңгісін қысқа тағып, аяғы қомданып келе жатқан сол шығар (Кекілбаев Әбіш, Елең-алаң)

Бұ да үзеңгісін табанның орта кезінен салды, шапанның етегін Шәмшише тақымына қыстырды (Жүсіпбек Аймауытов, Көшкенде).

Ауылнай алдына әкеліп атты ұстағанда, үзеңгіге аяғын сала беріп, Желдібай тәлтіректеп құлап кете жаздады (Б. Майлин, Желдібай Жындыбаев).

Таралғылары қырқылып, күмістеткен үзеңгілері үзіліп түскелі тұр (Ғабит Мүсірепов, Этнографиялық әңгіме).

Күміс үзеңгіні өзіне арнап соқтырған, шап-шақ, көрмеге дайындағандай көздің жауын алады (Амангелді Кеңшілікұлы, Жүмекеңнің махаббаты).

Атта отыру мәдениеті жетіліп, бабаларымыз үзеңгіні пайдаланған (Сайын Борбасов, Ұлт тарихы туралы толғаныс).

Мақал-мәтелдер:

Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде ер тұра алмас,
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас,
Бәрі бірдей сай болса
Шайтан түгіл жын алмас.

* * *

Үзеңгі бауы алты қарыс.

Жұмбақтар:

Тептім терекке шықтым.

Жауабы: үзеңгі

* * *

Кішкене ғана тостаған,
Лақтырып мені тастаған.

Жауабы: үзеңгі

* * *

Отырғаным оба жер,
Басқаным бақыр шанақ.

Жауабы: үзеңгі

* * *

Аяғыңнан алады,
Көтеріп жерден салады.

Жауабы: үзеңгі

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

өзбек	қырғыз	азербайжан	түрік	түрікмен
uzengi	үзөңгү	üzəngi	üzengi	üýşmeleň
татар	араб	парсы	украин	неміс
үзең	ال ۆزەڭگۈ	ركاب	стрем'я	bügel
француз	итальян	испан	ағылшын	орыс
étrier	staffa	estribo	stirrup	стрема

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Енесей ескерткіштерінде /üzä/ деген септеулік кездеседі, мағынасы – үстінде, арқылы. Мысалы: «Kişi oğlinda üzä, açüm aram bumın qağan, istämi qağan olurmış». Ауд.: «Адам баласының үстінде, ата-балаларым Бумын қаған, Істемі қаған отырған». «Tarduş budun üza şad ärtim». Ауд.: «Тардұш халқы үстіндегі шад едім». «Kögöz üzä». Ауд.: «Кеуде үстінде».

Белгілі түркітанушы Мәтірейім Сайіт ескі және орта ғасырлық түркі тілдеріндегі «ara, bärü, kâçä, osuğlığ, üçün, üzä» деген шылауларды етістіктен жасалған деп санайды. Түрколог Габайн /üzä/ септеулігінің /üz/ деген түбірден жасалғанын анықтап, мағынасын «көктеу, өсу» деп болжайды.

Түркімен тілінде «ayağnı yerden üz», ауд.: «аяқты жерден көтер». Қазіргі түрік тілінің диалекттерінде «баспалдақ, саты» деген мағынада қолданылатын /üzgü/ деген сөз бар. Түркі тілдерінің сөзжасам заңы бойынша, бұл сөз етістік түбір /üz/-ге /gü/ жұрнағы жалғану арқылы жасалуға тиіс, олай болса, /üz/ түбірінің «көтеру, жоғарылау» деген мағынасы ашыла түседі, себебі, баспалдақ биік үйдің немесе биік заттың жоғарғы жағына шығу-түсу үшін жасалады ғой. Үзеңгі сөзі о баста «көтеру, жоғарылау» деген мағына беретін /üz/ түбіріне өздік етіс тудыратын /än/ жалғауы, оның артынан зат есім тудыратын /gü/

жұрнағы жалғану арқылы жасалып, бір нәрсенің үстіне шығу үшін қолданылатын құрал деген мағына берген.

Ауыспалы мағыналары:

1. *зат. Көлікке міну үшін жасалған, ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі.*

Іңірдің ылғалды сарғылт көк қараңғылығы бірте-бірте жылжып жоғары көтеріліп, екі үзеңгіме жалғасып келе жатыр.

(М.Жұмабаев, Шығ.)

Малдырып сап алтынға үзеңгіңді,

Тағаңды шын күмістен қақпадым ба? (А.Байтұрсынов, Шығ.).

2. *зат. вет. Жылқының қан алатын тамыр түрі.*

Жылқының көптеген ауруларына дауа болатын қан алатын бір тамыр – үзеңгі немесе айыл тамыр.

(Б.Хинаятұлы, Мал ауру.)

3. *зат. жерг. Баспалдақ.*

Үзеңгімен балахонаға шығамыз (Б.Өтебеков, Ауғ.тілі. ерекшелік.).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

үзеңгі – көлікке мінуүшін,

ер-тұрман

әбзелінің аяқ салатын

Үзеңгі Ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылады. Ол атқа оңай мініп-түсу және ат үстінде мығым отыру үшін қолданылады. Көне түріктерде пайда болған. Үзеңгіні

қазақ шеберлері ағаштан, қоладан және темірден жасаған. Ағаш үзеңгілерді көбінесе Қазақстанның солтүстік аудандарында қайыңнан иген. Ал темір үзеңгілерді сыртынан күміс шауып әшекей жүргізген. Үзеңгі түрлері де көп. Мысалы: құранды ердің жалпақ табан үзеңгісі, торлама үзеңгі, ашамай үзеңгі т.б. түрлері де болған. Қыздар мен әйелдің үзеңгісі жеңіл әрі оюлы әшекейімен көз тартса, ер адамдар үзеңгісі берік қалың темірден жасалады.



Ағылшын археологі Гоодчилдтың (R.C Goodchild) анықтауынша, уақыты б.з.д IV ғасырға тән Чертомлік құмырасының белдеуіне салынған жылқы суреттерінен үзеңгінің алғашқы нұсқасын байқауға болады. Скифтердің өмірі бейнеленген осы суреттердегі жылқының қолтығына таяу тағылған қайыс бау атқа минуте арналса керек.

Үзеңгінің тарихи-әскери маңызын ғалымдар ерекше жоғары бағалайды. Ағылшын ғалымы Линн Уайт (Lynn White) «Үзеңгідей қарапайым, бірақ дүние тарихына түбегейлі бетбұрыс әкелген өнер табыстары өте сирек кездеседі» десе, тарих ғылымдарының докторы Ахмет Тоқтабай «Үзеңгілі ер-тоқымның жасалуы материалдық мәдениет тарихындағы үлкен жаңалық болды. Салт атты адам енді аз уақыт ішінде алыс жерлерді бағындырды. Көшпенділердің атты әскерінің қуаты күшейді. Бірінші мыңжылдықтардың 2 жартысынан бастап Еуразия далаларындағы көшпенділердің жылдамдықтары артты» дейді.

ТАРИХИ ЖӨДІГЕРЛЕР



Дәуірі: ХХ ғ.

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: металл, тері; соғу, қақтау

Көлемі: 24 x 14,5

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ПМОТК1-590/2-3 (ТК1-590/2-3)

* * *

Дәуірі: ХХ ғ.

Жасалған жері. Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: темір, жез, күміс; соғу, нақыштау

Көлемі: 38 x 16

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМЗ КП 732/1,2 (ГМЗ ОФ 516/1,2)



* * *



Дәуірі: ХХ ғ. басы

Жасалған жері: Оңтүстік Қазақстан

Материалы және техникасы: тері, металл, жіп; илеу, құю, тігу

Көлемі: 11,5 x 12; 12x67

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Инвентарлық нөмірі: ГМРКТК 431/1-2 (ТК 431/1-2)

Ерімнің бір тұрманы *үзеңгісі*,
Қыз он бесте келеді түзелгісі,
"Аяғын көр, асын іш" деген сөз бар,
"Шешесін көр, қызын ал", сол белгісі.

Шал ақын

* * *

ҮЗЕҢГІМ, КЕТПЕ ҮЗІЛІП...

Түнімнің бәрі – кінәлі,
Күнімнің бәрі – салауат!
Жүректің дерті – мұң әлі,
Өмірдің сырты – ғаламат!..
Түнімнің бәрі – мазасыз,
Күнімнің бәрі – әрекет!
Жүректі қалай жазасыз,
Қаптаған жерде пәлекет!..
Ұлт жайлы менде ойланам,
Саусаққа батты оймағым.
Шаттығым аздау тойлаған,
Болады қашан ойдағым?..
Жазымды кетті, Күз іліп,
Құлазып қалдым күзеуде...
Үзеңгім кетпе үзіліп,
Жарамай табан тіреуге...

Ербол Бейілхан

Қапылыста Едіге Қымызбен ханды ұрады,
Қарғып үйден шығады,
Жалғызды ұста дегенде,
Талай жалғыз шұбады.
Тойға келген қалың ел
Ұстаймыз деп қуады.
Үзеңгі, тартпа қиылған
Не қайратты батырлар
Міне алмай аттан құлады

Бақтыбай ақын, Жел қобыз

* * *

Үзеңгі

Мықты болса үзеңгі,
Тұлпарыңмен заулайсың.
Мығым ұстап тізеңді,
Ат үстінен аумайсың.

Қос қапталдан бұл құрал
Ер-тоқымға жалғанған.
Тек биікке ұмтылар
Оған аяқ салған жан.

Ат әбзелі жалтырап,
Соғылады темірден.
Үзеңгімен арғымақ
Тартымды боп көрінген.

Олжас Қасым

ОЙЛАН, ТАП!

«Үзеңгі» сөзіне қатысты ұғымдарды түсіндірмесімен сызық арқылы сәйкестендір.

1. Аттан түссе де, үзеңгіден түспеу.	a. Төскейге қарай бет алу.
2. Аяғын үзеңгіге салу.	b. Мансап таластыру, қатар адамдардың өзара үстемдігін, артықтығын көрсетуге тырысуға әрекеттену.
3. Төскейді үзеңгіге алу.	c. Ер жету, мақсатты жолға шығу.
4. Үзеңгі соғыстыру.	d. Қатар өскен, терезесі тең, аралас-құралас жүргендос-жаран, замандас.
5. Үзеңгіден өткізу	e. Ел басқарып үйреніпқалған адамның мансаптан айырылса да, бұрынғы әдеті бойынша елге билік айтуын қоймауы.
6. Үзеңгілес	f. Баласы тоқтамай жүрген әйелдер баласын немесе баласының жөргегін үзеңгі көзінен өткізіп алу ырымы.

ШАҢҚОБЫЗ



Шаңқобыз – ежелден келе жатқан қазақтың музыкалық аспабы. Шаңқобыз – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап. Аспап бітімі бөлек болғанымен, оның құрылымы өте қарапайым. Аспапта ойнау тәсілі де өзгеше. Ұзынша келген аспаптың ортасында темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі болады. Шаңқобыз ағаш, сүйек, металл секілді заттардан жасалса, тілшесі күмістен немесе темірден жасалады. Шаңқобызға ерекше тылсым дыбыс беретін тесігі осы тілшесі. Сондықтан да оның даусы өте жағымды, нәзік, толқынды болып келеді.

МЫСАЛДАР

Көп қыз қатар тартқан шаңқобыз әуені неше түрлі құбылады, әлденені арбаған сиқырша ысқырып, ыстық дауылша ұйтқиды (Т. Әлімқұлов «Сейтек сарыны»).

Думанға толы өмірің Есіңе түсер мұндайда. Шаңқобыз тартып көңілін, Айналар кеудең сырнайға (Т. Айбергенов «Бақшаға саяхат»).

Ұлы жол бойындағы Қорқыт кесенесінің шаңқобыз үні күлкілі ме, күлкі дарақы күлкіге ұқсай ма?! (Қ. Жиенбай «Ән салуға әлі ерте»).

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

башқұрт	қырғыз	өзбек	түрікмен	татар
кубыз	ооз-комуз	chanqovu	goruz	кубыз
якут	монғол	чуваш	украин	жапон
хомус	aman khuur	капас	дрымба	ムックリ mukkuri
неміс	француз	итальян	ағылшын	орыс
maultrommel	guimbarde	scacciapensieri	gewgaw	зубанка

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б. Сарыбаевтың еңбектерінде «шаңқобыз аспабы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әр түрлі өңірлерінде кездескендігі жөнінде дәлелдемелер бар. «Ресейдің музейлерінде бірнеше шақобыз сақтаулы. Олардың алғашқы даналары мұнда XIX ғасырдың екінші жартысында тапсырылған. Түсніктеме жазуларында бірде шаңқобыз, бірде шаңқауыз деп аталыныпты. Ал мұның өзі олардың әр түрлі аудандардан әкелінгеніне дәлел. Себебі бұл аспапты Шымкент облысы мен Қызылорда облыстарының бірқатар аудандарында, сондай-ақ Түрікменстан мен Өзбекстанда тұратын қазақтар шаңқауыз деп атаса, Қарақалпақстан тұрғындары «шыңқобыз» деп атайды» деп берілген.

Шаңқобыз басқа атаулармен көптеген халықтарда әр түрлі атпен кездеседі. Варган, темір қомыз, комуз, аура, комус, ванияр, кубыз, тумра, коусян т.б. атаумен шаңқобызға ұқсас аспаптар түрікмен, қырғыз, өзбек, якут, татар, башқұрт, орыс, моңғол, т.б. Еуропа халықтары арасында да кең тараған.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Шаңқобыздың қорабы әйелдің кебісі сияқты етіп жасалынған. Қораптар әшекейленіп тамаша ою-өрнектермен көмкерілген. Кейбір шеберлер шаңқобызды күмістен, басқа да асыл металдардан жасаған. Шаңқобыздың құрылысы күрделі емес. Оның көлемін әр түрлі етіп жасайды. Даусы жақсы шығатын, сәнді қорабы бар шаңқобыз үшін оны жасаған шеберге көп ақша төлеген.



Шаңқобыз аспабындақалай ойналатыны жайында этнографтар жазған деректер тым аз. Шаңқобызда оайнау кезінде нақтылы екі дауыс пайда болады. Тілшенің тербелісі бір қалыпты бурдон ретінде дыбыс беріп отырады. Екінші дауыстың биіктік жағдайы ауыздың ішінде ұрттағы ауаның көлеміне байланысты. Ал ауаның көлемі тілдің, еріннің және көмейдің қозғалу дәрежесіне қарайып кеңейіп-тарылып отырады. Тіл мен көмейдің қатысуымен тіпті қазіргі қолданылып жүрген терминдердің ешқайсысына жанаспайтын небір ғажап үн шығаруға болады. Шаңқобыздың сұлу сазы айғай-шуды жақтырмайдыжәне оның әуені екі ғашықтың оңаша шүйіркелесуін еске салады.

ЖҰМБАҚТАР

Аралаймыз сан қонысты,
Ала шықшы

Жауабы: шаңқобызды

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



Шаңқобыздың дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы аспап резонансдың қызметін атқарады. Шаңқобызды екі ерін арасына қойып, тіске тірей тұрып ойнайды.

Ол үшін сол қолдың бас бармағы, сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ аспапты ұстап тұрады. Қалған екі саусақ жартылай бүгіледі де ортаңғы саусаққа тақалады. Алақан жартылай жұмылып қуыс жасайды, ол қуысқа аспаптың дыбысы жиналып, күшейіп шығады. Аспап дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппенің тербелісі арқылы шығады. Сондай-ақ орындаушы тілінің қимылы арқылы түрлі дыбыстар шығарады. Шаңқобыздың негізгі дыбысы тілдің мөлшеріне байланысты. Аспап тартушы тілінің қимылы арқылы түрлі дыбыстар шығара алады. Кей жағдайларда әуенді әрлеу мақсатында шаңқобыз орындаушылары саусақтарына қоңырау іліп те ойнайды. Шебер орындаушылар тілшені жалғыз рет шалып қалып-ақ бірнеше нота ойнай алады. Жекелеген музыканттардың шеберліктің шыңына жеткені соншалық, олар



тұтас аспапты аузына салады да тілін қимылдата отырып аспаптың жұқа тілшесін тербеліске келтіреді. Оны негізінде әйелдер көп қолданған. Ертеде шаңқобызды кішкентай балалар мен әйелдер аспабы деп қараған. Шаңқобызға арналған «Қыз ұзату», «Қыз зары», «Қыз мұңы», «Шаңқобыз голғауы» сияқты шағын күйлер бар. Қазақы ортада шаңқобыздың сирек кездесетін түрі – ағаш шаңқобыз. Ағаш шаңқобыз

үйеңкі, қайың, жеміс ағаштарынан жасалады. Ортадан кесілген ағаш ұштары екі жағынан тесіліп, жіп-бау тағылады. Аспап орындаушысы жіп-бауды тартып, босату, яғни тербеліс туғызу арқылы тілшені қозғалтып, дыбыс шығарады. Ағаш шаңқобызда жеңіл әндер мен шағын күйлер орындалады. Шаңқобыз халық аспаптар оркестрінде, ансамбльдерде қолданылады әрі жеке де ойналады.

ШАҢҚОБЫЗ

Шаңқобызда қайғы, арман,
Шаңқобызда бір сыр бар.
Қос аққуға айналған,
Қоса өрілген жырсыңдар.
Көз алдымда көлбеңдеп,
Өмір болып тұрсыңдар.
Өлеңдейін өрге өрлеп,
Өрімделіп тұрсыңдар.
Шал сипады жанарын,
Төмен қарап қысылып.
Он сегіздің сауабын,
Тоқсанында түсініп.
Шаңқобыз да домбыра,
Зарын айтса сен, сенбе.
Жүйелі саз орнына,
Жүрегімді берсем бе?!
Оймақ ерін, ақ саусақ,
Бір біріне жұқпады.
Келе жоқты аңсап,
Барды місе тұтпады.

Шаңқобызда қосылып,
Екі қыздың жұптары.
Өңірлерін асырып,
Белгіленді ұтпағы.
Енді бір күй тартылса,
Екі қыздың ұтқаны.
Еріндегі ысқырық,
Екі шекті жұтқаны.
Ер жігіттің намысы,
Жібермеді құптады.
Домбыраның дауысы
Шаңқобыз боп шыққаны!
Екі шебер сұлудың,
Қашып кетті құттары.
Алдарына құйылған.
Қымыздан да жұтпады.
Күй танабын қуырып,
Жігіт алды тұтқаны.
... Домбырада туылып,
“Шаңқобыз” боп шықты, әні!

Мылтықбай Ерімбетов

ОЙЛАҢ, ТАП!

Музыкалық аспаптарды тобына қарай сәйкестендір.

	Сілкіп ойналатын	Ұрып ойналатын	Шертіп ойналатын
Дабыл			
Шертер			
Сылдырмақ			

ШАҢЫРАҚ



Шаңырақ- киіз үйдің жоғарғы бөлігі. Оның пішіні күмбез тәріздес, шаңырақ уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. Киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек шеңбер осылай аталады.

Шаңырақтың бөлшектері:

1. Тоғын - шаңырақтың дөңгелек шеңбері. Екі немесе төрт ағашты иіп қосып, бір шеңбер жасайды.

2. Күлдіреуіш - түңлікті көтеріп тұрады, балауса сәмбі талынан иіліп жасалады. Әр иінде 3 күлдіреуіштен 8-ге дейін болады. Шаңырақтың үлкен-кішілігі күлдіреуіш санына байланысты болады.

3. Беріктік (кепілдік) ағаш - күлдіреуіштер ыдырап кетпеу үшін орнатылады.

4. Шаңырақтың көзі - Оған уықтың қаламы (ұшы) кіріп тұрады. Тоғын мен беріктікті шаңырақтың ішкі жағынан өрнектейді.

Мақал-мәтелдер

Біреудің шаңырағына ақыл айта барма.

* * *

Бір шаңырақтың да екі түрлі ауасы болады.

БАСҚА ТІЛДЕРДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ

моңғол	қырғыз	чуваш	бурят	башқұрт	якут
цагариг	түндүк	шăнăркă	сахариг	сағырак	чампырық

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Қазақ тілінде “шаңбақ” деген сөз бар. Ол сөз тек қана бір-біріне тік бұрышпен бікітілген нәрселерге арналатын сөз. Қауғаның шаңбағы деп құдықтан су шығаратын тері ыдысты бекітетін, тура шаңыраққа ұқсатып

жасаған құралды айтады. “Шаң” сөз түбірі болса (қосу таңбасы) “рақ” пен “бақ” жалғаулары олардың бірін шаңыраққа бірін шаңбаққа айналдырып тұрады.

Ә.Нұрмағамбетов бұл сөздің «түпкі тегі моңғол тілдерінен деп жобалаймыз. Жазба моңғол тілінде – «чағарығ», қазіргі моңғолдарда – «цагариг», буряттарда «сахариг» тұлғалары біздегі «шеңбер», «құрсау» орнына жұмсалады» дей келе, «моңғолдардағы осы тұлға басқа түркі тілдеріне өткенде шеңбер қалпындағы заттарға атау болып тағылғандығын мына бір деректер анықтайды: якут тілінде «күмбез» мағынасын «чампырық» тұлғасы берсе, бізде киіз үй жабдығының бірі – шаңырақ. Осыған қарағанда, қазақтар қолданып жүрген «шаңырақ» – «шеңбер» баламасы» деп топшылайды (Нұрмағамбетов, 292 б.).

Т.Досановтың тұжырымдауынша, «Шаңырақ > шаң [астыңғыбөлегі шартты түрде ғана бар геометриялық екі жарты шеңбердің бірі] > йарақ [образующий]. Киіз үй [жарты сфера], йарақ [сфераобразующий], яғни шаңырақ бұл арада бүтіннің орнына бөлшекті қолдану арқылы екі жарты шеңберді алмастырған белгісі. Киіз үй жарты шар үлгісінде жасалған, ал оның құрамдас қарама-қарсы екінші бөлігі «Жер» деген мифтік ғаламшардың жаратылу концепциясын бейнелеген көшпелі ата-баба даналығын әйгілі жеті кереметтің бірі – Египет пирамидасымен ғана қатар қоюға пара-пар.

Тілдік тұрғыда шаңырақ сөзі – шаң және қарақ түбірлерінен біріккен туынды сөз. Академик Әбдуәли Қайдар шаңырақ сөзінің түбірі – «шаң», сөзбе-сөз мағынасы «жарыққа қарау» екенін айта келіп, оны мынадай бөліктерге бөледі: шаңырақ < шаң + (қ) ар + ақ. Көне түркі сөздігі бойынша шаң түбірі – «таң шапағын», ал қарақ түбірі – «көз, қарашық» дегенді білдіреді. Сонымен, көне түркі тілдеріндегі шаң – қазіргі «таң ату», «таң қылаң берді» тәрізді тіркестерде кездесетін таң сөзімен мағыналас түбір. Яғни шаң түбірі мен таң түбірін біртектес деп тануға болады. Сондай-ақ жарық, күн тәрізді мағыналық реңк беретін таң || шаң || шам ортақ түбірлерді айтып өтуге болады. Осылардың ішіндегі тілімізде шам сөзімен жиі кездесетін «шам жамырады» деген фразеологизм бар. Бұл тіркес қас қарайып, қараңғылық түсу мағынасын білдіргенімен, мұндағы негізгі уәж күннің ұясына қарай батуы болып тұр, яғни күн сәулесі шашырап, өзінің ұясына қашып бара жатқан бейнені елестетеді. Ал көне тілімізде сақталып қалған «қарақ» түбірі «ұрыны қарақшы қарақтапты» тұрақты тіркесінен «аңду, қарауылдау» мағынасын аңғартып, қазіргі тілімізде қырағы қия жазбас (мағынасы – «өте сақ»), қырағы көз (мағынасы – «байқағыш, көргіш») сияқты идиомалық тіркестерден «өткір көзді» түсіндіретін қырағы сөзімен төркіндес деп тұжырымдаймыз. «Қарақ» || «қырағы» түбірлері «көру, байқау» мағынасын үстейтін біртектес сөздер. Сөзімізді (Қайдар, 272 б.).

МЫСАЛДАР

Шаңдатып, шаңырағыңа қобыз тартып,
Әлімқұл, Абылайлап аулың шабам! (І. Жансүгіров).

Шыдай алмай шайқалыпты шаңырақ,
Майыстырып тіреу қылған бақанды (Ә. Кекілбаев).

Шаруасы шалқайған шағын үйдің,
Шаңырағына шаншылдық уық болып (М. Мақатаев).

Біздің халық ұл тілеген:
Шаңырағын ұстайды деп атаның,
Шығарар деп ер бабаның атағын,
Толықтырып әскерінің қатарын
Қорғайды деп Отанын (А. Бақтыгереева).

Шаңырағын идірген,
Шынар деген ағаштан,
Мал байлығы бір асты
Біткен қазақ алаштан (Е. Раушанов).

Кеттік сосын алыс-алыс тұстарға,
Бір-бір үйлік шаңыраққа бас болып (Г. Сейітжан).

Диалектілік ерекшеліктері

1. Шаңарақ

Сүйтсе де қоржын қайда кетер дейсіз. Осы шаңараққа жақсы
ниетпен келіп отырмыз (С. Тәу).

2. Шаңғырақ

Шаңғырағыңды ортаға түсірейін бе? - деп сырттан айқай салады (Алм., Кег.).

Үйдің шаңғырағы тозған екен (Шымк., Сарыағ.).

Ауыспалы мағыналары:

1. Өзінің туған тұрғын үйі

Ұлдың жөні басқа ғой, шаңғыраққа ие болады (Н.Ғабдуллин).

Ұлым, сенсің кең байтақ біздің үйдің

Кішкентай шаңғырағы! (Ф. Оңғарсынова).

2. Орда, мекен

Бағзы көңіл – қуаныш шаңғырағы

Бос қыстаудай құлазып қаңырады.

Жүзден астам ұлт пен ұлысты бір шаңғырақтың астында
біріктірген барша қазақстандықтардың ортақ мерекесі (А. Қалжанов).

3. Әулет, үрім-бұтақ

Менің де шаңғырағым өркендеулі,

Өткеріп келем қызық көктемдерді.

4. Отбасы, жанұя

Машинаға қой-қозыша жамырап,

Барлығына барлығы ұнап, бәрі ұнап,

Кіріп жатыр төсек – шәйнек, кілем боп,

Құтты орынға сексен бірдей шаңғырақ (Ж.Жақыпбаев).

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӨНІ



Қазақ халқы “шаңырақ” деген сөзге көптеген ұғымдарды жатқызады. Мысалы “Пәленшекемнің ұрпағы пәлен шаңыраққа жетіпті” деп, бір ауылдың, не бір рудың есімін жобалап отыратын болған. Шаңырақ киіз үйдің күмбездік, жартышарлық ұлттық, көркемдік қасиетін сақтап тұрады. Үйге жарық түсіріп, үйге жағылған от түтінін ауаға шығуын қамтамасыз етеді. Жалпы “Қара шаңырақ” атауы сол киіз үйге деген ежелгілік, ескілік көз қарас тудыруымен қатар, қасиеттілік күш-қуат та бере алатын сөз. Ол сөз сол үй иелерінің тамырларының терең, ру басы бабалар тарихымен астасып жатқандығының және олардың ата дәстүрін жалғастырып келе жатқан адамдар екенінің белгісі, дәлелі секілді болып тұрады. “Қара шаңырық” атауы бар үй сол рудың және сол румен қарым-қатынастағы басқалардың да құрмет тұтары, тағзым етері болып саналады. Қара шаңырақ иесі көп жағдайда аты аталып, марапатталып жатады. Шетте жүрген, қонысы басқа сол қара шаңырақ ұрпақтары мен жек-жаттары қара шаңыраққа сәлем бере келіп, арнайы сыбағалар әкеледі. Жасы үлкендері еншілерін алып бөлек үй болып кеткенде әкенің кенжесі

(сүткенжесі) әке қолында қарашаңырақ иесі боп қалады. Ата-ананы күтіп-бағу кенже баланың міндеті.

ЖҰМБАҚТАР

Әлім, шәлім, Екі байдың қызы екі ханым, Төрт жеңгесі бар екен, Қызмет қылған немересі. Буы-буы, буы ұзын, Буынан да қолы ұзын, Аба киік терісі, Алтын қошқар мүйізі.

Жауабы: Бау, құр, екі үзік, төрт туырлық, түндік, кереге, уық, киіз, шаңырақ.

* * *

Бір топ құс бір қалбада арқандаулы, Ол құстың қол-аяғы бәрі баулы. Ішінде бірақ сұңқар, басшысы бар, Болыпты сол сұңқарменен бәрі даулы.

Жауабы: Киіз үй, уық, шаңырақ.

* * *

Өзімді жас қайыңнан кесіп алды, Белімді неше жерден тесіп алды. Жемейді көк түтінмен ертелі-кеш, Шықпаған шыбын жанның несі қалды.

Жауабы: Шаңырақ.

* * *

Әупірім, ала, қара құс, Үсті-басы тарамыс.

Жауабы: Шаңырақ.

* * *

Ұзын-ұзын әулие, Төбесін құрт жеп қойған Тұғыр төбе әулие.

Жауабы: Шаңырақ, уық.

СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Шаңырақ — қасиетті. Шаңырақ — күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші — төрт тарапты білдіреді. Уықтарды күннің шашырандысы деп ұғыңыз.

Ертеректе шаңыраққа үрлеген қарын байлап қоятын болған. Оның мәнісі, құт құйылады деп есептеген.

Шаңырақтың астында ошақ орналасады. Ошақ — адамның оты. Шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, төменде адамның оты лаулайды.

Шаңырақ Қырғызстанның мемлекеттік туында, Қазақстанныңжәне қазақтар тұратын Моңғолия және Баян-Өлгий облысының елтаңбаларында, сондай-ақ 2005 жылғы Қызыл қаласының елтаңбасында бейнеленген.

БҰЛ ЗАМАН БҰЛ ШАҢЫРАҚҚА НЕГЕ ӨШ БОЛДЫ?

Бұл заман бұл шаңыраққа неге өш болды,
Ындыны толмайтын бір өңеш болды.
Отыз жыл ойрандалып келген ордам
Оңалып кете алмайтын емес болды,
Обыр жыл аударыпты атамды аттан,
Қан қасап қақ кеудеден әкемді атқан,
Қытайдың қылғып салар бір шабағын
Жасамақ жауыз сұмдар мен ақымақтан.
Желбеңдеп жел өтінде нем бар еді,
Өжеңдеп өсиетіме кім зар еді?
Қырқылып қылтасынан келген тұқым
Жер басып жүргеніме ділгәр еді...
Зар илеп ел шетінде шешем қалды,

Еңіреп екі бірдей бөпем қалды.
Қажаған қағаз, қалам қай саппастың
Мен талап алдым екен мүкәммалын?
Қиқұлап қисыны жоқ мақтан қуған,
Есердің мен қайсысын тақтан қуғам?
Аузымнан жаздым ба әлде, айтпай кетіп
Шатпағын бір дөкейдің шатқан - буған?
Білмедім бұл жаланың түбі қайдан, -
Қуалап тықпақ жері қызыл ойран.
Жер қазып, ой сапырып, жете алмадым,
Тоқтайын медет сұрап бір құдайдан.

Ә. Кекілбаев

ШАҢЫРАҚ

Киіз үйге кіргенде,
Бәрі басын иеді.
Оның сыры білгенге,
Шаңырақ қой киелі.

Кереге, уық ғажап тым,
Кестелі ою өң береді.
Киіз үйі қазақтың,
Жер шарындай дөңгелек.

Түлеткен сан ұл-қызды,
Киіз үйім – дастаным.
Ай менен Күн, жұлдызды,
Шаңырақ қой аспаным.

С. Әкірамұлы

ОЙЛАҢ, ТАП!

Сөзжұмбақты шеш.

1. Жолаушылар тасымалдайтын әуе көлігі.
2. Қазақстандағы ірі өзендердің бірі.
3. Қансонарда бүркітші шығады
4. Оңтүстік, солтүстік, батыс,
5. «Әрқашан» сөзінің синонимі.
6. «Бекініс» сөзінің синонимі.
7. Қазақта киелі саналатын құстың бірі.

	ш			
	а			
	ң			
	ы			
	р			
	а			
	қ			

ШАШБАУ



Шашбау – қыз-келіншектер шашына тағатын сәндік әшекей бұйым. Қазақ халқы мұндай әйел шашының әр-ажарын аша түсетін, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан қадалған, ызылған бауы бар шашбауды ежелден қолданып келеді. Ертеректе Орта Азия мен Қазақстанды қоныстаған өзбек, тәжік, түркімен, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр халықтарында шашбау міндетті тағымдардың қатарында болған. Шашбау - өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан қадалған ызылған бауы бар сәндік бұйым сәнлік бұйым. Шашбау көбінесе күмістен какталып соғылады да, түрлі-түсті асыл тас орнатылған, моншақ тізілген ұзын күміс шынжырлы баумен немесе қымбат, берік матадан ызылып жасалған алтын, күміс жіптермен өрнектеліп ұшына күміс теңгелерден шұбыртпа зер шашақтармен «сөлкебайлар» тағылады. Бұның шолпыдан өзгешелігі ол бұрыммен қоса өріліп, теңгелері мен күмістері тағымы шаш

ұшына байланады. Сұлулар мен бойжеткендерге арналған халық өлеңдеріндегі «*сылдырап шашбаудың мен алтын сырғаң, көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен*» деген осыдан шыққан.

МЫСАЛДАР

Бұрымда жібек шашбау сыңғырлайды Майысып құйғаншайы
тәтті балдан (Ақұштап Бақтыгереева "Айнамкөз").

Өзіңіз білесіз ғой, қолына не түссе де қыдырма ермелі.
Қазақтар бір кезде осылай атаған шебер жасаған қарағай сандыққа
тоғыта беретін де, кілтін шашбауына байлап, тұмар құсатып
бойынан бір тастамайтын (Әбіш Кекілбаев "Құс қанаты").

Қазан-аяқ жақта табақ жинасып жүрген ұзын бойлы қасты
қайқы ерін егде қатын еңкейгенде алдына түсіп кеткен шашбауын
түзеген боп, артына бұрылып, иығынан асыра төр жаққа бір
қарады(Әбіш Кекілбаев "Елең-алаң").

Апасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын
жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл, жасыл жіппен
кестелейді, тана моншақты қамзолына тағады, уақ күмістен
сылдырмақай шашбау да істейді (Жүсіпбек Аймауытов "Ол күнде").

ЖҰМБАҚ:

Құйын, құйындікі түйін.

Жауабы: Шашбау

ШАШБАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ:



Ауыспалы мағыналары:

Қазақта "Шашбауын көтеру" - деген фраза бар. Орысша : подхалимство.

ШБ көтеру эвфемизм болып келеді де, мағынасы: жағымпаздану, мәймүңкелеу, қандай да бір тұлғаға жақсы көріну үшін әрекет жасау - деген мағынаны береді. Шашбаудың әйелдердің әшекей бұйымы екенін ескерсек қазіргінің "подкаблучник" - деген мысқылының да аналогы болып табылады. Дегенмен, ШБ көтеру жыныс пен жасқа тәуелсіз жағымпазданған адамның қателігін түсіндіру мақсатында қолданыла береді.

Фразаның келіп шығуына, яғни түп-төркініне үңілсек:

Қызбаласы тұрмысқа шыққанда атамқазақ бар әшекеймен әшекейлеп, сәндеп ұзататын болған. Соның ішінде шашқа таққан

бауы да әжептеуір салмақты болса керек, оны көтеруге арнайы бір адамды арнаған. Ал, ол ШБ көтергіштің саяси - әлеуметтік маңызы да, атқаратын маңызды қызметі де болмаған. Шашбау шешілгеннен кейін ешкімге қажеті жоқ...



МЫСАЛДАР

Екі бала алғашқы кезде тәп-тәуір тату ақ болып ойнап жүріп еді , байдың келіні Рақила онысын ұнатпағандай , Қойшықараны жазықсыздан-жазықсыз қарғап-сілеп , қит етсе түсіп , **баласының шашбауын көтеріп** , баласын бірдемеге баулып жүрген сияқты болады (Бейімбет Майлин "Құлманның қойшықарасы").

Олар **биліктегілердің шашбауын көтеріп** , кез келген пікірінашық айта алмай , бас шұлғи беруді білетін басшыларының арқасында ғана өмір сүруде Мемлекет басшысын , Парламент депутаттары мен жергілікті өкілетті органдарды мерзімінен бұрын сайлау тәжірибесінің етек жаюы мемлекеттік құрылыстың басты міні деп есептеймін (Аманхан Әлімұлы "Мемлекет, қоғам мүддесі қашанда да жоғары").

ҚОЛДАНЫЛУЫ

Шашбау омыртқаның мойын-жақ бөлігіндегі бұзылудың алдын алуға көмектеседі. Онымен қоса, вегето-тамыр ауруларының санын азаюға септігін тигізеді.

Шашбаудың басты функциясы–шашқа сән беру немесе оныңсылдыры арқылы назар аударту емес, оны қыз баланың тік тұлғасының қалыптасуына жауапты аксессуар ретінде қарастырған жөн.

Шашбау – бастың өз осінен ауытқымауына қажет құрал. Шашбау салмағының қыз баланың жас ерекшелігіне қарай ауырлап отыруының да себебі – омыртқа қисаюының алдын алуға негізделген.



Шашбаулым

Қона қалған бойыңа
Құндыз бөрік шашбаулым.
Жарқырайды жақұты
Жұлдыз болып мақтаулым, шашбаулым.
Жамылып-ап торқаны,
Тағып алып алқаны,
Жолығайық уәделі
Бір күні келіп мақтаулым, шашбаулым.
Сыңғыр шолпы шашбауың,
Жарасады таққаның.
Осы сәнің тұрғанда,
Қаламаймын басқаны, басқаны.
Үкілерің желбіреп,
Жас жүрегім елжіреп,
Сүйіншілеп жеңгейлер,
Шашбаулы қыз келді деп.

А. Қоразбаев

ОЙЛАҢ, ТАП!

«Шашбау» сөзінің қай мағынада тұрғанын анықтаңыз:

	Тура мағынада	Ауыспалы мағынада
Жүсіпбек Аймауытов "Соның артынан"		
Күнікей шашбауын сылдыратып, шешініп, есікті іліп жантайды .		
Рауан Сәбитұлы "Мажар елінде күй күмбірлеп, ән әуеледі"		
Оркестр сахнаға шығып, жайғасқан соң, алдымен қонақтардың шашбауын көтере келген Сербия Республикасы Парламентінің депутаты Драгомир Карич сөз алып, қонақжайлық мезірет жасады.		
Асқарбек Қазанғап "Еркек әйелболып киінгенде"		
Сегізінші наурыз Алматыда шашбауын көтергендер көшеге шықты .		

Рахманқұл Бердібай "Қазақ эпосы"

Біреуі дінін күткен тақуа сопы Біреуі
зергерлікпен күнін көрген Бұлар
түнде кезекпен ат күзетіскенде біреуі
ағаштан қашап қыз бейнесін
жасайды, екіншісі әлгі мүсінге киім
тігіп кигізеді, үшіншісі қыз үстіне
алтын жүзік, төрт білезік, **шашбау**,
түйме тағады, төртіншісі «құдайдан
тілеп » әлгі қызға жан кіргізеді.

ШЕРТЕР



Шертер – шертіп ойнайтын, домбыраға ұқсас көне музыкалық аспап. Ол шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Бірақ шертердің көлемі домбыраға қарағанда әлдеқайда кіші болып келеді. Шертер аспабы ағаштан ойылып жасалып, шанағы көнмен қапталады. Ішегіне аттың қылы тағылады. Сондықтан сыртқы түрі, ойналуы домбыраға ұқсас болғанымен, жасалуы жағынан қобызға жақын болып келеді. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына және ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты болады.

МЫСАЛДАР

Құрылысы лютняға немесе қазақтың шертіп ойналатын үш ішекті көне аспабы шертерге ұқсас (Б. Сарыбаев «Әл-Фараби және музыка»).

Бұған қарап, шертер домбыраның, қобыздың да арғы тегі емес пе екен деген ой туады (С. Медеубекұлы «Толғауы тоқсан аспаптар»).

Олар шаңқобыз, сыбызғы, сазсырнай, үскірік, шертер, жетіген. Осы аспаптардың оркестрлерде , ансамбльдерде пайдаланылуы өнеріміздің даңқын одан әрі арттыра түсті (Н.Домбай «Шамғали шапағаты»).

ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орталық Азия, Кавказ, Иран халықтарының музыкалық мәдениетіне назар салар болсақ, көптеген аспаптардың атаулары «тар» сөзі арқылы жасалатынын көреміз. Мұндағы «тар» – ішек деген ұғым береді. Түрлі музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажырату үшін олардың алдына сан есімдер қосылып отырған: *ектар – бір ішекті, дутар – екі ішекті, ситар – үш ішекті, чартар – төрт ішекті, пянджтар – бес ішекті, шаштар – алты ішекті*. Бұл шығыс халықтарының музыкалық мәдениетінде тұрақты сипатқа ие болған мәдени- музыкалық құбылыс. Мұндағы *чартар* мен *шертер* сөздерінің сыртқы үндестігі айқын. Ал Иран мәдениетіндегі «*чартар*» төрт ішекті музыкалық аспапты білдірсе, біздегі «*шертер*» үш ішекті аспапқа қатысты болып тұр. Ал, үш ішекті музыкалық аспапқа келгенде шығыс мәдениеті «*ситар*» атауын қолданған. Иран, азербайжан елдері «*чартар*» аспабының этимологиясын оның конструкциясымен байланыстырса, біздегі атау семантикалық мағынаға жүгініп тұр. Ғалымдар мұны шығысқа мәлім көне терминді үндестігіне қарап қазақ тіліне бейімдеу деп, ғылыми негіздің жоқ екенін айтады.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ

Шертер аспабы ағаштан ойылып, шанағы ешкі терісімен қапталған. Ішектердің бір басы бұрандаға, бірі басқы жағына бекітіледі. Аспап ұзындығы 65-70 см-ден аспайды.

Шертер аспабында ойнау тәсілі домбыра тартуға ұқсайды. Дыбыс күші қапталған тері мен ішектердің қалыңдығына байланысты. Бастапқы кезде аспапта перне болмаған. Көп ұзамай перне орнатылып, аспаптың



беткі жағы біраз өзгеріске ұшыраған. Шертер көбінесе ән-жыр, дастандарды қостауға арналған, бақташылар арасында кең таралған аспап. Қариялардың әңгімелеріне қарағанда шертердің құрылысы мен формасы негізінде домбыраға ұқсас болған, мойыны

қысқа, қыл ішек тағылған, үлкендігі қобыздай. Аспаптың шанағы жартылай көң терімен қапталған, сондықтан да дыбысы қоңыр да жағымды. Аспапта үш ішекті домбыраның күйлері еркін ойналады.

Ертеректе қазақ халқының тұрмысында шертер аспабы болған деген мәліметтер XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген орыс этнографтарының еңбектерінде көрсетілген. Бұл аспап көрінісі жөнінен қарапайым. Ертеде шертердің мойыны имектеу, басында шайтан тиегі жоқ ойық болып келген. Аспаптың «шертер» аталуы өзінің аты айтып тұрғандай «шертіп ойнау» деген ойнау әдісінен алынуы мүмкін.



ЖҰМБАҚТАР

Айтайын мен ертегімді,
Сен жәй ойна ...

Жауабы: Шертеріңді

ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Шертер домбыраға қарағанда жасалуы жағынан қарапайым болған. Ескі домбыралардың кейбір бөлшектері шертерге ұқсас келеді. Шертерде

күй ойналуымен қатар түрлі жанрдағы шығармалар да орындалады. Жетілдірілген шертер аспабында күрделі шығармалар ойналатындықтан аспапқа ескіше қыл ішек тағылмай, арнайы капрон ішек тағылады, шығарма ойнағанда арнайы медиатор (оймақ) қолданылады.

Шертерді дамыту, жетілдіру барысында көптеген іс шаралар жасалып келеді. Бүгінгі күні шертер аспабы қазақтың ұлттық аспабы ретінде кең қолданысқа ие болып келеді. Шертерде қазіргі кезде домбыра күйлерімен қатар, шетел классиктерінің шығармалары, өз еліміздің классиктерінің шығармалары орындалады.



ОЙЛАН, ТАП!

Берілген кестені толтыр.

Аспаптар	Атауы	Түрі
		
		
		

ШОЛПЫ



Шолпы – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады. Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатылады. Төменгі үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген бірнеше салпыншақ тағылады. Ол баулары арқылы бұрымға қоса өріледі. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жеткен. Шолпы жас қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған.

МЫСАЛДАР

Гүлсімнің шолпысы да қағып сылдыр Ақынға әлдеқандай айтады сыр (Әбділда Тәжібаев "Ашықтар").

Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын (Абай Құнанбайұлы "Білектей арқасында өрген бұрым").

Маужыратып көл құсын Байқал деп ән шырқатқан, Тағып Шолпан шолпысын, Қыз да шықты бір жақтан (Қасым Аманжолов "Байқал").

Жарқылдатып шолпысын, Қыз шақырды, бармадым (Қасым Аманжолов "Байқал").

Шолпым менің. Қызыққа енді шолпамын
(Мұқағали Мақатаев "Біздің үйге көктем келді, қыз келді")

МАҚАЛ- МӨТЕЛДЕР

Жуан бұрымды — жеңді білектей,
Қос бұрымды тау басынан құлаған бұлақтай.

* * *

Сылдырлатсаң тиынды, жоғалтарсың сыйыңды.

ШОЛПЫ СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ:

А) «Шолпы» деген ұғым балықтың судағы секіріп ойнағанынан шыққан болуы керек. Судың бетін жел қозғап, толқындар жағаны ұрып жатса, оны да «шолпу» деген екен. Сол себепті ұсақ тиындар мен теңгелер қыз қозғалғанда, қозғалысқа келгенде сыңғырлап дыбыс береді екен.

Ә) Шолпы –шол деген сөзден, яғни етістіктен жасалды деуге де дәйек бар. Шол →Шолу–алыстанбайқау, бағдарлау.

Ертеде жігіттер алыстан келе жатқан бойжеткенді шолпысының сылдырынан таныған, яғни сол бір нәзік дыбыстан сыртта жүрген қыздардың жүріс-тұрысын іште отырып байқап, бағдарлап отырған.

Ол шолп деген дыбыстық бейнелеуіш сөзден де шығуы мүмкін. Шолп – бір нәрсенің биіктен не алыстан суға түскендегі дыбысы (Шолп етті). Сөздің соңындағы «ы» дыбысы – шолп деген етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.

ТҮРЛЕРІ:



ҚЫЗМЕТІ:

А) Балауса қыздың жүрісін, қимылын, әдептілігін қалыптастыру үшін қоңыраулы шолпыны көбірек қолданған. Астарына үңілсек,

қоңыраулы шолпыны таққан қыздар далада жүргенде, қатты күлсе, жүгірсе, шолпы сыңғырлап, дабыл қаққан. Бұл – бір.



Ә) Шолпының әуеніне байланысты ырғақты қозғалысты сезініп, аяғын аңдап басып, қалқып жүруге дағдыланған. Қазіргі тілмен айтқанда, дефиле – көрікті әсем бой түзеуді, түзу сәнді жүруді арнайы үйрететін сәнгерлер мектебінің рөлін атқарған.

Б) Қазір медицинада күмістің ауру тудыратын элементтерді жойып, ағзаға зиянды токсиндар мен микробтарды шығарып, бактерияның 650 түріне қарсылық көрсете алуымен бірге шашқа тағылған күміс теңгелер белге түсіп әйел затының өмірге дені сау ұрпақ әкелу үшін аса пайдалы екенін, дәлелдеп отыр.

В) Шашбаудың ауыр салмағы басты ауыртпайтын, емдік қасиетке ие. Бұрындары ата-бабамыз шашбау шаш арасындағы жын-шайтанды қашырады, сонымен қатар көшіпқону кезінде далаға түнеп қалған уақытта күмістен жасалған әшекей бұйымдарға құрт- құмырсқа, қара құрт, жылан, т.б зиянкестер жоламайды – деп білген.



ШОЛПЫҒА ҰҚСАС ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНЫҢ ӘШЕКЕЙІ:



Қырғыз халқының жас әйелдері **чач мончок** деп аталатын, өрімдеріне тоқылған-бір өзек сымына бекітілген, темірлер шоғырынан тұратын әшекейі; ұштарында кішкентай түсті моншақтары бар қара немесе түрлі-түсті жібек жіптерден тұрады. Өрімдер санатына әшекейлеу **чач попик (чач уштук)** кіреді. Ол өрімнің ең танымал түрі; оның негізі күміс жіптер мен ұшында қылшықтары бар қарабау болды. Ересек жастағы әйелдер қара жібектен тоқылған, бір немесе екі қылшықпен аяқталатын суйсалтаққан. Олар бірнеше бөліктерді бір байламға бекітіп, түйме арқылы өрілген өрімдерге бекітілді.



ШОЛПЫ

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық - шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді,
Сұлу қыз санадан солғыр.
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Жүректі тандырар құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Есімнен аударды құрғыр...
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным - ай, жақында, қол бер!

М. Жұмабаев.

ОЙЛАН, ТАП!

Ребусты шешіп, жауабын жаз.

• / /



/ • •



• • / / /



Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдығалиева Б. Бытовая лексика казахского языка. – Алматы: Ғылым, 2004. – 189 б.
2. Арғынбаев. Х.А. Қазақ халқының қолөнері. А., 1987.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2010.
4. Ибадуллаева З.Ө. Қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 166 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.
6. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь", 1997.- 368 б.
7. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.
8. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. <https://qazcorpus.kz/>
9. Қазақстанның ұлттық Казынасы порталы. <http://kk.sacralkazakhstan.kz/>
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.
11. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Алматы: Сардар, 2013. – 724 б.
12. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2014. – 728 б.
13. Қасиманов Қ. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 245 б.
14. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
15. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. - Алматы: Арыс, 2004. - 232б.
16. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. А., 1977.
17. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары. 2-том: Дәстүрлер мен инновациялар: көрме каталогы/ редактор А.Оңғарұлы. Құрастырушылар: Р. Дәрменов, Б. Хасенова, Ә. Нұсқабай, С. Есенов. - Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттықмузейі, 2018. – 351 б.

18. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.- Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966.- 240 б.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Адалбақан	5
Алқа	10
Асатаяқ	18
Белдік	22
Бесік	30
Білезік	39
Дабыл	47
Дауылпаз	54
Домбыра	61
Ер-тұрман	67
Жетіген	74
Жүген	80
Кесе	88
Киіз үй	93
Күбі	100
Қазан	106
Қасық	113
Қобыз	118
Қоржын	124
Құйысқан	131
Құман	137
Құрт	143
Ожау	150
Ошақ	154
Өмілдірік	162
Пышақ	168
Сазсырнай	175
Сақина	180
Сандық	190
Сырға	202

Табақ	209
Тақия	214
Тартпа	221
Тебінгі	225
Тоқым	228
Торсық	234
Тұмар	239
Үзеңгі	245
Шаңқобыз	254
Шашбау	270
Шертер	278
Шолпы	281

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВО-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

Қаріп түрі «Times New Roman»

«Таңбалы» баспасы.
Астана қаласы, 2023 жыл.